◈ *ЖАҢА АЙДАР: Қазақ хандығы – 550: жаңаша көзқарас*



Қажет АНДАС
andas_kazhet@mail.ru

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі 20 жылдан астам уақыт ішінде еліміз бірнеше жиырма жылдарға тұрарлықтай кезеңді басынан өткеріп, адам танымастай өзгерді деуге болады. Ол өзгерістер қоғамдық қатынастардан бастап, әлеуметтік өмірдің барлық саласын қамтыды. Тәуелсіз елдің жаңа, жас буыны өсіп-жетіліп, олардың өздері ел ішіндегі қайнаған қызу өмір мен үдемелі үдерістерге белсене араласа бастады. Отандық тарих ғылымы да осы жылдары сандық жағынан да, сапалық жағынан да анағұрлым жоғары көтерілді. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуына байланысты отандық тарих ғылымы да идеологиялық шырмаудан құтылып, сол тарихты жасаған халықтың өзіне қызмет етуге бет бұрды. Соның нәтижесінде біз өткен тарихымыздағы кейбір ақтаңдақтарды айқындауға көштік.



ХАНДЫҚ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ алғышарты

Әрине, шетел асып, ондағы шаң басқан көне архивтерді ақтарыстырып, аңыз бен ақиқаты араласып жүрген дәуірлердің шындығына бойлап: «Мынау сенің халқыңның мемлекеттігі», – деп тайға таңба басқандай нақтылап беру – біраз жылдың еншісіндегі шаруа. Десек те, тәуелсіздік жылдары осы ақтаңдаққа нүкте қою үшін біраз шаруа атқарылды. Сол қатарда, Елбасы Жарлығымен 1998 жыл «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жыл «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының жылы», – деп жарияланып, көптеген мұрамыз түгенделіп, жоғымыз табылды. Өткен жылы Елбасының бастамасымен «Халық тарих толқынында» айдарымен тарихшы ғалымдардың біраз еңбектері ел назарына ұсынылды. Бірақ осы қадамдар біздің тұтас тарихымызды толығымен түгендеп бере алған жоқ. Ал қой жылы осы барыстағы біраз жұмыстың басы қайырылып, шешусіз сұрақтардың жауабы табылып, ұрпақ жадында сақталған салиқалы ойдың қайта жаңғырар тұсы болатын сияқты. Себебі, Елбасының Жолдауында 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы кең ауқымда тойланатыны тайға таңба басқандай көрсетілді. Демек, осы жылы төл тарихымыздың беймәлім болып келген тұстары өскелең ұрпақтың назарына ұсынылып, олардың елжандылығы мен отансүйгіштігіне жол салады деген ойдамыз.

Расында, Еуразияның ен даласын еншілеген көкжал көшпенділер дүниені талай дүр сілкіндіріп еді. Айбынынан ай жасырынған қаһарлы ғұндар батыстың бозамық таңын қылша шауып, құлдық дәуірдің қабырғасын қақыратып, құр сүлдерін қалдырды. Үйсіндер Күншығыста айдаһар айдарлы қытай қауымын тықсыртып, өзіне тәу еткізді. Қыпшақтар славяндарды сарсаңға салып, сергелдеңге түсірді. Сол сірі сана сонау Тарғытай Афрасиябтан (Алып Ер Тұңға) Иданбарыс патша мен Тұмар патшайымға, одан Мөде тәнірқұтынан Елжау күнбиге, Еділ патшадан Күлтегін мен Білге қағанға, одан Тоныкөктен Майқы бабама, одан сахара сұлтандары мен Керей, Жәнібек бектерге, одан Абылай сынды ақиыққа, соңғы көкжал Кенесарыға дейінгі көктүрік қанынан ұйыған батырлықтың желісі үзілмей бүгінгімен сабақтасты.

Мың өліп, мың тірілген халық болсақ та, тарихымызды осындай өрлікпен өрген, намысымызды жатқа, жігерімізді дұшпанға таптатпаған халықтың ұрпағымыз. Осыншама ұлан-ғайыр далаға ие болып қалғанымыздың себебі де осында. Қазіргі таңда қазақ мемлекеттігі туралы сан түрлі пікір айтылып жүр. Бір қатар ғалымдар қазақ мемлекеттігінің тарихын бірнеше мың жылға созып, дәлелдеуге тырысса, ал әлеуметтік желілерде: «Қазақта мемлекет болмаған» деген пікір де кейде ду ете қалады.

Шындығында, Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағында ежелден бері жалғасып келе жатқан этникалық процестің мәдени, рухани, әлеуметтік дамудың заңды қорытындысы болып табылады. Сондай-ақ, қазақ халқының құрылуының Еуразия тарихында алатын тарихи маңызы ерекше. Дей тұрсақ та, қазақ хандығының құрылу мәселесі әлі күнге дейін отандық тарих ғылымында толық шешілген мәселелер қатарына жатпайды. Тіпті бұл ауқымда тақырыптың жекелеген тұстары мен сұрақтары жөнінде қарама-қайшылықты, дау-дамайлы әртүрлі пікірлер болса, ал кейбір мәселелері әлі күнге дейін тарихшылардың назарына ілінбей, күн тәртібіне қойылмай отыр. Соның бірі – Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары, яғни, Керей мен Жәнібек хандардың қос өзен аңғарына келуіндегі түсініксіз тұстар. Бұл жағдаятта сол жайға тоқталмақпыз.

Қазіргі тарихшылар «Тарихи-Рашиди» кітабындағы айтылған пікірге жүгініп, Шу мен Талас өзенінің аңғарын Керей мен Жәнібек сұлтанға Есенбұға хан сыйға тартқан деп есептейді де, олардың қос өзеннің аңғарына көшіп келуін Қазақ хандығының құрылуының алғышарты ретінде қарастырып жүр. Әрине, Керей мен Жәнібектің Қазақ хандығының іргесін қалағанын жоққа шығармаймыз. Бірақ Есенбұға ханның қос өзеннің аңғарын аталған екі сұлтанға сыйға беруімен Қазақ хандығы тарихи сахнаға көтерілді деген Махмұт Хайдар Дулатидің пікіріне толық келісуге болмайды. Оның айтуынша, Керей мен Жәнібектің аталары Орыс, Барақ сұлтандар Алтын Орда мемлекетіндегі беделді адамдар болса да, Алтын Орданы билеп тұрған Шәйбани әулетінің мұрагерлеріне қарағанда олардың рутайпалар арасындағы ықпалы төмен болды. Осыдан барып туындаған билікке талас аталас туыстар арасындағы алшақтықты кеңейте түсті. Сондықтан Керей мен Жәнібек Моғұлстан билеушісі Есенбұғаның қол астына қарап, төніп тұрған қайшылықтан бастарын арашалауға ұмтылды. Ал Есенбұға Жетісу өлкесіне қауіп төндірген Ойрат тайпаларына, Өзбек ұлысына тосқауыл қою және інісі Жүніс ханның мысын басу үшін Керей мен Жәнібек сұлтанға Шу мен Талас өзені бойын бөліп беріп, оларға қарасты халықтың қоныстануына мүмкіндік туғызды. Қазақ хандығы осылай құрылды дейді. Әрине, бұл жерде Мұхамет Хайдар Дулатидің де Моғұлстан билеушілерінің жақтасы екенін ескерсек, ол сол тұстағы тарихи шындықты өз жақтастарының беделін асыру мақсатында баяндағанын да жоққа шығара алмаймыз. Яғни, біздің ойымызша, Қазақ хандығы құрылуының алғышарттары Керей мен Жәнібек сұлтандардың қос өзен аңғарына келуден бұрын жарыққа шыққан, қалыптасқан.

Былайша айтқанда, сол жылдары Қазақ хандығының құрылуының басты себебі – Есенбұғаның кеңпейілділігінен емес, сол кездегі қалыптасқан халықаралық қатынастардың нәтижесі болып табылады. Айтпақшы, XV ғасырдағы Батыс Еуропа елдеріндегі ішкі сауда қатынасының дамуы, сауда өнеркәсібінің өркендеуі күре жолдардың тиімсіздігін айқындап, арзан теңіз жолдарын ашу міндетін күн тәртібіне шығарды. Соның нәтижесінде жаңкешті жиһанкездер Еуропадан Азияға, Америка құрлығына шығатын теңіз жолдарын ашты. Енді, кезіндегі керуен тартып, айды айға жалғап, азапты күнді бастан кешіріп, жанын шүберекке түйіп, байлық үшін жанталасқан көпестер қатерлі болса да, сауда-саттыққа тиімді теңіз жолымен көрші құрлықтарға жол тартты. Осының салдарынан Жібек жолының бойындағы сауда нүктелері жабылып, азуын айға білеген Алтын Орда ыдырап, Қазақстан аумағының шекаралық аймақтарында Ақ орда, Көк орда, Батыс Сібір хандығы, Ноғай ордасы, Моғұлстан мемлекеті сияқты ұсақ мемлекеттер қалыптаса бастады. Былай қарағанда, олардың далалық кеңістікті қамтыған ішкі территориясы ашық болды. Алайда, бұл жерде де ел болды, көшпелі халық өмір сүрді. Осы тұста мемлекеттік биліктің ықпалынан тысқары шығуға ұмтылған белгілі топтар қалыптасып, көшпелі менталитетке ие топтардың қатары көбейіп, олар бірлесіп өмір сүруге көшті. Бұған Махмұт-Хайдар Дулатидің «Тарихи – Рашиди» атты еңбегінде: «Мен де бір мезгіл қазақы ғұмыр кештім», – деп жазғанын дәлел ретінде келтіруге болады. Осыдан-ақ, сол кездегі «Қазақы өмір кешу» деген ұғымның – еркін, бейбіт, биліктің ықпалынсыз өмір сүру деген мағына беретіндігін білуге болады.

Ал мемлекеттік құрылымдар тұрғысынан қарастырсақ, қазақ этносының пайда болуы, қалыптасуы, қазақтықтың күшеюі, мемлекеттен тысқары тұратын әлеуметтік топтардың (ру, тайпалар) көбеюі олардың тіршілігіне қолайлы өңірлерге қарай ауа көшуіне түрткі болды. Яғни, көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатын этникалық топтар ең алдымен қар аз жауатын, суы мол, жазды күнгі тасқыннан кейін көк шөп қаулап өсетін өңірлерді ізделі, солай қарай қоныстана бастады. Осы тұста ұзындығы 1200 шақырым жерге жететін, ал көктемгі су тасыған мезетте қазіргі Мойынқұм мен Бетбақ даланың арасындағы 20-30 шақырымға дейінгі алапқа жайылып ағатын Шу мен Талас өзендерінің алқабы сол халықтың еркін өмір сүруіне мүмкіндік берді. Соған орай, жоғарыда айтып өткен қазақы өмірге бейім тайпалар осы өңірге жан-жақтан көшіп келіп, қоныстана бастады. Міне, осы әлеуметтік жағдайлар ел арасындағы саяси қайшылықтарды туындата бастады. Өйткені қазақта шешілмейтін екі дау бар. Оның бірі – жер дауы, екіншісі – жесір дауы. Ал ру мен ру, тайпа мен тайпа арасындағы туындаған келеңсіздікті дәл уақытында реттеп отырмаса мәселе ушығып кетуі әбден мүмкін. Жеңілжелпі дау-шарлар билер мен ру басыларының араласуымен шешілгенімен, кейбір күрделі мәселелерді шешуге олардың қуаты жетпеді. Осы тұста елді бір орталыққа бағындыратын билікке деген қажеттілік туындады. Қазақ халқында тарихтан бері жалғасқан ханды қарадан сайламайтын бұлжымас заңдылық бар. Қос өзен аңғарындағы еркіндікке ұмтылған елдің таңдауы Алтын Ордадан орын тимеген, Моғұлстаннан тыныштық таппаған, бірақ елді ержүректілікпен бастап, айналасындағы анталаған жаудан сақтай алатын баһадүрлерді іздеп бастады. Таңдау Керей мен Жәнібек сұлтанға түсті. Олар тарих сахнасына осылай шықты.

Қос өзеннің аңғарындағы қазақы өмір сүретін тайпалардың қалауымен билік тізгінін қолына алып, жаңа хандықтың іргесін қалаған Керей мен Жәнібек алдымен ішкі сауда қатынасын дамытуға белсене кірісті. Ол үшін Сыр өзені бойындағы сауда жолын ашуға, ол жердегі елді мекендерге бақылау орнатуға ұмтылды. Сол үшін «Ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен» талай-талай қанды жорықтар жасады. Былайша айтқанда, Қазақ хандығы құрылғаннан жоғалғанға дейінгі күрес жолы осылай өрбіді. Сол мұратты әз-Жәнібек, Қасым, Есім, Хақназар, Тәуке, Жәңгір, Әбілхайыр, Абылай хандар батыл жалғастырып, ел іргесінің мейлінше кеңеюіне көп тер төксе, Бүйдаш, Мамаш, Тақыр сияқты хандар өз билігін толығымен меңгере алмады.

Жоғарыда біз қарастырған мәселе Қазақ хандығы құрылуының алғышарттарына жатады. Жалпы, осы түйінді тереңдей зерттемей, оларды толық меңгермесек, Қазақ хандығының құрылуы туралы ой-пікірдің де нәтижесі анық болмайды. Сондықтан да, Қазақ хандығының құрылу процесі, мәселесі қандай маңызды болса, оның алғышарттары да сондай маңызды деп есептейміз. Бұл біздің пікір. Ал, сіз қалай ойлайсыз?

◈ *Тақырыпқа орай*

ТАНЫМДЫҚ КЕШ

Елбасы Н. НАЗАРБАЕВ биыл жылы Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойының республика көлемінде атап өтілетіндігін мәлімдеді. Осыған орай Іле ауданының әкімі Қыдыркелді Медеуовтің тікелей басшылық етуімен тарихи кезеңге арналған іс-шаралар басталып та кетті.

Оған Әуғар Молдабеков атындағы №6 орта мектепте «Бес ғасыр шежіресі» атты тарихи-танымдық кештің өтуі дәлел. Аталмыш шараға ақсақалдар алқасының төрағасы Әмзе Исаев, философия ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Сәбит, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бақдәулет Берлібаев, білім бөлімінің басшысы Ләззат Каткеева, аудандық кітапхана меңгерушісі Мейрамгүл Жәбиева қатысты.

Тарихи-танымдық кеш үш бөлімді қамтыды. Бірінші бөлімде «Бес ғасыр шежіресінен» театрландырылған көрініс көрсетілді. Қазақтың қасиетті қара шаңырағын көтерген Керей мен Жәнібек, әрбір ұрпақ қадаған хандар өмірінен көрініспен берілген тарихи дерек шебер сомдалып, жан дүниемізді толқытты. Оған үлес қосқан мектеп ұстаздары мен оқушылардың актерлік шеберлігіне, көйлеу мәдениетіне тәнті болдық.

Екінші бөлімде үстел басына жайғасқан бес топ тарихы терең бес ғасырдан сыр ақтарды. Оқушылардың көздерінен ұшқын, жүректерінен Отанға, еліне, өткен тарихына деген сүйіспеншілік алауын көрдік. Жаныңыз жылып, жүрегімізге мақтаныш ұялады. Әрбір топ әр ғасырдан сыр шертіп, арасында халқымыздың атақты жырауларының термелері орындалып отырды. Термешілердің орындау шеберлігі де көңіл қуантып, жан сүйсіндірді.

Соңғы қорытынды бөлімде келген қонақтар сөз сөйлеп, кештен алған әсерімен бөлісті. Мектеп директоры А. Ноғайбаеваның басшылығымен ұйымдастырылған іс-шара өте жоғары деңгейде өтіп, оған атсалысқан ұстаздар қауымына, оқушыларға үлкен алғыс айтылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.
Іле ауданы.



Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген...

Ж. МОЛДАҒАЛИЕВ.

◈ *ЖАҢА АЙДАР: Қазақ хандығы – 550: жаңаша көзқарас*



Қажет АНДАС
andas_kazhet@mail.ru

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бергі 20 жылдан астам уақыт ішінде еліміз бірнеше жиырма жылдарға тұрарлықтай кезеңді басынан өткеріп, адам танымастай өзгерді деуге болады. Ол өзгерістер қоғамдық қатынастардан бастап, әлеуметтік өмірдің барлық саласын қамтыды. Тәуелсіз елдің жаңа, жас буыны өсіп-жетіліп, олардың өздері ел ішіндегі қайнаған қызу өмір мен үдемелі үдерістерге белсене араласа бастады. Отандық тарих ғылымы да осы жылдары сандық жағынан да, сапалық жағынан да анағұрлым жоғары көтерілді. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуына байланысты отандық тарих ғылымы да идеологиялық шырмаудан құтылып, сол тарихты жасаған халықтың өзіне қызмет етуге бет бұрды. Соның нәтижесінде біз өткен тарихымыздағы кейбір ақтаңдақтарды айқындауға көштік.



ХАНДЫҚ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ алғышарты

Әрине, шетел асып, оңдағы шаң басқан көне архивтерді ақтарыстырып, аңыз бен ақиқаты араласып жүрген дәуірлердің шындығына бойлап: «Мынау сенің халқыңның мемлекеттігі», – деп тайға таңба басқандай нақтылап беру – біраз жылдың еншісіндегі шаруа. Десек те, тәуелсіздік жылдары осы ақтаңдаққа нүкте қою үшін біраз шаруа атқарылды. Сол қатарда, Елбасы Жарлығымен 1998 жыл «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы», 1999 жыл «Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының жылы», – деп жарияланып, көптеген мұрамыз түгенделіп, жоғымыз табылды. Өткен жылы Елбасының бастамасымен «Халық тарих толқынында» айдарымен тарихшы ғалымдардың біраз еңбектері ел назарына ұсынылды. Бірақ осы қадамдар біздің тұтас тарихымызды толығымен түгендеп бере алған жоқ. Ал қой жылы осы барыстағы біраз жұмыстың басы қайырылып, шешусіз сұрақтардың жауабы табылып, ұрпақ жадында сақталған салиқалы ойдың қайта жаңғырар тұсы болатын сияқты. Себебі, Елбасының Жолдауында 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы кең ауқымда тойланатыны тайға таңба басқандай көрсетілді. Демек, осы жылы төл тарихымыздың беймәлім болып келген тұстары өскелең ұрпақтың назарына ұсынылып, олардың елжандылығы мен отансүйгіштігіне жол салады деген ойдамыз.

Расында, Еуразияның ен даласын еншілеген көкжал көшпенділер дүниені талай дүр сілкіндіріп еді. Айбынынан ай жасырынған қаһарлы ғұндар батыстың бозамық таңын қылша шауып, құлдық дәуірдің қабырғасын қақыратып, құр сүлдерін қалдырды. Үйсіндер Күншығыста айдаһар айдарлы қытай қауымын тықсыртып, өзіне тәуетқізді. Қыпшақтар славяндарды сарсаңға салып, сергелдеңге түсірді. Сол сірі сана сонау Тарғытай Афрасиябтан (Алып Ер Тұңға) Иданбарыс патша мен Тұмар патшайымға, одан Мөде тәңірқұтынан Елжау күнбиге, Еділ патшадан Күлтегін мен Білге қағанға, одан Тоныкөктен Майқы бабама, одан сахара сұлтандары мен Керей, Жәнібек бектерге, одан Абылай сынды ақиыққа, соңғы көкжал Кенесарыға дейінгі көктүрік қанынан ұйыған батырлықтың желісі үзілмей бүгінгімен сабақтасты.

Мың өліп, мың тірілген халық болсақ та, тарихымызды осындай өрлікпен өрген, намысымызды жатқа, жігерімізді дұшпанға таптатпаған халықтың ұрпағымыз. Осыншама ұлан-ғайыр далаға ие болып қалғанымыздың себебі де осында. Қазіргі таңда қазақ мемлекеттігі туралы сан түрлі пікір айтылып жүр. Бір қатар ғалымдар қазақ мемлекеттігінің тарихын бірнеше мың жылға созып, дәлелдеуге тырысса, ал әлеуметтік желілерде: «Қазақта мемлекет болмаған» деген пікір де кейде ду ете қалады.

Шындығында, Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағында ежелден бері жалғасып келе жатқан этникалық процестің мәдени, рухани, әлеуметтік дамудың заңды қорытындысы болып табылады. Сондай-ақ, қазақ халқының құрылуының Еуразия тарихында алатын тарихи маңызы ерекше. Дей тұрсақ та, қазақ хандығының құрылу мәселесі әлі күнге дейін отандық тарих ғылымында толық шешілген мәселелер қатарына жатпайды. Тіпті бұл ауқымда тақырыптың жекелеген тұстары мен сұрақтары жөнінде қарама-қайшылықты, дау-дамайлы әртүрлі пікірлер болса, ал кейбір мәселелері әлі күнге дейін тарихшылардың назарына ілінбей, күн тәртібіне қойылмай отыр. Соның бірі – Қазақ хандығының құрылуының алғышарттары, яғни, Керей мен Жәнібек хандардың қос өзен аңғарына келуіндегі түсініксіз тұстар. Бұл жазбамызда сол жайға тоқталмақпыз.

Қазіргі тарихшылар «Тарихи-Рашиди» кітабындағы айтылған пікірге жүгініп, Шу мен Талас өзенінің аңғарын Керей мен Жәнібек сұлтанға Есенбұға хан сыйға тартқан деп есептейді де, олардың қос өзеннің аңғарына көшіп келуін Қазақ хандығының құрылуының алғышарты ретінде қарастырып жүр. Әрине, Керей мен Жәнібектің Қазақ хандығының іргесін қалағанын жоққа шығармаймыз. Бірақ Есенбұға ханның қос өзеннің аңғарын аталған екі сұлтанға сыйға беруімен Қазақ хандығы тарихи сахнаға көтерілді деген Махмұт Хайдар Дулатидің пікіріне толық келісуге болмайды. Оның айтуынша, Керей мен Жәнібектің аталары Орыс, Барақ сұлтандар Алтын Орда мемлекетіндегі беделді адамдар болса да, Алтын Орданы билеп тұрған Шәйбани әулетінің мұрагерлеріне қарағанда олардың рутайпалар арасындағы ықпалы төмен болды. Осыдан барып туындаған билікке талас аталас туыстар арасындағы алшақтықты кеңейте түсті. Сондықтан Керей мен Жәнібек Моғұлстан билеушісі Есенбұғаның қол астына қарап, төніп тұрған қайшылықтан бастарын арашалауға ұмтылды. Ал Есенбұға Жетісу өлкесіне қауіп төндірген Ойрат тайпаларына, Өзбек ұлысына тосқауыл қою және інісі Жүніс ханның мысын басу үшін Керей мен Жәнібек сұлтанға Шу мен Талас өзені бойын бөліп беріп, оларға қарасты халықтың қоныстануына мүмкіндік туғызды. Қазақ хандығы осылай құрылды дейді. Әрине, бұл жерде Мұхамет Хайдар Дулатидің де Моғұлстан билеушілерінің жақтасы екенін ескерсек, ол сол тұстағы тарихи шындықты өз жақтастарының беделін асыру мақсатында баяндағанын да жоққа шығара алмаймыз. Яғни, біздің ойымызша, Қазақ хандығы құрылуының алғышарттары Керей мен Жәнібек сұлтандардың қос өзен аңғарына келуден бұрын жарыққа шыққан, қалыптасқан.

Былайша айтқанда, сол жылдары Қазақ хандығының құрылуының басты себебі – Есенбұғаның кеңпейілділігінен емес, сол кездегі қалыптасқан халықаралық қатынастардың нәтижесі болып табылады. Айтпақшы, XV ғасырдағы Батыс Еуропа елдеріндегі ішкі сауда қатынасының дамуы, сауда өнеркәсібінің өркендеуі күре жолдардың тиімсіздігін айқындап, арзан теңіз жолдарын ашу міндетін күн тәртібіне шығарды. Соның нәтижесінде жанкешті жиһанкездер Еуропадан Азияға, Америка құрлығына шығатын теңіз жолдарын ашты. Енді, кезіндегі керуен тартып, айды айға жалғап, азапты күнді бастан кешіріп, жанын шүберекке түйіп, байлық үшін жанталасқан көпестер қатерлі болса да, сауда-саттыққа тиімді теңіз жолымен көрші құрлықтарға жол тартты. Осының салдарынан Жібек жолының бойындағы сауда нүктелері жабылып, азуын айға білеген Алтын Орда ыдырап, Қазақстан аумағының шекаралық аймақтарында Ақ орда, Көк орда, Батыс Сібір хандығы, Ноғай ордасы, Моғұлстан мемлекеті сияқты ұсақ мемлекеттер қалыптаса бастады. Былай қарағанда, олардың далалық кеңістікті қамтыған ішкі территориясы ашық болды. Алайда, бұл жерде де ел болды, көшпелі халық өмір сүрді. Осы тұста мемлекеттік биліктің ықпалынан тысқары шығуға ұмтылған белгілі топтар қалыптасып, көшпелі менталитетке ие топтардың қатары көбейіп, олар бірлесіп өмір сүруге көшті. Бұған Махмұт-Хайдар Дулатидің «Тарихи – Рашиди» атты еңбегінде: «Мен де бір мезгіл қазақы ғұмыр кештім», – деп жазғанын дәлел ретінде келтіруге болады. Осыдан-ақ, сол кездегі «Қазақы өмір кешу» деген ұғымның – еркін, бейбіт, биліктің ықпалынсыз өмір сүру деген мағына беретіндігін білуге болады.

Ал мемлекеттік құрылымдар тұрғысынан қарастырсақ, қазақ этносының пайда болуы, қалыптасуы, қазақтықтың күшеюі, мемлекеттен тысқары тұратын әлеуметтік топтардың (ру, тайпалар) көбеюі олардың тіршілігіне қолайлы өңірлерге қарай ауа көшуіне түрткі болды. Яғни, көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданатын этникалық топтар ең алдымен қар аз жауатын, суы мол, жазды күнгі тасқыннан кейін көк шөп қаулап өсетін өңірлерді іздеп, солай қарай қоныстана бастады. Осы тұста ұзындығы 1200 шақырым жерге жететін, ал көктемгі су тасыған мезетте қазіргі Мойынқұм мен Бетбақ даланың арасындағы 20-30 шақырымға дейінгі алапқа жайылып ағатын Шу мен Талас өзендерінің алқабы сол халықтың еркін өмір сүруіне мүмкіндік берді. Соған орай, жоғарыда айтып өткен қазақы өмірге бейім тайпалар осы өңірге жан-жақтан көшіп келіп, қоныстана бастады. Міне, осы әлеуметтік жағдайлар ел арасындағы саяси қайшылықтарды туындата бастады. Өйткені қазақта шешілмейтін екі дау бар. Оның бірі – жер дауы, екіншісі – жесір дауы. Ал ру мен ру, тайпа мен тайпа арасындағы туындаған келеңсіздікті дәл уақытында реттеп отырмаса мәселе ушығып кетуі әбден мүмкін. Жеңілжелпі дау-шарлар билер мен ру басыларының араласуымен шешілгенімен, кейбір күрделі мәселелерді шешуге олардың қуаты жетпеді. Осы тұста елді бір орталыққа бағындыратын билікке деген қажеттілік туындады. Қазақ халқында тарихтан бері жалғасқан ханды қарадан сайламайтын бұлжымас заңдылық бар. Қос өзен аңғарындағы еркіндікке ұмтылған елдің таңдауы Алтын Ордадан орын тимеген, Моғұлстаннан тыныштық таппаған, бірақ елді ержүректілікпен бастап, айналасындағы анталаған жаудан сақтай алатын баһадүрлерді іздей бастады. Таңдау Керей мен Жәнібек сұлтанға түсті. Олар тарих сахнасына осылай шықты.

Қос өзеннің аңғарындағы қазақы өмір сүретін тайпалардың қалауымен билік тізгінін қолына алып, жаңа хандықтың іргесін қалаған Керей мен Жәнібек алдымен ішкі сауда қатынасын дамытуға белсене кірісті. Ол үшін Сыр өзені бойындағы сауда жолын ашуға, ол жердегі елді мекендерге бақылау орнатуға ұмтылды. Сол үшін «Ер етігімен су кешіп, ат ауыздығымен су ішкен» талай-талай қанды жорықтар жасады. Былайша айтқанда, Қазақ хандығы құрылғаннан жоғалғанға дейінгі күрес жолы осылай өрбіді. Сол мұратты әз-Жәнібек, Қасым, Есім, Хақназар, Тәуке, Жәңгір, Әбілхайыр, Абылай хандар батыл жалғастырып, ел іргесінің мейлінше кеңеюіне көп тер төксе, Бүйдаш, Мамаш, Тақыр сияқты хандар өз билігін толығымен меңгере алмады.

Жоғарыда біз қарастырған мәселе Қазақ хандығы құрылуының алғышарттарына жатады. Жалпы, осы түйінді тереңдей зерттемей, оларды толық меңгермесек, Қазақ хандығының құрылуы туралы ой-пікірдің де нәтижесі анық болмайды. Сондықтан да, Қазақ хандығының құрылу процесі, мәселесі қандай маңызды болса, оның алғышарттары да сондай маңызды деп есептейміз. Бұл біздің пікір. Ал, сіз қалай ойлайсыз?

◈ *Тақырыпқа орай*

ТАНЫМДЫҚ КЕШ

Елбасы Н. НАЗАРБАЕВ келер жылы Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойының республика көлемінде атап өтілетіндігін мәлімдеді. Осыған орай Іле ауданының әкімі Қыдырәлді Медеуовтің тікелей басшылық етуімен тарихи кезеңге арналған іс-шаралар басталып та кетті.

Оған Әнуар Молдабеков атындағы №6 орта мектепте «Бес ғасыр шежіресі» атты тарихи-танымдық кештің өтуі дәлел. Аталмыш шараға ақсақалдар алқасының төрағасы Әмзе Исаев, философия ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Сәбит, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бақдәулет Берлібаев, білім бөлімінің басшысы Ләззат Каткеева, аудандық кітапхана меңгерушісі Мейрамгүл Жәбиева қатысты.

Тарихи-танымдық кеш үш бөлімді қамтыды. Бірінші бөлімде «Бес ғасыр шежіресінен» театрландырылған көрініс көрсетілді. Қазақтың қасиетті қара шаңырағын көтерген Керей мен Жәнібек, әрбір ұрпағын қадаған хандар өмірінен көрініспен берілген тарихи дерек шебер сомдалып, жан дүниемізді толқытты. Оған үлес қосқан мектеп ұстаздары мен оқушылардың актерлік шеберлігіне, сөйлеу мәдениетіне тәнті болдық.

Екінші бөлімде үстел басына жайғасқан бес топ тарихы терең бес ғасырдан сыр ақтарды. Оқушылардың көздерінен ұшқын, жүректерінен Отанға, еліне, өткен тарихына деген сүйіспеншілік алауын көрдік. Жаңымыз жылып, жүрегімізге мақтаныш ұялады. Әрбір топ әр ғасырдан сыр шертіп, арасында халқымыздың атақты жырауларының термелері орындалып отырды. Термешілердің орындау шеберлігі де көңіл қуантып, жан сүйсіндірді.

Соңғы қорытынды бөлімде келген қонақтар сөз сөйлеп, кештен алған әсерімен бөлісті. Мектеп директоры А. Ногайбаевдың басшылығымен ұйымдастырылған іс-шара өте жоғары деңгейде өтіп, оған атсалысқан ұстаздар қауымына, оқушыларға үлкен алғыс айтылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.
Іле ауданы.



Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген...

Ж. МОЛДАҒАЛИЕВ.

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Құттықтай-мын!



«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, облыстың үздік кәсіпкері, Талдықорған қалалық мәслихатының депутаты, «Шымыр» ЖШС директоры, аскар таудай ақсақал, елімізді әлеуметтік қамтамасыз ету, халқымыздың денсаулығын нығайту, ауылдың тұратын үлкен жүректі азамат **ВАЛИШАНОВ Руслан Вахаповичті** ерден жасы елуге келген туған күнімен құттықтаймыз!

Бала жасынан арманын құрылыс саласынан іздеген Руслан 20 жылдан астам еңбек өтілінде қаламызға сан берген талай сәулетті ғимараттың бой көтеруіне тер төкті. Сондай-ақ, жұмыссыз жандардың жұмысқа орналасып, тұрмысын жақсарту жолында қосқан үлесі ұшан-теңіз. Халық қалаулысы ретінде елімізді сайлап өмірінде де бір кісідей атсалысты. Бір сөзбен айтқанда, ол басқарып отырған ұжым алдағы уақытта да талай-талай жетістіктерді биіктерді бағындыра береді.

Елу деген ердің жасы еңселі,
Оң таңы да биіктіктің өлшемі.
Елің үшін ерен еңбек сіңірдің,
Сондықтан да құрметтейді ел сені.

Елдің жүгін биіктерге жеткізер,
Таққан терің құрметпен өтелер.
Алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз жасқа,
Осы дарқан жетістіктен жете бер.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: туған-туысы, дос-жараны, «Шымыр» ЖШС ұжымындағы әріптестері.



«Шымыр» ЖШС кадр бөлімінің меңгерушісі, әріптесіміз **Шолпан ӨСКЕМБАЕВАНЫ** туған күнімен құттықтаймыз!

Сенің батыл, адал, ынсапшыл, кәйірімсіз екеніңді барлық білеміз. Ең бастысы, көпшіліктің ықыласына бөленіп, алғысын арқалап келесің. Содан артық бақыт жоқ шығар. Алдағы уақытта да ойлаған армандың орындалып, күлдерің көңілді, денсаулығың мықты болсын деп тілейміз.

Сырын білің, жырын түйін даналың,
Болашаққа сенімменен қарадың.
Тірек етіп туған жердің топырағын,
Тағы да оны құдіретке баладың.

Дарқандықты ұлықтайды ел тегі,
Өткені ол – келешектің өлшемі.
Өздерінің еңбегімен өркенде,
Көркейеді Отанымның ертеңі.

Күлай тыңдап жасыл үнін жүректің,
Болашаққа тек арманмен үңілем.
Туған күнің құтты болсын, Шолпанжан,
Мақсатыңды мағынамен түзет мың.

ІЗГІ НИЕТПЕН: анасы, бауыр-туысы, достары, әріптестері.

▲ ШӘКІРТ ҮНІ

БІЗДІҢ ТАҢДАУ

Сексенжылдық тарихы бар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – қазақстандық білім беру мен кәсіби біліктіліктің ғылыми көзі. Әрбір талапкер әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті атануды армандайды. Сол сияқты мен де төрт жыл бұрын осы университеттің студенті болуды алдыма мақсат етіп қойып, әлеуметтік жұмыс мамандығын таңдаған болатынмын. Ал қазір осы мамандықты меңгеруіма бір қадам қалды.

Мен білім алып жатқан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы 20 жыл бойы мамандар даярлап келе жатқан басты білім орталығы болып есептеледі. Әлеуметтік жұмыс – ол халыққа қызмет ету теориясын, принциптерін, заңдылықтарын зерттейтін ғылым әрі оқу пәні және көмекті мұқтаж ететін адамдардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған қызмет. Әлеуметтік жұмыс теориялық ғылым ретінде философия, психология, әлеуметтану, медицина, саясаттану, экономика, антропология, этика сияқты ғылым салаларымен тығыз байланыста.

Әлеуметтік жұмыс жанжақты біліктілік пен кәсібилікті, жауапкершілік пен төзімділікті талап етеді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлеуметтік жұмыс мамандарын даярлауда алдыңғы қатарлы кәсіби білім беруші жоғары оқу орны болып табылады. Университет қабырғасы жылдан-жылға инновациялық білім беру үлгілері арқылы әлеуметтік жұмыс мамандығының кәсіби деңгейін жоғарылатып, жаңа толқын мамандарды даярлап шығаруда.

Әлеуметтік жұмыс кәсіби деңгейін арттыруда осы саланы жетілдіруге бағытталған әлеуметтік қызмет мамандарын даярлаушы институттар мен әртүрлі мемлекеттік құрылымдардың өзара тиімді іс-әрекеті маңызды болмақ. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы бойынша әлеуметтік дамыған мемлекет болуы жолында әлеуметтік қызмет саласы мен әлеуметтік жұмыс мамандарының қосар үлесі аса зор.

Айдана ҚАЙЫРХАНОВА, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің 4-курс студенті.

▲ МАМАН МІНБЕРІ

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – алуан түрлі мамандықты ұсынатын білім және ғылым ордасы әрі қалқымалдық тәжірибесі бар бірден-бір жоғары оқу орны. Университет жоғары біліктілікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңістігінде интеграциялауға, өндіріске енгізілетін фундаменталды және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталатын кең көлемдегі білім, ғылым, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндіруші негізіне ие. Оқу ордасы QS рейтингінің агенттігінің зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша үздік университеттер қатарына еніп, әлемдегі 300 үздік жоғары оқу орны қатарынан көрінуде.

Болашақ көпілі

Қазіргі таңда – заман талабы. Студенттер қалашығында бұл мәселе де назардан тыс қалмай, «Жастар Интернет орталығы» қызмет етеді. Орталық Азиядағы ең үлкен болып саналатын әл-Фараби атындағы кітапхана да бізде. Ә. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында түрлі республикалық маңызы бар жиындар мен концерттер өткізіліп тұрады. Елімізде балапажасы жоқ «Керемет» қызмет ету орталығында білім алушыларға қажет тауарлар үстелі, студенттің оқу үрдісін қадағалап отыратын тіркеу кеңсесі, студент бөлімі және басқа да орталықтар жұмыс істейді.

ҚазҰУ кәптеген ірі ұлт мемлекеттердің оқу орындарымен достық қарым-қатынаста. Бұған дәлел – жыл сайын өзге елдерге академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша ер факультеттен студенттердің жіберілуі. Қытай, Оңтүстік Корея, Моңғолия, Ауғанстан және Еуропаның кептеген елдерінің жастары да университетімізде қазақ тілін меңгеріп, білімін толықтыруда.

Біз өз университетімізді мақтан тұтамыз және де Қазақстанды көркейтуге арқашан атсалысамыз! Жалынды жастарға ҚазҰУ есігі әрдайым ашық!

Р. АЛМАС, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің «Қаржы» мамандығының 4-курс студенті. М. ДАРИБАЕВА, «Қаржы» кафедрасының PhD докторы, аға оқытушысы.

Память о павших земляках



Учреждение «Талгарский медицинский колледж» отметил свое 15-летие, которое было ознаменовано встречей студентов колледжа с внучкой легендарного генерала И. Панфилова Айгуль Байкадамовой 2 апреля 2015 года. Она рассказала студентам о своих легендарных предках: дед – генерал Панфилов И.В. – Герой Советского Союза, отец – композитор Ы. Байкадамов основоположник хорового пения в Казахстане. В начале встречи состоялся показ документального фильма «28 панфиловцев».



Панфилов в 1941 году получил приказ о формировании 316-й пехотной дивизии, которая была сформирована в Алма-Ате. Штаб дивизии находился в средней школе №19 (она существует в Алматы и сейчас). Сформированные части сразу же выезжали в Талгар и Иссык, где были устроены военные полигоны для учебы бойцов. И. Панфилов обучал бойцов не бояться вражеских танков в окопах, тренировал их, используя вместо танков трактора. Панфилов пользовался любым удобным случаем, чуть ли не каждой минутой общения с командирами, с бойцами. По воспоминаниям внучки Айгуль Байкадамовой, главным призванием военачальника он считал сохранение жизни солдат на войне, теплое отношение и заботу. Бойцы называли Панфилова «генерал Батя». Он говорил солдатам и командирам «Мне не нужно, чтобы ты погиб, нужно, чтобы ты остался живым!». Среди многонационального состава дивизии было примерно 3556 казахов. За проявленные мужество и героизм бойцами дивизии при обороне Москвы в октябре-ноябре 1941 года, дивизия получила наименование 8-й гвардейской стрелковой дивизии, позже дивизии было присвоено имя ее первого командира – Ивана Васильевича Панфилова, погибшего 18 ноября 1941 года под г. Волоколамском Московской области. Особое положение г. Талгара заключается в том, что на его территории формировался 1075-й стрелковый полк, бойцы которого непосредственно принимали участие в обороне Москвы (легендарные 28 панфиловцев).

По воспоминаниям внучки Айгуль Байкадамовой, Иван Васильевич Панфилов был «очень веселым, требовательным и добрым человеком. Таким он запомнился со слов моей мамы Валентины Ивановны. Старался уделять время семье, хотя свободных минут было мало. Ведь у них с Марией Ивановной было пятеро детей. ...У них была вечная кочевая военная жизнь. После 1923 года, когда Иван Васильевич окончил школу красных командиров в Киеве, военная судьба надолго связала его со Средней Азией. Как только он объявлял своей жене, что они переезжают, она только спрашивала: когда? И начинала собирать скарб в большие фанерные ящики, которые были вместо чемоданов и заменяли мебель».

Студенты колледжа выступили с концертной программой, с патриотическими песнями и сценками. Казахстанцы с трепетом хранят память о павших земляках в годы Великой Отечественной войны.

Любовь КОЛЕСНИКОВА, заместитель директора по учебной работе.

Алматы облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясының сенім телефоны: 8(7282) 32-47-66, электронды мекенжайы: fink.almobl@minfin.gov.kz.

Әр сәрсенбі және бейсенбі күндері сағат 14.30-дан 18.30-ға дейін инспекция басшылығы Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі, 168-үй мекенжайында жеке қабылдау өткізеді. Инспекция гимараттың азаматтардың және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштеріне арналған жәшік бар. Сонымен қатар, үстіміздегі жылдың 23 сәуірінде сағат 15.00-ден 16.00-ге дейін инспекция басшысы Н. Құлайбердиев «Нұр Отан» партиясы Алматы облысы бойынша филиалының қоғамдық қабылдау бөлімінде азаматтарды қабылдайды.

ГКП ВХ ПЭНС «Сорбулак» сообщает, что 24 апреля 2015 г. в 10.00 ч. проводит отчетное собрание перед водопотребителями по адресу: Жамбылский р/н, урочище Сорбулак.

Жетісу әлеуметтік-гуманитарлық колледжін 2007 жылы «Құқықтану» мамандығы бойынша бітіріп шыққан Күшегенова Балжан Сәрікболатқызының атына берілген КОБ №0034131 нөмірлі дипломы жоғалуына байланысты қарамсыз деп танылсын.

ТОО «Сайрам Транс» доводит до сведения жителей Кербулакского района Алматинской области о проведении общественных слушаний по проектам ОВОС, разработанным к проектам на добычу песчано-гравийной смеси на месторождениях Малайсары и Кызылжар, для реконструкции (строительства) автодороги «Алматы – Усть-Каменогорск», расположенных в Кербулакском районе. Общественные слушания будут проводиться 13 мая 2015г., в с.Кызылжар, на территории производственного кооператива «Кызылжар», в 11 часов. Телефон: 8 (7282) 30-59-36. Предложения и замечания просим отправлять по адресу: e-mail: rafat.taldyk@mail.ru.

Назар аударыңыз!

«Аграрлық несие корпорациясы» – АҚ Алматы облысы филиалының сенімді өкілі кепілдіктегі тұрған келесі мүліктерді сату туралы хабарландырады:



– Алаңы 0,9027 га. жердің телімінде – алаңы 1 677,6 кв.м. - дүкен, алаңы 281,6 кв.м. – наубайхана, алаңы 401,2 кв.м.– қойма диірмен, Мекенжайы: Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Рысқұлов көшесі, 1-үй, орналасқан.

Бағасы – **7 476 378 (жеті миллион төрт жүз жетпіс алты мың үш жүз жетпіс сегіз) теңге.**




– Балық өңдеу жабдықтар, оның ішінде – тоңазытқыш жабдықтар, сүбе және фарш шығаратын жабдықтар, балықтан ұн жасайтын жабдық. Мекенжайы: Алматы облысы, Сарқан ауданы, Қызылбалықшы және М.Төлебаев ауылдарында орналасқан.

Бағасы – **51 273 982 (елу бір миллион екі жүз жетпіс үш мың тоғыз жүз сексен екі) теңге.**



– Алаңы 0,5 га. жердің телімінде орналасқан, алаңы 440,5 кв.м. балықтан ұн шығаратын цехы. Мекенжайы: Алматы облысы, Сарқан ауданы, Қызылбалықшы ауылында орналасқан.

Бағасы – **17 688 743 (он жеті миллион алты жүз сексен сегіз мың жеті жүз қырық үш) теңге.**



– Алаңы 0,5 га. жердің телімінде орналасқан, алаңы 489,5 кв.м. балық өңдеу цехы. Мекенжайы: Алматы облысы, Сарқан ауданы, М. Төлебаев ауылында орналасқан.

Бағасы – **16 431 237 (он алты миллион төрт жүз отыз бір мың екі жүз отыз жеті) теңге.**



– Сүт сақтайтын, тоңазытатын және тасу жабдықтары. Мекенжайы: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген ауылында орналасқан.

Бағасы – **6 137 859 (алты миллион жүз отыз жеті мың сегіз жүз елу тоғыз) теңге.**



– Газ – «33021» автокөлігі, 1999 жылы шығарылған. Мекенжайы: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген ауылында орналасқан.

Бағасы – **875 996 (сегіз жүз жетпіс бес мың тоғыз жүз тоқсан алты) теңге.**



– Алаңы 0,0297 га. жердің телімінде орналасқан, алаңы 282,0 кв.м. «БЕК» кафесі. Мекенжайы: Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Алматы – Өскемен трассасында, 144 км. орналасқан.

Бағасы – **19 471 913 (он тоғыз миллион төрт жүз жетпіс бір мың тоғыз жүз он үш) теңге.**

Сенімді өкілі: ГАЛИЕВ М.К.
Тел. : *8 (728) 55-86-51*
Ұялы. тел. +7 701 524 98 54, +7 705 128 44 84
Мекенжайы: 040000, Талдықорған қ-сы, Абылай хан көшесі, 125-үй.

▲ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА

Кәсіптік бағдар береді

Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында жас ұрпаққа білім көкжиегіне көтерілу барысында жауапкершілік жүгін артты. Өнегелі, өнерлі жастар – мемлекеттің болашағы. Бүгінгі оқушы – ертең өндіріс резерві. Еңбекті ұйымдастырушы әрі орындаушы. Қоғамымыздың болашақтағы басты тұлғасы – бүгінгі мектеп қабырғасындағы оқушылар. Кәсіби бағдар берудің негізгі мақсаты – мамандық таңдауға дайындау.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті кафедраларының оқытушылары жастар арасында кәсіптік бағдар беру шараларын ұйымдастыруда. Білім беру әлемдік стандарттарға сай жүргізілуде. Білік пен дағды арқылы дербестік, ізденімпаздық, шығармашылықпен шұғылдана алатын жеке тұлға даярлауға баса көңіл бөледі. Сондай-ақ, жанына жақын мамандық таңдауға бейімдеу. Әркім өзі сүйген кәсіби негізінде жұмыс істесе іс өтімді болады. Жетістікке жетуге құлшынысы басым келеді. Сондықтан кәсіби бағдар берудің маңызы зор. Бұл орайда, қаржы-экономикалық факультеттің профессорлық-оқытушылар құрамы облысымыздың мектептері мен колледждерінде дәріс оқиды. Кәсіптің қыр-сырын түсіндіреді. Әр мамандықтың экономикамызды алға жылжытуда өзіндік орны болады. Әлеуметтік жағдайымызды түзетуге қосар үлесі де қомақты. Ұстаздар дәріс беруде кәсіптің осы тұсына да ерекше мән береді. Мұндағы мақсат – мамандыққа бейімдей отырып, елжандылыққа да тәрбиелеу. Ұлы ақын Абай Құнанбаев айтқандай, елінің кетігіне кірпіш болып қаланууды санасына сіңіру. Еңбек нәтижесін беруде. Ұстаздардың бұл атқарып отырған шаруасы үлкен бір ғылыммен пара-пар. Бұл қазіргі таңдағы дуальді оқыту жүйесіне де кіреді. Яғни, білімгерлерді керекті кәсіп бойынша даярлап, ертең жұмыссыз қалмауын назарда ұстау.

Университет факультеттері тізімінің ең басында қаржы-экономикалық факультет тұр. Мұндағы күндізгі және қашықтықтан оқыту бөлімдерінде 1500-ден артық білімгер оқытылады.

Білім және ғылым министрлігінен «Ең үздік оқытушы» деген атақты иеленген тоғыз профессор-оқытушы осы факультетте. Олардың ынта-жігері тек білімгерлерге ғана емес, жас ұстаздарға да үлгі. «Білім мен еңбек, бөрін де жеңбек» демекші, факультет дәрісхерлері арқашан жаңа ізденістер үстінде. Бойларына жинаған күш-қуат болашағымыз үшін жиналған азық. Ендеше, әлеуеті көп ұстаз төлімгерін де заманға сай тәрбиелемек. Олар: «Айтушыңнан тыңдаушың мықты болсын» деген қағиданы ұстанады.

2015 жылы факультеттің «Экономика», «Қаржы», «Есеп және аудит», «Мемлекеттік басқару және менеджмент» білім бағдарламалары халықаралық мамандандырылған аккредитацияны (ACQUIN) халықаралық мамандандырылған агенттікте сәтті тапсырды. Бүгінде уақыт талабына орай жан-жақты білімді, білікті мамандар даярлау міндеттеледі.

Университеттің оқытушылары мен студенттері академиялық ұтқырлықты дамыту мақсатында алыс, жақын шетелдердің (Ресей, Польша, Чехия, Испания, Ұлыбритания, Қытай, Түркия, т.б.) жоғары оқу орындарымен байланыс орнатқан.

Университет ректоры, профессор Ә. Бектұрғанов басшылық жасайтын ұжым талап негізінде жұмыс істеуде. Қажетті мамандықтар даярлау мәселесін басшылыққа алған Қырық екі жылдық тарихында университет бакалавриат бойынша 41 мамандық, магистратура бойынша 18 мамандық және докторантура бойынша 4 мамандық негізінде білікті кадрлар даярлады. Оқу ордасында облыс әкімінің гранттымен білім алып жатқан жастарымыз да бар. Бұл да болса білім алуға деген құлшынысы бар жастарды қолдаудың бір тәсілі.

Электрондық оқулық, бейнефильм және электрондық басылымдарды тәжірибеге ендірмейінше, әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес. Білім шаңырағы жаңа ақпараттық технологиялармен толық қамтамасыз етілген. Соның мысалы ретінде университет 2008 жылдан бастап қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша жұмыс атқарып келеді. Университеттің білімгерлерінде бағдарлама бойынша оқып, білім алуларына барлық жағдай жасалған. Қарапекілік, оқыту құралдары жеткілікті.

Кәсіптік бағыт беруде оқушылардың мамандыққа қызығушылығын арттыру негізгі орында. Еңбекке қызығушылық – кәсіптік таңдаудағы ең маңызды мәселе.

Мамандығын ауыстырғысы келетін жастардың көпшілігі сол кәсіпке әуел баста қызықпағандығын айтады. Әртүрлі жағдаймен өзі істеп жүрген сала бойынша білім алуға бара салған. Бірақ жүрек қалауы басқа. Сондықтан жастардың жан дүниесіне үңіле отырып, жол ашып беру – тәлім берушінің басты ұстанымы болып қала бермек.

Колледжден кейін екінші жоғары оқу орнына түсіп, мамандық таңдайтындар кәсіби біліктілігін арттыру үшін қашықтықтан оқыту жүйесінің мүмкіндіктерін пайдаланады. Заман көші бойынша дәріс беру алдағы уақытта да жандандырыла бермек.

Адамның болашағы мамандықпен тығыз байланысты. Кәсіби бағдар беру – жастарға мамандық таңдау барысында орасан зор пайдасын тигізеді. Өз жолын дұрыс таңдауға, мақсатын іске асыруға үйретеді.

А. ТӨЛЕГЕНОВА, Ж. АБДЫҚАЛИЕВА, І. Жансүгіров атындағы ЖМУ-дің есеп және аудит кафедрасының аға оқытушылары.

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС
Директоры: Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51
Бас редактор: Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 жылғы 22 желтоқсанда тіркеліп, № 15020-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – 41-10-46, бас редактордың орынбасарлары – 41-10-47, 41-10-49, жауапты хатшы – 41-10-50, бөлімдер – 41-10-43, 41-10-68, 41-10-71, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 41-10-52, фототілшілер – 41-10-53, жарнама бөлімі – 41-10-51.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37 (факс), 279-13-86, 279-36-43.
Меншікті тілшілер: Үшарал – 2-12-57, Панфилов – 9-12-27, Райымбек – 2-22-05, Іле және Қапшағай қаласы – 8-701-564-41-09.
Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 24-34-55 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.
"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат
Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1234567890 П. 1234567890
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.
Көлемі — 2 баспа табақ.
Тапсырыс — 489.
Таралымы — 37 486.
Индексі — 65469.
Кезекші редактор: Қажет АНДАС.

Дорога, дорога, ты можешь так много...

(Окончание. Начало на 1-й стр.)

Национальным оператором АО «НК «КазАвтоЖол» до 2020 года в целом по стране планируется охватить строительно-монтажными работами 7 100 километров на общую сумму 2,6 трлн тенге. В том числе, по Алматинской области планируется выполнить реконструкцию автодорог в направлениях: Алматы-Астана, Алматы-Усть-Каменогорск, Алматы-Хоргос (за счет займовых средств Всемирного банка) и Уштарал-Достык.

Автодорога Алматы-Капшагай после завершения ее реконструкции, которая намечена ко Дню Независимости Казахстана в 2015 году, станет 8-полосной, категории 1А (по четыре полосы по правой и левой стороне движения), будет разграничена специальным высотным барьером, исключающим возможность ослепления фарами водителей на встречной полосе, получит специальные дорожные откосы, исключающие опрокидывание автомобилей в случае их схода с трассы, и ограничительные барьеры, с целью исключения внезапного выхода на дорогу пешеходов или крупного рогатого скота, лошадей и прочей домашней живности, для которой в специальных местах на трассе будут построены скотопрогоны. Из 70 километров Капшагайской трассы уже сданы в эксплуатацию 10, которые полностью соответствуют всем мировым стандартам. Автомобильная развязка «Кленовый лист» - на пересечении Капшагайской трассы с дорогами к поселкам Жана Арна и Али - представляет собой прекрасный образец настоящего западного автобана. А само бетонное покрытие дороги Алматы-Капшагай рассчитано на 25 лет безремонтной эксплуатации. И вот почему: автодорога строится по западной технологии, примерно так же, как в свое время мостились брусчаткой уличные мостовые Европы. То есть – на века. Первоначально укладывается ЩПЦС (щебеночно-песчаная цементная смесь) высотой 20 сантиметров, на которую укладывается геосинтетическая пленка, а на нее, в свою очередь, с помощью немецкого бетоноукладчика укладывается 27-сантиметровый слой бетона с автоматическим армированием, через каждые 5 метров делаются информационные швы. Если этого не будет сделано в течение 10 часов застывания дорожного полотна, то будущая дорога пойдет трещинами. При этом, чем меньше воды, тем лучше качество бетона, в который добавляют пластификаторы, разжижающие жесткий бетон и превращающий его в идеально гладкую поверхность. Ширина дороги, с учетом 8 полос и разделительного барьера, будет составлять 27 метров.

После окончания строительства автодорога Алматы-Капшагай станет платной. Для автомобилистов эта плата будет весьма символической: 1 тенге за 1 километр, то есть доехать до Капшагая алматинцам обойдется в 70 тенге. А для большегрузного транспорта, дающего нагрузку на дорожное покрытие, 1 километр обойдется уже в 15-20 тенге. Всего же на пути из Алматы до Талдыкоргана бетонным покрытием будет охвачено 118 километров. Далее дорожное полотно будет уже асфальтобетонным, а дорога – категории 1Б (4-полосная).

Баспасөз ол – шынайы халық тілі.

Совет ШӘРІПҰЛЫ.

Қарқара ауылы,
Райымбек ауданы.

ЖЕТІСУ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ

Осыдан үш жыл бұрын «Бес қаруың бойында, «Жетісуың» ойында болсын», деп шығарып салып еді мені. «Жетісу» менің суын ішкен бұлағым ғана емес, рухани ұясына қандырып, қанатымды қатайтқан қасиетті қара шаңырағым. Мені өзенді өлкеге журналист ретінде танытқан киелі ордам.



ЕРТЕҢІ ЕРЕН, КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ

Шығармашылығымда ғана емес, отбасымда да әрбір жетістігім мен қуанышыма ортақ болып, қиналған сәтімде қасымнан табылған берекесі таркамаған ұжымым. Тарихы терең ата басылымның жалын жүрек, от сезімді жастармен қатары толығып жатуы көпіл қуантады. Үрпақ сабақтастығын берік ұстаған ағa буын кейінгі толқын жастарға ақ батасын беріп, еліміздің ертеңі болатын жастарды қанаттандырып жатыр. Бұл ғасырға жуық ғұмыры бар «Жетісудың» ертеңінің ерен, келешегінің кемел екенін көрсетеді. Төл мерекеміз қарсаңында «Жетісуымның» Елбасының арнайы Алғыс хатын алуы менің де мерейімді өсіріп тастады. Өйткені қыры мен сыры мол, қызығы мен шыжығы қатар жүретін журналистика әлеміндегі менің де ұстаханам осы «Жетісу» еді. Бір жас кіші болса да, еліміздің бас басылымы атанған «Егемен Қазақстан» газетінің облыстағы меншікті тілшісінің ғана емес, осы газеттегі тұтастай ұжымның ақ тілегі деп қабыл алыңыздар. Мерекелеріңіз құтты болсын, қымбатты әріптестерім! Алар асуың мен шығар бигің көп болсын жүрегімнің төрінде «ЖЕТІСУЫМ»!

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
«Егемен Қазақстан» газетінің Алматы облысындағы меншікті тілшісі.

Қазақстан Журналистер одағының басқармасы Байланыс және ақпарат қызметкерлері мерекесінің қарсаңында үздік жұмыстарға республикалық шығармашылық конкурстың жеңімпаздарын анықтады.

Баспасөзді қолдағаны үшін

Түрлі номинациялар бойынша жеңімпаз деп танылған әріптестерімізге бұл күні аталған одақ сыйлығының лауреаттары атағы берілді. Ерекше атап өтерлік жағдай – осы жолы бірқатар халықаралық және республикалық мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың басшылары баспасөзді қолдап, журналистермен өзара түсіністік жағдайында жұмыс істегені үшін Қазақстан Журналистер одағының дипломымен марапатталды. Журналистермен өзара түсіністік жағдайында жұмыс істеп, баспасөзге дәйім қолдау білдіріп отыратын Алматы облысының әкімі Амандық Баталовтың қызметі де осындай дипломмен атап өтілді.

Осы қатардағы тағы бір жақсы жаңалық – облыстық «Жетісу» газетінің ардагері Жұмаш Арғымбайұлы Журналистер одағы басқармасының шешімімен Қазақстанның Құрметті журналисі атанды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

1 2

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҚ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

АДАМ АЗСА салады сайтан өрмек

Бала кезіміздің серігіміз болған «Жетісу» газеті оңіріміздің айнасы, тіршілігіміздің тынысы. Жастық шағымыздан сырлас дос, сенімді серігімізге айналған басылыммен арақатынасым әлі де үзіле қойған жоқ. Ұлт ұстазы атанған Ахмет ағa Байтұрсынұлының «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі», деген қағидасын берік ұстанып, соған лайықты еңбек етіп келеді. Төл газетіме арнайы хат жолдауыма журналист Жұматай Әміреевтің осы басылымның 6 маусым № 64 сенбілік санындағы «Құдайдан қорық, пенделеп ұял» деген мақаласы түрткі болды.

Оқып отырып, ашуым келеді. Абай дананың «Қайнайды қанның, ашиды жанның, қылықтарын көргенде» деген сөзі есіме орапып, мына заманның тамырын дәп басқан даналығына-ай деп, дана бабамен бірге күңіреніп кетесің. Жұматай бауырым мұның алдында да «ҰЛТТЫҢ ҰЯТЫ» айдары бойынша «Ел болам десең экраныңды түзе» деген кең көлемді мақаласында бүгінгі отандық телеарналардың көптеген отбасына тағзім жатқан зиянды туралы айтқанда онсыз да сыздап тұрған жарамызға тигендей жанымыз тағы бір ауырғаны бар еді. Мына мақалаға үн қоспай, бейжай қарап жатуға ақындық арым жібермей өз пікірімді білдіруді жөн көрдім. Шынымен да мақалада айтылғандай мұндай сұмдықты бұрындары шетелде болатынын естігенде «Ой, Алла-ай, адам да деп осындай азғындыққа барады екен-ау, а, Адам азса, сапады шайтан өрмек», – дегенің ойға қатесіз келгені-ай», – деп таңданғанымыз есімде. Енді осы арсыздықтың, хайуанның жаман азғындықтың төуелсіз елімізде көкіне етек алып келе жатуы жаны да, қаны да қазақ баласын бейжай қалдырмаса керек. Біз бұған журналистің жақсы жазған мақаласы деп қана баға берсек, жауырды жаба тоқыл кеткенміз болмақ. Қоғамға дендеп еніп келе жатқан нәдетке ел болып атсалысып, аурудың бетін алғанымыз жөн. Автор айтқандай Алланың қарғысына ұшыраған қауымның бір кездегі ерекетінің бәздің ерін елімізде көрініс табуы жаңтүршігерлік жағдай. Ерекше пен ерекетсіз ауызжаласуын көрмек түгіл айтудың өзі жиіркенішті нәрсе. Сондықтан қалың оқырман, мұндай келеңсіздікке жол бермей, жоғарыға өз үнімізді жеткізіп, шұғыл түрде қатаң зәң шығаруын талап еткеніміз дұрыс.

Осы мақалададағы екінші тақырып, қазақтың қазаққа қас болуы туралы. Бұл да бүгінгі қоғамда ұрпағымызды аздыратын, ұлтымызды тоздыратын көрініс. Тарихқа көз жіберсеңіз, небір жаугершілік заманды бастан өткерген бабаларымыз бір-бірне қастық қылмақ түгіл, жақынын жауға тастамаған. Ел ша болған соң бірлі-жарым тентегі болғаны рас. Бірақ бүгінгідей айуаннан бетер аяусыздыққа бармаған. Тым тереңдемей-ақ, өзімнің жалындаған жастығыма оралсам, автор айтқандай құлап қалса немесе мұрны қанаса төбелес аяқталатын. Бірақ бұл дегеніз төбелесе алмағандықтан немесе қорыққандықтан емес еді. «Ер шекіспей – бекіспейді» дегендей, өзара бір түсіністіктің белгісі болатын. Және сол жерде-ақ ары қарай әңгімесін айтып, қастасу дегенді ұмытып, баз балғы тағысындай көрінсте кетіп бара жататын. Ал қазір ше? Естіп те, көріп те жүрміз. Жанын түршігеді. Бір адамды бірнешеуі итше тепкілеп, жасығын үлкен-кішісіне қарамай өлмеші халге түсіретіндігін ер азаматтың тірлігіне жатқызға аламыз ба? Мәңгілік Ел боламыз деп болашағымыздан жарқын сәттер күтіп отырған мына қоғамда екі қазақ бір-бірне ата жауындай қас болса, бұғауына салып, бұрғын жағына жүргізіп келіп отырған жат елдің шырмауына өзіміз барып түспейміз бе? Қыздан қылық, ұлдан ұят кетсе ҰЛТТЫҢ ҰЯТЫНА түскен нағыз таңба осы болмай ма?! Ендеше ел боламыз десек, ертеңімізді ойлап, сенің жүрген ұрпағымыздың тәрбиесіне тал бесіктен көңіл бөлейік. Ұлқыздарымызды еркелетемін деп ессіз қылып алмайық, ағайын!

Дәубай ӘБДІСАЕВ,
ақын.

Еңбекшіқазақ ауданы,
Бәйдібек ауылы.

1 2 3

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҚ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

АДАМ АЗСА салады сайтан өрмек

Бала кезіміздің серігіміз болған «Жетісу» газеті оңіріміздің айнасы, тіршілігіміздің тынысы. Жастық шағымыздан сырлас дос, сенімді серігімізге айналған басылыммен арақатынасым әлі де үзіле қойған жоқ. Ұлт ұстазы атанған Ахмет ағa Байтұрсынұлының «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі», деген қағидасын берік ұстанып, соған лайықты еңбек етіп келеді. Төл газетіме арнайы хат жолдауыма журналист Жұматай Әміреевтің осы басылымның 6 маусым № 64 сенбілік санындағы «Құдайдан қорық, пенделеп ұял» деген мақаласы түрткі болды.

Оқып отырып, ашуым келеді. Абай дананың «Қайнайды қанның, ашиды жанның, қылықтарын көргенде» деген сөзі есіме орапып, мына заманның тамырын дәп басқан даналығына-ай деп, дана бабамен бірге күңіреніп кетесің. Жұматай бауырым мұның алдында да «ҰЛТТЫҢ ҰЯТЫ» айдары бойынша «Ел болам десең экраныңды түзе» деген кең көлемді мақаласында бүгінгі отандық телеарналардың көптеген отбасына тағзім жатқан зиянды туралы айтқанда онсыз да сыздап тұрған жарамызға тигендей жанымыз тағы бір ауырғаны бар еді. Мына мақалаға үн қоспай, бейжай қарап жатуға ақындық арым жібермей өз пікірімді білдіруді жөн көрдім. Шынымен да мақалада айтылғандай мұндай сұмдықты бұрындары шетелде болатынын

ҮЛТ МҰРАТЫ
СЕНІМ. ДОСТЫҚ. АШЫҚТЫҚ. ТӨЗІМДІЛІК
№13 (14) 7 ТАМЫЗ, 2015 ЖҰМА
E-mail: ultmuraty@gmail.com

ОБЫРДЫҢ (РАК) РУХАНИ ДАУАСЫ

Балалардың ерін үстіндегі, ал ересек адамдардың қарақұсындағы ойықты сұқ саусақпен сағат сайын басып
ЛӘ ИЛӘҺӘ ИЛЛАЛЛАҺ,
МУХАММАДУР РАСУЛУЛЛАҺ
деп үш реттен сауыққанша
қайталау керек





ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ НЕГІЗДЕГІ РУХАНИ-САНАЛЫҚ САУЫҚТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрандағы мағынасы Алланың өзіне ғана аян болып табылатын 29 сүренің басындағы 14 әріп арқылы оқылатын, Қазақстан қаласында қайырымдылық негізде жүргізіліп келе жатқан «Хуруф-ул Мұқатта-а» рухани-сауықтыру ілімі:

– адамның және әлемнің табиғи-тарихи жаратылыс заңдылығын ашып, «Ұлы Сана» желісімен байланыстырады;
– сананы сауықтырып, рухқа қуат беріп, жан-дүние мен тәнді тазартады;
- ағзадағы әу баста Алладан берілген сауығу бағдарламасын ашып, ДНК мен РНК-ны қуаттандырады;
– адамның бойындағы өзіне белгісіз қабілет-қасиеттерін ашады;
– аураны қалыпқа келтіріп, иммунитетті күшейтеді;
– Рак, СПИД, туберкулез, белеулік-белсіздік т.б. сан түрлі ауруларға шипа береді;
– мылқау, саңырау балалардың тілдері мен құлақтарын ашады;
– мүгедек балаларды аяғынан тұрғызады;
– тіл-көзден, дұға, сиқырдан тазартады әрі қорғайды.

ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Барлық сырқат жандарға шипагерлік көмек беру.
2. Рухани шипагерлер даярлау.
3. Жасы ұлғайғандарға арналған жасару және жас ұзарту сабағы.
4. Ғалымдармен жұмыс.
5. Жас ұрпақтың денсаулығына, мінез-құлқына, оқуына пайдалы ой-сана жетілдіру сабағы.


ЖҰМЫС ТӘСІЛІ

1. «Хуруф-ул Мұқатта-а» оқуы – **рухқа.**
2. «Жұлдыздар әуені» ән дауасы: терме-тәлім, терме-таным, терме-ем - **жан-дүниеге.**
3. Алланың атымен алынған шөп тамырынан жасалған дәрі – **тәнге.**

(Орлабай Сандыбайұлы мен Шәрбану Әбдірахманқызының «Жаңа ғасыр ілімі Хуруф-ул Мұқатта-а» кітабынан)

8 705 566 37 17; 8 702 620 85 57
8 705 449 05 83

Күттықтаймыз!



Біреумізге ұл, біреумізге бауыр, біреумізге жиен Алматы облысы, Есік қаласында дүниеге келген Құлмахан ӘЛИХАН Нұркенұлын 8 тамыз – 1 жасқа толған күнімен қуана қызу құттықтаймыз. Әлиханға бақытты балалық, зор денсаулық, қажымас қайрат, ұзақ ғұмыр, ата-әжесінің, әке-шешесінің, туған халқы мен Отанының үмітін ақтайтын білікті маман болып, данышпан Абай айтқандай, өмірден өз орнын тауып, қоғамның қажет кірпіші болып қалануын, сол арқылы елінің айтулы азаматы атануын тілейміз.

Құттықтаушылар әкесі – Нұркен, шешесі – Кәмила, ағасы Кеңес және бүкіл Ермекбаевтар мен пағашы жұрты – Бұлышовтар әулеті.

ЕЛ ІШІ-ӨНЕР КЕНІШІ

ОРАЗАЙ ЖЫРАУ ТҰРҒАЛИҰЛЫ 1964-ЖЫЛЫ БЕСҚАЛА (ҚАРАҚАЛПАҚСТАН) ӨЛКЕСІНДЕ «НҰРЫМ ТҮБЕК» АУЫЛЫНДА ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН. БҰЛ ӨЛКЕДЕ «МАРҚАНЫҢ САҒАСЫ», «ҚУАНЫШ ЖАРМА» ДЕП АТАЛАТЫН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ ҚАЗАҚТАР КӨП ШОҒЫРЛАНҒАН. ОРАЗАЙДЫҢ ҮШІНШІ АТАСЫ МЕШІТБАЙ ҚЫЗЫЛОРДА, БЕСҚАЛА, ХОРЕЗМ АЙМАҚТАРЫНА БЕЛГІЛІ АҚЫН БОЛҒАН ЕКЕН. МЕШІТБАЙ АҚЫН 1862-ЖЫЛЫ ТУЫЛЫП, 1899-ЖЫЛЫ 37 ЖАСЫНДА ҚАЙТЫС БОЛАДЫ.



ОРАЗАЙ ЖЫРАУ

Мешітбайдың әкесі Шоңқара өткен ғасырларда Сыр бойындағы үлт-азаттық көтерілістің басшысы Жаңқожаның жүз батырының бірі болған. Қариялардан қалған бір әңгімеде Шоңқара жау ортасында қалғанда Жаңқожа батыр басына қауіп төніп тұрғанына қарамастан жаудың ортасында қоршауда қалған оны аман алып шығады.

Оразай жырау Тұрғалиұлы «Едіге», «Орақ-Мамай», «Қыз Жібек», «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Көк өгіз», «Төрехан», «Алты жасар Құлыбек», «Ақ Кете Шернияз», «Қарасай-Қази», «Әбу-Шаһима», «Дариға палуан», «Асау-Барақ», «Сәдуақас сақи» қисса-дастандарын жырлайды.

– Мен жас кезімнен бастап ән-күйге әуес болдым, – дейді Оразай жырау. – Домбыра тартуды үйреніп алған соң ауылға келген жыраулардан терме, қиссалар үйреніп алып тойларда, мектеп қабырғасында орындап жүрдім. Менің өнерге деген құштарлығым мектеп қабырғасында басталды. Баста ән салып жүрдім. Кейін термеге ауыстым. Ер жете келе қисса-дастандарды орындап жүрдім. 190-ға тарта халық әндері мен қазақ сазгерлерінің әндерін орындайтынмын.Жыр алыбы Жамбылдың Отанына, Кенен ақынның еліне сонау Бесқала жерінен қоныс аударып келген Оразай жырау былай сыр шертеді:

– Қазақстан менің тарихи Отаным, Қасиетті Әулиеата жеріне, Қордай еліне келгенімді мақтан тұтамын. Осы өңірді өзім таңдап алдым. Жұбайым да, жыршылық-жыраулық дәстүрді дамытып жүрген ұл-қыздарым да жырдың кені, ақындықтың ортасы болған осы өңірді ұнатты. Амандық болса, жыр алыбы Жамбыл атамның, жырдың кені Кенен атамның игі ісін жалғастырып, жыршылық-жыраулық мектебін ашып, халқымыздың рухани дәстүрі болған осы өнерді жандандырсам деймін.

Оразай жырау Бесқала қазақтарының ішінде терме-толғауларды, қисса-дастандарды орындауда өзіндік ерекшелігі бар, талантты өнер иесі. Бұл өлкеде қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін елге насихаттайтын жыршы-жыраулар көп болды. Белгілі ғалым, филология ғылымының кандидаты Қайыржан Аралбаев Бесқала қазақтарындағы жыршы-жыраулық өнер туралы: ***«Қарақалпақстан (Бесқала) аймағындағы қазақ әдебиетінің өзіндік тарихы, ерекшелігі бар. Мұндағы жыраулық-жыршылық дәстүрдің өзге аймақтарда кездеспейтін өзіне ғана тән ерекшелік сипаты бар екендігі ғылыми тұрғыдан дәлелденген ақиқат...»*** деп жазды (Алдаберген Тасқынбаев, «Шарла жырым, әлемді...», «Қарақалпақстан» баспасы, Нөкіс, 1999-жыл, 3-бет).

Қазіргі таңда Қордай ауданында той-мерекелерде жырауды жырлату дәстүрі қайта түлеп келеді. Әрине, мұндай игі істің басы-қасында жүрген де осы Оразай жырау.

...Әлқисса, Шыныбай әйелі мен екеуі ерте өліп, онан Тортай деген бір бала қалыпты.Оны Құлтай асырап соның қолында болыпты. Күндерде бір күн Байбөрі малын аралап жүріп, менің балам болса, осы малдың қызығын көрер еді, мына жорғаларды мінер еді, өзім өліп кетсем бұл мал кімдікі болып кетеді деп, баланың жоқтығынан қайғырып далада жүріп жылап айтқаны:

Көңілі мұңлы, қайғылы,
Көкірегі шерлі екен.
Бір перзенттің жоғынан,
Дәйім қайғы жер екен.
Көзім ашық дүниеде,
Өткенім бе дер екен.
Байбөрі хаққа налыды:
«Алмадың Алла жанымды,
Қәйтіп шыдап жүремін,
Бір баланың жоғынан,
Ағайын жеді малымды.



Қадір Алла жаратқан,
Өзің болған панайым,
Бір баланың жоғынан,
Зорлық қылды маңайым.
Үкім қыла сөйлейді,
Баласы көп ағайын.
Ескерер күнің бар ма екен,
Жаратқан Алла, құдайым?
Сүйегім кетті жасық боп,
Досым кетті қашық боп.
Көрер көзім көр болды,
Бір Аллаға ашық боп...

Тойға жиналғандар Оразайдың зарлана айтқан жырын бөліп тыңдап отыр. Анда санда: «Ой, де!..» – деп тыңдарманның біреуі айқай салса, Байбөрі байдың мұңлы күйін аяп кеткен карт әже: «Бәу, қарағым-ай!» – деп қояды. Оразай жырау онан әрі:

Жасымды аққан тия алмай,
Перзенттің дағы өтеді.
Баласы жоқ адамның,
Әр кімге ақысы кетеді.
Байбөрі қу бас деген сөз,
Сүйегімнен өтеді.
Жаратқан патша құдай-ай,
Перзентке зар қып қойғанша,
Жаратпасаң не етеді?! – деп жырлайды.

Жырды тыңдап отырғандар бейнебір Байбөрі өздерінің ортасында зар жылап отырғандай сезінеді. Жаңа ғана «Бәу, қарағым-ай...» деп Байбөріні аяп отырған әжейдің енді көзіне жас келеді...

Бұл Оразай жыраудың Жамбыл облысы Қордай ауданындағы бір тойда жырлаған жыры. Қордайда мұндай тойлар Оразай жыраусыз өтпейді.

Қордай ауданының «Сары бұлақ» ауылына қоныс аударып келген жыршы-жырау Қуантай Бұзаубаев пен «Жамбыл» ауылына қоныс аударып келген Оразай жырау Тұрғалиұлы көне эпостық жырларды той-думандарда елге насихаттау ісімен айналысып жүр. Бесқаладан келген жыршы-жыраулардың алдарына қойған мақсаттары – Қордай ауданынан жыршы-жыраулар мектебін ашу.

Ал Қарақалпақстандағы қазақ жыраулары туралы филология ғылымының докторы, профессор Рахманқұл Бердібаевтың былай деп жазған еді: «Жыршы-жыраулықтың дәстүрі Қарақалпақстанда өте күшті, онда жыршылық өнері өте бағалы екені анықталды. Қазақ жыры сақталған жаңа эпикалық аудан Қарақалпақстан жаңа фольклоршылар үшін аса қызғылықты, жаңды мағлұматтар беретін тың өріс секілденіп отыр. Қарақалпақстанда тұратын қазақ ақын-жыраулары, жыршы-жыраушылықтың дәстүрін бүгінге дейін қолдан бермей келген, осы өлке орындаушыларын таныстыру – сөз құдіретін, фольклорды қадірлейтіндерге ғажайып табыс болып көрінетіні сөзсіз. Бүкіл Орталық Азия мен Қазақстан бойынша алғаш атап көрсетілгендей жыраулардың қазіргі бай жері – Қарақалпақстан» (Р.Бердібаев, «Жыршылық дәстүр», Алматы, 1980-жыл, 31-32-беттер).

Осындай жыршылық, жыраулық дәстүрдің дамыған жерінен келген Оразай жырауды жергілікті қазақ кәсіпкерлері қолдап-қуаттаса нұр үстіне нұр болар еді.

Қордай ауданының «Сарыбұлақ», «Жамбыл» ауылдарында жыршы-жыраулар мектебі қалыптасып келеді. Мұндай дәстүрлі мектепті қалыптастыруда Қуантай жырау Бұзаубаев, Оразай жырау Тұрғалиұлы, әнші Өтеубай Дінқұлұлы, онан соң Оразай жыраудың ұлы – Ақсұңқар, қызы – Нұрия, ұлы Нұрғиса өз өнерлерімен еңбектеніп жүр. Сондай-ақ «Сарыбұлақ» ауылында сазгер, әнші Марат Абылдаев та жыршылық-жыраулық өнерді елге насихаттап келеді.

Тұрғалидың әкесі Ниеткабыл жоқтаушы болған. Бесқала қазақтарында жоқтаушы деген өнер иесі қаза болғандардың жақсы істерін ел-жұртқа өнеге етіп жоқтау жырын айтатын болған. Ниеткабыл жоқтаушыны халық құрметтеген. Жоқтаушылық өнер аса қиын өнер болғаны белгілі. Жоқтаушы жоқтау жырды өзі шығарған, немесе атақты ақынға жоқтау жырын жаздырып, соны жаттап, көпшілік алдында орындайтын болған. Жоқтаушы көп халықтың алдында жоқтау жырды адамдардың көңілін босатып, зарлап айтатын болған. Жоқтау айтудың өзіне тән әдісі, айтылатын жоқтау жырдың өзіндік мақамы болған.

Ниеткабыл жоқтаушы 1892-жылы туылып, 1961-жылы қайтыс болған.

Оразай жырау қазір Жамбыл облысы Қордай ауданында тұрады. Репертуарында он-он бес қисса-дастандар мен жырмадан астам термелер, елуден астам халық әндері бар. Қазіргі таңда Ақсұңқар, Нұрия, Нұрғиса атты ұл-қыздарын жыршылық-жыраулық өнерге баулып жүр.

– Менің ұстазым – Раманқұлұлы Наурызбек жырау, – дейді Оразай. – Жас кезімнен оның термелеріне қатты қызықтым. Қиссаларды нақышына келтіре орындайтын. Ауылда той болса Наурызбек жырау келіп, халықтың ортасында батырлық жырлар мен ғашықтық қисса-дастандарды орындайтын. Мен көптеген қисса-дастандарды осы Наурызбек жыраудан үйрендім.

Оразай жырау «Қыз Жібек» қиссасының екі нұсқасын біледі. Екінші нұсқасында Төлеген қайтыс болған соң Жібек Төлегеннің інісі Сансызбайға тұрмысқа шығады.

– Менің екінші ұстазым Әбдімұратұлы Қарасай жырау болды, – дейді Оразай жырау Бесқала қазақтарының жыршы-жыраулары туралы әңгіме өрбітіп. –Қарасайдың шын аты Қалқаман. «Қарасай-Қази» деп аталатын қиссаны жырлай берген соң оны халық Қарасай жырау деп атап кеткен. Мен «Қарасай-Қази», «Төрехан», «Асау-Барақ», «Қыз Жібек», «Ақ Кете Шернияз», Ерімбет Көлдейбекұлы жырлайтын «Дариға палуан», «Сәдуақас сақи» қисса-дастандарын осы Қарасай жыраудан үйрендім. «Алты жасар Құлыбек», «Едіге», «Көк өгіз», «Орақ-Мамай», «Алпамыс», «Қобыланды батыр» қисса-дастандарын Наурызбек жыраудан үйрендім...

Оразай жырау Тұрғалиұлының шығармашылығы туралы жақында «Қазақстан-Тараз» телеарнасы «Терме» деген телебағдарлама бойынша хабар көрсетті. Оразай жырау тұңғыш рет Әулиеата жұртшылығына өзінің жыршылық-жыраулық өнерін көрсетті. Сонда Оразай: «Қазіргі таңда жыршылық-жыраулық өнерді дамытуға жағдай баршылық. Жастарымыз да жоқ емес. Бірақ оларға қолдау көрсету қажет. Жоғары оқу орындары мен колледждерде жыршы-жырау мамандығын дайындайтын арнаулы факультеттер ашылуы қажет...» – деп өз ұсынысын білдірді. Бұл ұсынысты әрине, тек Оразай жырау ғана айтып отырған жоқ, осындай халқымыздың рухани мұрасын насихаттауда жыршы-жыраулар дайындайтын арнаулы оқу орындары болуы қажет. Бұл жаңарған жаңа Қазақстан үшін өте қажет.

Оразай жырау Қордай ауданындағы өзі жасап жатқан «Жамбыл» ауылы мен «Славный», «Степное», «Қақпа тас», «Жаңа түрмыс», «Беріктас», «Сары бұлақ», «Қайнар» ауылдарында өз өнерін көрсетіп, жастардың рухани мұқтажын қанағаттандырып жүрген өнерлі жандардың бірі. Жыршылық-жыраулық өнерді дамыту үшін бар күш-қайратын жұмсап жүр. Төңірегіне жас жыршылар мен жырауларды топтап, оларға өзінің тәжірибесін, білімін беріп жүр. Ұлдары Ақсұңқар мен Нұрғиса әке жолын қуып, қисса-дастандар үйренуде. Қызы Нұрия да ауандық, облыстық жарыстарға қатысып, өнердің аспанында жарқырап көрініу үшін канатын қомдап келеді.

Оразай жырау жыршылық-жыраулық өнерді ел ішіне насихаттаумен бірге халқымыздың ұлттық дәстүрі – беташарды да дәріптеп жүрген ұлтжанды азамат.Ауылда жаңа түскен келіннің бетін ашатын да осы Оразай жырау. Тойларда терме-толғаулар мен қисса-дастандарды күн батқаннан таң атқанша, таң атқаннан күн батқанша жырлап жүрген де осы Оразай жырау. Халық әндері мен қазақ сазгерлерінің әндерін де шырқап жүрген Оразай. Ел ішінде тәлім-тәрбиелік мәні бар аныз әңгімелерді, өсиет сөздерді де айтып, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлердің қайта жандануына ықпал етіп жүрген де осы Оразай жырау. Ол айтады: «Ел ішіне қиссашы ақындар мен жоқтаушыларды қайта әкелу керек. Жоғары оқу орындары мен колледждерде қиссашы мен жоқтаушы мамандықтарын да ашу керек...»

Бұл шынымен қолға алатын жұмыс. Елдің зиялы азаматтары қарап жүрмей, осындай дәстүрлеріміздің қайта түлетуте ат салысып жүруі қажет-ақ. Орталық Азияда жасап жатқан түркі халықтары өздерінің ұлттық дәстүрлерін жалғастырып, өскелең ұрпақты рухани мәдениетпен тәрбиелеп жүр. Өзбек түркілері келін түскенде келіннің бетін ұлттық аспаптардың сүйемелдеуімен ашады. Түркімен түркілерінде де сондай. Біз де келіннің бетін жыршы-жыраулардың орындауында домбыраның сүйемелдеуімен ашуымыз қажет.

Осы тұрғыдан алғанда Оразай жырау Тұрғалиұлының ел алдында істеп жүрген қызметін қолдап-қуаттауымыз керек. Оның репертуары күн өткен сайын қисса-дастандармен толыға түсуде. Ол өзінің репертуарына Кенес Одағының Батыры, атақты жазушы Б.Момышұлы туралы жазылған осы жолдар иесінің «Бауыржан батыр туралы қисса», «Сәмен батыр туралы қисса» атты қиссаларын елге насихаттау ісін қолға алып отыр. Мұның өзі Оразай жыраудың ұмыт бола бастаған жыршылық-жыраулық өнерді қайта түлетіп, ел қорғаған батырларымыз туралы жазылған қиссаларды той-думандарда жырлап, халқымыздың рухани сұранысын қанағаттандыруда үлгілі еңбек етіп жүргенін тағы бір дәлелдейді.

Қазіргі таңда Оразай жырау музыкалық білімін көтеру үшін білім алып жатқан талантты студент. Ол: «Болашақта Тараздың бір жоғары оқу орнында «Жыршы-жырау» деген мамандық ашып, осы мамандық бойынша жас жыршылар мен жыраулаға үстаздық етсем...» – дейді.

Оразай жыраудың ақындық қабілеті де бар. 2015-жылы сәуір айында Қазақ хандығының 550 жылдығына арнап ұйымдастырылған «Текті елдің төресі – терме» атты Жамбыл облысы жыршылары мен термешілерінің байқауында оның «Қазақ хандығына 550 жыл» атты термесі үздік деп танылып, қаржылай сыйлыққа ие болды.

Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ,
Қазақстан журналистер одағының мүшесі

ҮЛТ МҰРАТЫ
СЕНІМ. ДОСТЫҚ. АШЫҚТЫҚ. ТӨЗІМДІЛІК

ҚҰРЫЛТАЙШЫ
Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы
МЕНШІК ИЕСІ
«Ұлт мұраты» қоғамдық бірлестігі
Президент-бас редактор
Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркеуге алынып, есепке қою туралы №14438-Г куәлігі 01.07.2014 жылы берілген.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
050000, Алматы қаласы,
Уәлиханов көшесі, 43А, 4 қабат.
Байланыс телефоны:
Алматы 8 (727) 354-57-35
E-mail: ultmuraty@gmail.com

ГАЗЕТТІҢ МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕРІ:
Бодаухан ТОҚАНҰЛЫ – 8-7076509844 (Астана)
Қажет АҢДАС – 8-7782687148 (Алматы облысы)
Меңдібай ӘБІЛ – 8-7472101402 (Жамбыл облысы)
Жалел ШАЛҚАР – 8-7027638824 (Қарағанды облысы)
Мейрамбек ШІЛДЕБАЕВ – 8-7754057128 (Қызылорда облысы)
Мұратбай ҰЛЫҚЛАН – 8-7014586432 (Маңғыстау облысы)
Қуандық ОРАЗБЕКҰЛЫ – 8-7013177479 (Оңтүстік Қазақстан облысы)

Газет «Ұлт мұратының» компьютер орталығында беттелді
Таралымы: 5300
Тапсырыс: №3213
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй,
«Дәуір» ЖШС баспаханасында басып шығарылды,
Телефон: 273-12-04
«Ұлт мұраты» газетінің жазылу индексі: 64606
Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

▲ОРМАН – ОТАН БАЙЛЫҒЫ

ШЫРША КӨШЕТІНІҢ МЕКЕНІ

Айналамызды қоршаған жасыл шырша, орман алабы өсер үрпақ үшін керек, ел келешегі үшін аса маңызды. Жанға шуақ, бойға қуат сыйлайтын, жүзіңе әр, жүрегіңе нәр беретін осынау табиғат әлемін рұқсатсыз қырқылудан, кездейсоқ өрттен сақтап, қорғайтын орманшылардың басты міндеті – орман алабын одан ары молайту болып табылады.



Бұл орайда Райымбек ауданындағы Кеген орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі – қарағай көшетінің бір Отаны іспетті. Үстіміздегі жылғы маусым айында Жанат Демежанов басқаратын аталған орман шаруашылығы тұрақты тұқымбағы негізінде облыстық семинар-кеңестің өткізілуі бекер емес.

Мекемеде 5 орманшылық бар. Мұнда 82 адам еңбек етеді. Орманшылықтың жалпы жер көлемі 84790 гектар болса, оның ішінде 24272 гектары орман алқабы болып табылады. Осынау табиғат әлемдегі айналымдағы орман шаруашылығы мекемесіндегі тұқымбақтар арқылы 4 жыл өсірілетін шырша көшеттері республиканың игілігі болып келеді. Жыл сайын 3 мыңнан аса көшет өңірлерді көгалдандыру мақсатында сатылып беріледі. Мұндағы шырша көшеттері Астанада, Алматыда, облыс орталығында және республиканың түкпір-түкпірінде бой көтеруде.

Біз Берік Көшекбаев жетекшілік жасайтын Темірлік орманшылығында болдық. Мұндағы орманшыларға жалпы 19578 гектар жер қарайды. Дәулет Көшербаев, Берік Шәріпов секілді орман шеберлері, Сағатжан Қасымбеков, Нұрсапа Дүйсенбиев, Мұқтар Елубаев, Санат Түпқабаев, Төлеген Алмабеков секілді орман күтушілері еңбек етеді. Орманшылықтың уақытша тұқымбағы бар. Жыл сайын 0,2 гектар жерге шырша тұқымы себіліп, өсіріліп келеді. Тұқымбақта жергілікті Шренка шыршасы, қарағай, көгілдір шыршасы да өсіріледі.

– Жыл сайын орман қорын молайту мақсатында 10 гектар жерге шұңқырлар қазылып, шырша көшеттері отырғызылады. Тұқымбақтағы жұмыс оңай емес. Шыршаның тұқымын жинау, оны тексеруден өткізуге одан соң өнетін дәрежесіне жеткенге дейін бір жыл күтіп-баптауға, сосын отырғызып 4 жыл қамқорлықта ұстауға көп еңбек, рет-ретімен жұмыс жалғасады. Науқан кезінде тұқымбаққа уақытша тер арам шөптерден тазартылып, уақытылы суғарылып 4 жыл өсіріледі. Мекеме бойынша жыл сайын алдын-ала дайындалған 50 гектар алаңқайларға 250 мың дана жас көшет отырғызылады. Тұқымбақтарда Тянь-Шань қарағайының көшеттерінен бөлек көгілдір қарағай, алма, өрік, үйеңкі өсіріледі. Бір сөзбен айтқанда, Кеген орман шаруашылығы мекемесіндегі тұқымбақтар арқылы 4 жыл өсірілетін шырша көшеттері республиканың игілігі болып келеді. Жыл сайын 3 мыңнан аса көшет өңірлерді көгалдандыру мақсатында сатылып беріледі. Мұндағы шырша көшеттері Астанада, Алматыда, облыс орталығында және республиканың түкпір-түкпірінде бой көтеруде.

Біз Берік Көшекбаев жетекшілік жасайтын Темірлік орманшылығында болдық. Мұндағы орманшыларға жалпы 19578 гектар жер қарайды. Дәулет Көшербаев, Берік Шәріпов секілді орман шеберлері, Сағатжан Қасымбеков, Нұрсапа Дүйсенбиев, Мұқтар Елубаев, Санат Түпқабаев, Төлеген Алмабеков секілді орман күтушілері еңбек етеді. Орманшылықтың уақытша тұқымбағы бар. Осында 0,5 гектар жерге Тянь-Шань қарағайының тұқымы себіледі. Одан аз дегенде 500 мың дана көшет өсіріледі. Бұл көшет-жұмысшылар алынады. Жұмысымыз жеміссіз емес, – дейді Темірлік орманшылығының орманшысы Берік Көшекбаев.

Мұндағы орманшылар да арнайы киммен, байланыс құралдарымен, көліктен толықтай қамтамасыз етілген. Орманшылар қысы-жазы тұратын айналымдардағы кардондар талапқа сай күрделі жөндеуден өткізілген. Биыл №44 айналымдағы орман күтушілерінің үйі ағымдағы жөндеуден өткізілді.

– Ауа-райының түрлі құбылыстарын, ауыртпалықтарын бастан өткеріп жатамыз. Қарамағымыздағы орман алабы тұрақты назарымызда. Еңбекақымыз аз болса да жұмыстың қиындығын мойнымызбен көтеріп, жауапкершілігін сезініп, абыроймен еңбектеніп келеміз. Көз қуаныш, жан жұбанышындай орманымызды жас көшетпен молайтып, өртten қорғап, келер келешегін қамдау – басты мұратымыз, – дейді Темірлік орманшылығының жасыл киімді орманшылары.

Біз де Берік Көшекбаев бастаған орманшы жігіттердің қолдары қуатты болсын дедік.

Қанат БІРЖАНСАЛ.
Райымбек ауданы.

▲ТҰСАУКЕСЕР

ЖЫР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ



Суретті түсірген Ж. МҰСАБЕКОВ

Талдықорған қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен түрлі іс-шаралар өткізілуде. Соның бірі Тіл сарайында ұйымдастырылған «Жырым сенсің, Талдықорған» атты жаңа кітаптардың тұсаукесері.

Бұл күні Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Мәрлен Көлбаевтің «Бір сезім бар...», Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, облыстық «Жетісу» газетінің журналисі Қажет Андастың «Алты жол өлең», сондай-ақ, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Әбдірештің Жарасқаны» атындағы сыйлықтың лауреаты, республикалық «Ел-назар» журналының бас редакторы Ергазы Манапұлының «Көңілімнің қобызы» кітаптарының тұсауы кесілді.

Мәрлен Қапашұлының шығармашылығын жас ақындар дәріптеді. Көрінер шоқтығы бөп биіктердің, Өнерлі ұл-қызы бар сүйікті елдің. Ізбасар болайын деп ақындарға, Мұрасын ел-жұртымның сүйіп келдім,– деген өнерлі жеткіншектер ақын өлеңдерін жатқа айтты. Билік саласында жүрсе де қаламын қолынан тастамаған Мәрленнің өлеңдері сыр мен сымбатқа құрылыпты. Оның жырлары негізінен адамдық қасиетті дәріптейді. Елге қызмет ете жүріп, шығармашылық ізденістің шыңына ұмтылған азаматтың өлеңдері оқырман қауымды ойлылығымен тәнті етті. Ақын өлеңдерінен жарына деген сүйіспеншілік, замандастарының назарына арнаған жүрек үнін естуге болады. Кітаптың екінші тарауында «Арман әнім», «Аяулы анашым», «Талдықорған – Жетісудың қаласы», «Ағаларым – тірегім» әндері берілітті.

Қажет Андас «Парасат жолы», «Жетісу баспасөзінің тарихы», «Жерұйық мекен», «Өткен күнде белгі бар» кітаптарының авторы. Әріптесімізбен бүгінде әркімнің тісі бата бермейтін тарих тақырыбына да қалам тартып жүр. Бір кездері төте жазумен жазылған құнды дүниелерді де аударып, құлагер ақын Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығын зерттеумен айналысуда. Қажет Андастың шығармашылығы жайлы рухани ағалары, профессор Тұрсын Сыдық және тарихшы Құлтай Нұрқалбаев ізгі ниет, жылы лебіздерін білдірді. Ағаларынан кейін сөз алған Қажет Андас:

– Мен Тұрсын ағадан қалай іздену керектігін, Құлтай ағадан мұқияттылықты үйрендім, – деп кішіпейілділік танытты. Қаламгерлер бірбірінің еңбегін мадақтап, көңіл хошын білдіріп жатқанда:

Десек те, жаңа заман, жаңа өмір,
Жақсы гой бірін-бірі бағалаған, –

деген өлең жолы тілге оралды.

Келесі кітап Ергазы Манапұлының «Көңілімнің қобызы» дүниесі. Ақын өмір құбылыстарының сырлары, бақыт және шаттық, ұлтжандылық пен имандылықты жырына арқау еткен. Ергазының кітабы туралы ақын Сағыныш Намазшамова өз пікірін білдірді. Соның ішінде «Әже» деген өлеңі жайлы ой қозғады. – Ергазының этностық жырлардан сусындағаны байқалады. Өлеңдерінің тілі орамды, ойы терең,– деп бағалады әріптесі.

Кітап тұсаукесері аға-інілердің шығармашылықтағы байланысын жақындатты. Жас ақын аға буынның жырынан тәлім алды.

Гүлжан МҰҚАШҚЫЗЫ.

▲ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

КӨП БОЛЫП күрескен жөн

Сыбайлас жемқорлықпен күрес Қазақстанның бүгінгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін төмендететіндігі, қоғамда демократиялық оң өзгерістерді жүзеге асыруды тежейтіні, жалпы елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіретіні белгілі. Ең бастысы, адамдардың заң мен шындыққа, билікке деген сенімін әлсіретеді.

Коррупцияның жандануына сыбайласқан жемқорлыққа байланысты заңдар мен заңнамалық актілердің тиімді жүйесінің болмауы, әлеуметтік реформалардың дұрыс жүргізілмеуі, құқық қорғау орындарының тиісті шараларды талапқа сай жүзеге асырмауы, халықтың құқықтық санасының жетілмеуі, оған қарсы тұрудың бұқаралық сипат алмауы себеп болып отыр.

Мемлекеттік қызметші сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығын жасаған жағдайда оның төртіптік жауапкершілігі Төртіптік кеңесте қаралады. Егер мемлекеттік қызметшінің жасаған құқықбұзушылығы дәлелденсе, онда ол атқаратын лауазымынан босату туралы шешімнің қабылдануы әбден мүмкін. Мемлекеттік қызметші сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылығын жасаған болса, ол сөз жоқ, қылмыстық жауапкершілікке тартылмай қалмайды. Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде сыбайлас жемқорлық пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипатталады. ҚР «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңы сыбайлас жемқорлыққа «...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ, соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу» деп анықтама берген екен.

Алайда, қабылданып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларына қарамастан, олар айтарлықтай нәтиже бермей отыр. Ол үшін кең болып күрестің тетігін табу керек.

Д. МҰСАНОВ,
Алматы облысының №1 көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының жасаушысы.

Назар аударыңыздар!

«АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ФИЛИАЛЫНЫҢ СЕНІМДІ ӨКІЛІ КЕЛІЛДІКТЕГІ ТҮРҒАН КЕЛЕСІ МҮЛІКТЕРДІ САТУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРАДЫ:

– Тұрғ. 3302 г. дизельдегі, 1999 жылы шығарылған, Мекенжайы: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген ауылында орналасқан. Бағасы – **875 996** (сегіз жүз жетпіс бес мың тоғыз жүз тоқсан алты) теңге.






– Алаңы 0,0297 га. жердің телімінде орналасқан, алаңы 282,0 кв.м. «БЕК» кафесі. Мекенжайы: Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Алматы – Өскемен трассасында, 144 км. орналасқан. Бағасы – **19 471 913** (он тоғыз миллион төрт жүз жетпіс бір мың тоғыз жүз он үш) теңге.


– Мини-дәнгерме түрі 6Р-2235х1 – 1 жиынтығы. Алматы облысы, Райымбек ауданы, Сарыжаз ауылында орналасқан. Нарықтық құны – **113 750** (бір жүз он үш мың жеті жүз елу) теңге.





– Нан пісіретін пеш түрі НL-116 – 1 жиынтығы. Алматы облысы, Райымбек ауданы, Сарыжаз ауылында орналасқан. Нарықтық құны – **642 500** (алты жүз қырық екі мың бес жүз) теңге.

– 92,8000 га. жалпы ауданы жер учаскесі (уақытша өтеулі жер пайдалану құқығы). Алматы облысы, Райымбек ауданы, Сарыжаз ауылдық округі жерінде орналасқан. Нарықтық құны – **1 760 602** (бір миллион жеті жүз алпыс мың алты жүз екі) теңге.





– 91 га. жалпы ауданы жер учаскесі (уақытша өтеулі жер пайдалану құқығы). Алматы облысы, Райымбек ауданы, Сарыжаз ауылдық округі жерінде орналасқан. Нарықтық құны – **6 586 595** (алты миллион бес жүз сексен алты мың бес жүз тоқсан бес) теңге.

– 157,2300 га. жалпы ауданы жер учаскесі. (уақытша өтеулі жер пайдалану құқығы). Алматы облысы, Райымбек ауданы, Сарыжаз ауылдық округі жерінде орналасқан. Нарықтық құны – **2 982 968** (екі миллион тоғыз жүз сексен екі мың тоғыз жүз алпыс сегіз) теңге.



– 1, 8777 га. жалпы ауданы жер телімінде орналасқан, алаңы – 438,8 шаршы метр астық қоймасы. Мекенжайы: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Кеген ауылында орналасқан. Нарықтық бағасы – **3 883 592** (үш миллион сегіз жүз сексен үш мың бес жүз тоқсан екі) теңге.



– Жалпы ауданы 210,3 шаршы метр тұрғын үй, 0,0903 га. жер телімінде, Алматы облысы, Талдықорған қ, Заря ауылы, Жансүгіров, 13-үйде орналасқан. Нарықтық құны – **13 506 731** (он үш миллион бес жүз алты мың жеті жүз отыз бір) теңге.



Сенімді өкілі: Галиев М.К. Тел. : *8 (728) 55-86-51 Сот. Тел.: +7 701 524 98 54, +7 705 128 44 84*
Мекенжайы: 040000, Талдықорған қ-сы, Абылайхан көшесі, 125-үй.

Назарларыңызда болсын!

Егер сіз облыстық «Жетісу» газетіне жарнама бергіңіз келсе, мына телефонға хабарласыңыз:
Талдықорған: **8 (7282) 41-10-51,** Электронды пошта: **Jetisu2002@mail.ru**
Алматы: **8 (7272) 79-13-37.**
Электронды пошта: **Jetisu_almaty@mail.ru**

▲ІЛТИПАТ

Абыройлы міндет

«Қыран балапанына қанат, ұстаз шәкіртіне талмас талап сыйлайды» демекші, мұғалім елдің ертеңіне жауапты тұлға. Бала тәрбиелеу – өте жауапты міндет. Сол міндетті 31 жыл үздіксіз арқалап келе жатқан Күләнда Құсайынова еңбек жолын 1984 жылы Жаркент педагогикалық училищесінен бастаған. Ол осынша уақыт бойы аталмыш оқу орнында шәкірт алдындағы міндетін абыроймен атқарып келеді.

Күләнда Ешетайқызы 1961 жылы Талдықорған облысы, Киров ауданы, Алғабас ауылында дүниеге келген. Ұстаздық жолды таңдаған ол Жансүгіров атындағы педагогикалық институтының мектепке дейінгі педагогика, психология және пәндер әдістемесі факультетін тамамдаған. Институт жолдамасымен дәріс беру үшін Жаркент гуманитарлық-техникалық колледжіне келген күні бүгінге дейін жалында. Кейіннен 1996 жылы Жансүгіров педагогикалық университетінің қазақ тілі мен әдебиеті факультетінде оқиды. Бүгінде ұстаз жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру жолында еңбек етіп келеді. Ол «Мұқағалитану» және «Әдеби шығармашылық» үйірмесінің жетекшісі, «Айқабақ» әншілер ансамблінің мүшесі.

Мұғалім сөздік қорын байытуға, әдеби тілде еркін сөйлеуіне, жан-жақты кәсіби білім алуына, шығармашылықпен айналысуына еңбек сіңіріп келеді.

Қос мамандықты меңгерген ұстаздың сабақ беру шеберлігі жана заман талабына сай. Колледждегі әдістемелік отырыстарда баяндама оқып, аудандық, облыстық байқауларда білім алушыны даярлап, нәтижелі жетістіктерге жетуде. Былтырғы оқу жылында Республикалық кабинеттер байқауында Күләнда Ешетайқызы жетекшілік ететін «қазақ әдебиеті пәні» кабинеті II орын алып, арнайы сертификат және дипломмен марапатталды.

Күләнда Ешетайқызы қазақ қыздарына тән карапайымдылық және кішіпейілділігімен ұстаздар мен студенттер арасында құрметке ие. Оқытушы әр сабағында ұлтымыздың тілін кастерлеп, дәстүрі мен салтын, әдебі мен ғұрпын үйретеді. Әр сабағында жана технологияны пайдаланады. Білім сапасының, шығармашылық қабілетінің дамуына жоғары мән береді. Сондай-ақ, ұстаз болу ұрпақ тәрбиесі үшін өз жанынды аямау. Ұстаз Нұрсұлтан атты отағасымен бірлесіп үш қыз, бір ұл тәрбиелеп отыр.

Колледж ұжымы мен студенттерінің жетістікке жетуіне Күләнда Ешетайқызының қосқан үлесі зор. Болашақта бұдан да жақсы нәтижелерге жетіп, шәкірттеріңіздің үлгі тұтар ұстазы атанып, абыройыңыз арта берсін демекпіз.

Баян ЕРҚАЛЫМ.
Жаркент қаласы.

ЕСКЕ АЛУ



Кербұлақ ауданы, Қоғалы ауылында тұрған **Мусанов Жұмағали (Қали) Нұрқадырұлының** бұл дүниеден өткеніне 1 қазан күні 20 жыл толады. Ол кезде әкеміз небәрі 33 жаста болатын. Әкемізден соңында 4 бала қалдық: үлкені 13 жаста болса, кенжесі 2 жаста еді. Осы 20 жылдың ішінде өмірдің ыстығы мен суығына төзіп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, әкеміздің жоқтығын білдіртпей аялап өсіріп, төртеумізге жоғары білім эперіп, өмірден өз орнымызды табуға зор үлесін қосқан асыл анамызға мың алғыс. Әкемізге деген сағынышты төмендегі өлең жолдары арқылы жеткіземіз:

Жиырма жыл өтті асқар тауым құлағалы,
Жиырма жыл өтті анам іздеп жылағалы.
Әр күніміз сағынышпен өткенімен,
Жүрегіміз «әке» деп соғады әлі.

Жиырма жыл өтті біз де болдық балалы,
Суретіңе «атам гой» деп қарады...
Жұмбағы мен сырлары көп дүние-ай,
Өзегімді өртеп, бөлін барады!

Тәрбиеңді көріп өстік жасымнан,
Ешкім сендей сипамаған басымнан.
Түсіне алмай қалдық әке артыңда,
Кетуің де болды-ау бізге тосыннан.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: балалары – **Жігер, Ержан, Маржан, Әлішер.**

Алматы облысы ІІО және Ұлттық Ұланның ардагерлер кеңесі мен Алматы облысы «Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жеке құрамы «Күзет» қызметінің бұрынғы бастығы милиция полковнигі

Шыңғысбаев Мыңжасар Қасымұлының

қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 жылғы 22 желтоқсанда тіркеліп, № 15020-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – **41-10-46**, *бас редактордың орынбасарлары* – **41-10-47, 41-10-49**, *жауапты хатшы* – **41-10-50**, *бөлімдер* – **41-10-43, 41-10-68, 41-10-71**, *уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі* – **41-10-52**, *фототілшілер* – **41-10-53**, *жарнама бөлімі* – **41-10-51**.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – **279-13-37** *(факс),* **279-13-86, 279-36-43.**
Меншікті тілшілер: Үшарал – **2-12-57**, *Панфилов* – **9-12-27**, *Райымбек* – **2-22-05**, *Іле және Қапшағай қаласы* – **8-701-564-41-09.**
Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 24-34-55 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен теріпгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы—Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1234567890 П. 1234567890

Көлемі — 2 баспа табақ.
Тапсырыс — 1189.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 64470, оның ішінде «Жетісу» газетінің таралымы — 37 288.
Индексі — 65469.
Кезекші редактор: Гүлжан ТҰРСЫН.

ОБЩЕСТВО

ЕҢБЕК КҮНІ

Отмечаем День труда

Указом Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева утвержден профессиональный праздник - День труда, который отмечается в Казахстане в последнее воскресенье сентября. В связи с этим, акимат Алматинской области утвердил план мероприятий по его организации и проведению. Намечены региональные конкурсы среди трудовых династий «Еңбек жолы», по итогам которых будут представлены кандидатуры на награждение.

В отдельных трудовых коллективах пройдут конкурсы профессионального мастерства, спортивные соревнования, флешмобы. Словом, будут предоставлены возможности для сплочения коллективов, укрепления корпоративного духа фирм, компаний, банков, вузов и др.

Истоки зарождения нового-старого праздника – опять же в идее Главы государства по построению Общества Всеобщего Труда. В июле 2012 года Нурсултан Назарбаев выдвинул ее в противовес идеологии потребления, оказавшейся губительной, поскольку она породила массовое социальное иждивенчество. Более того, стала одной из главных причин глобального кризиса. Наш Президент убежден: конструктивной альтернативой этому является идея Общества Всеобщего Труда. Для Президента важно, чтобы мы восприняли принцип общей ответственности: «Не только государство, все его уровни управления, но и частные структуры, все общество должны разделить ответственность за ход и результаты социальной модернизации».

Основные приоритеты работы управления по инспекции труда Алматинской области на текущий год были направлены на защиту трудовых прав работников и улучшение условий безопасности и охраны труда.

За восемь месяцев 2015 года в ходе 421 проверки, выявлено 1289 нарушений, в том числе: по трудовым отношениям - 854, по безопасности и охране труда – 389 и занятости населения - 46. Организованы 41 выступление в СМИ и 191 разъяснительный семинар, занятие по вопросам трудового законодательства. Более 350 должностных и юридических лиц привлечены к административной ответственности, а сумма наложенных административных штрафов составила свыше 7 миллионов тенге. Число внеплановых проверок мы увеличили в целях профилактики нарушений трудового законодательства и разъяснения Законов о труде. Данная работа продолжится.

Болат ДАНИЯРОВ,
руководитель отдела контроля трудовых отношений управления по инспекции труда Алматинской области.

КОНКУРСЫ



«Учитель года - 2015»

Два дня в талдыкорганской средней школе №25 победители районных конкурсов состязались за право называться лучшим учителем области в 2015 году. Открывая соревнования педагогов, руководитель областного управления образования Лязат Базаркулова отметила, что сегодня в школе востребованы учителя с навыками исследователей. Важна функциональность знаний, полученных учащимися на занятиях в школе – это один из главных международных критериев, по которому оценивается качество обучения в школах мира.

Ольга КРЕМЕНЦОВА

С точки зрения этих требований жюри оценивало выступления 23-х участников конкурса. В течение четырех туров учителя из глубинки демонстрировали свой творческий потенциал. Уже первое задание предполагало представление своего инновационного опыта и учебно-методического инструментария. В течение пяти минут надо было раскрыть свою «Методическую копилку», продемонстрировав новизну и результативность методов работы. Во втором туре требовалось за восемь минут провести яркий внеурочный классный час. А в третьем туре всего за три минуты раскрыть заданную тему и показать при этом ораторское искусство. И, наверное, одно из самых сложных заданий – «Учитель-профи» - когда за 15 минут участники конкурса должны были провести открытый урок (с самоанализом и ответами на вопросы жюри). В целом, итоги порадовали.

Жюри с удовлетворением отметило большое число молодых ищущих педагогов, которые во все задания стремились привнести свое, оригинальное. Как это ярко получилось у учителя истории из Текели – Гульжахан Коштаевой, удостоенной звания победителя в номинации «Учитель-новатор». Ознакомившись с опытом зарубежных коллег (педагог побывала в США), у себя в школе Гульжахан Дукановна перешла на электронное внеурочное общение с учащимися. Что позволило намного расширить горизонты знаний и возможность учеников своевременно получить консультацию у учителя.

Целой симфонией, богатой на открытия, стало выступление Анжелики Нестеренко - непревзойденной учительницы географии из Карабулакской средней школы имени Нурмолды Алдабергенова, победившей в номинации «Учитель-мастер». Своими знаниями Анжелика Викторовна с огромным желанием делится с коллегами из других районов, организовывая тренинги и мастер-классы. Ее ученики сдают ЕНТ только с хорошими результатами. Блестящие выступления педагога во всех турах – настоящий пример для тех, кто только начинает свой путь в педагогике.

Звания «Учитель-исследователь» удостоен ищущий педагог из Коксуского района Серик Аринов. Третье место присуждено сразу двум учителям – преподавателям казахского языка Ернату Рахымову из средней школы имени Макатаева Райымбекского района и Умит Анисовой из лицея №20 города Талдыкоргана. Второе место у учителя английского языка областной школы-интерната имени Ш.Смагулова Абзала Амиренова. Первое место заняла учитель биологии из талдыкорганской средней школы имени Ш.Уалиханова *Зарина Тусупжанова.*

Все участники конкурса награждены благодарственными письмами от областного управления образования. Призы победителям вместе с дипломами будут вручены на торжественном заседании в честь Дня учителя. Победителя ждет главная награда – от акима области. Обладатели второго и третьих мест получат денежные премии от управления образования Алматинской области. Опыт лучших педагогов будет обобщен и внедрен в практику областным методическим кабинетом.



К ДНЮ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАНА

Чувства добрые лирой пробуждали

В минувшую среду сотрудники библиотеки им. В. Маяковского провели во Дворце языков презентацию книг поэтов Кажета Андаса, Марлена Кольбаева, Ергазы Манапулы. Мероприятие приурочено к Дню города Талдыкоргана.

Бейбит МАМЛЕЕВ

Ведущая встречи, методист Аяжан Кыдыралинова отметила что, несмотря на происходящие в мире потрясения, вечные ценности популяризуются в книгах. В своем выступлении руководитель научно-практического центра «Ильястану», член Союза писателей Казахстана, академик Академии педагогических наук РК, доктор филологических наук, профессор Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова Турсын Сыдык подчеркнул, что увлечение литературой означает встречу с жизнью. По его словам, красивая природа и земля региона Жетысу одаривают Казахстан талантливыми людьми. Это прославленные представители литературы и поэзии Ильяс Жансугуров, Мукагали Макатаев, председатель Союза писателей РК Нурлан Оразалин.

- Благодаря поддержке акима области издаются книги писателей и поэтов края Жетысу, среди которых и труды Кажета Андаса. Он автор двух книг, посвященных творческому наследию Ильяса Жансугурова, изданных поэтом на арабском языке в 1920-1930 годах прошлого столетия.

Отличительная особенность стихов новой книги Кажета Андаса «Алты жол өлең» в использовании техники шестеростишия. Этот сборник поэтических произведений и эссе посвящен Родине, родной земле, народу Казахстана, родителям, событиям и явлениям общественной жизни. Книга отражает голос сердца автора, - отметил Турсын Сыдык.

- Кажет Андас - поэт, писатель, журналист, культуровед, мемуарист. Он ранее издал несколько книг о культуре и искусстве региона Жетысу и их представителях, а также мемуары об Ильясе Жансугурове и ректоре ЖГУ им. И. Жансугурова Абдиманапе Бектурганове. На презентации его нового сборника «Алты жол өлең» должен отметить высокие нравственные и профессиональные качества автора, его трудолюбие и рвение в обретении академических знаний. Мы должны гордиться таким человеком, как Кажет Андас. Желаю ему творческих успехов и плодотворной деятельности!- сказал историк-этнограф Култай Нуркалбаев.

После прочтения студенткой факультета журналистики ЖГУ им. И. Жансугурова Сымбат Сагындыккызы одного из стихотворений Кажета Андаса, Турсын Сыдык и Култай Нуркалбаев совершили традиционную церемонию перерезания ленточки.

В ответной речи автор новой книги выразил благодарность организаторам мероприятия, представителям творческой элиты региона Жетысу за оказанную помощь и поддержку в его профессиональном становлении и формировании. Также он отдал дань памяти покойному отцу, вспомнив его вклад в становлении его как творческой личности. Ответил на вопросы читателей о его творчестве.

Не менее интересными и познавательными были презентации книги заместителя акима г. Талдыкоргана Марлена Кольбаева «Бір сезім бар...» и сборник произведений члена Союза писателей Казахстана, лауреата премии газеты «Қазақ әдебиеті», призера нескольких республиканских, областных поэтических состязаний, главного редактора журнала «Ер-назар» Ергазы Манапулы.

Первая глава книги Марлена Кольбаева посвящена любви к супруге. Во второй тексты песен на его стихотворения «Арман өнім», «Аяулы анашым», «Талдықорған – Жетісудың қаласы», «Ағаларым - тірегім» и другие. В атмосферу высокого чувства окунула аудиторию студентка факультета журналистики Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова Назерке Тлеубаева, продекламировав лирическое творение этого автора «Бір сезім бар...».

Поэтесса Сагыныш Намазшанова в своем выступлении поведала о характере творческой деятельности Ергазы Манапулы. По ее словам, поэзия современника отражает его взгляд на события и явления в мире и стране. Его лира воспевает счастье и радость, патриотизм, духовность и человеколюбие. Особой теплотой веет от строк, посвященных родному аулу, жизни и быту сельской местности, воспоминаниям дорогих сердцу внука - дедушке и бабушке.

В поэтической форме выразил свои отзывы и пожелания в адрес творчества Ергазы Манапулы руководитель ансамбля «Талдықорған әуендері» Жангельды Немеребаев.

Прошедшая презентация книг мастеров стихотворного слога стала своеобразным мостом, укрепляющим дружбу между поэтами и читателями.

Фото Жумабая МУСАБЕКОВА.

Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2001 жылдың 7 тамызынан шыға бастады

№45 (736)

06.11.2015

alatau_offset@mail.ru

ЖЕТІСУ ЖЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Жуықта «Алатау» қоғамдық-саяси газетінің редакциясына белгілі жазушы «Алматы-Болашақ» АҚ-ның президенті, редакция алқасының төрағасы Ырым КЕНЕНБАЙ келіп, өңірдегі танымал ғалым-тарихшылар, қоғам қайраткерлері, жазушы, журналистермен кездесіп, Қазақ хандығының 550 жылдығына орай дөңгелек үстел өткізді. «Жетісу жеріндегі Қазақ хандығы» деген тақырыпта өткен дөңгелек үстел әңгімесін оқырмандарымызға толық жариялауды ұйғардық.



Ырым КЕНЕНБАЙ: «Ағаш тамырсыз болмайды, шыққан тегі белгісіз ұлт болмайды» дейді дана халқымыз. «Қазақ хандығының құрылуы Алтын Орда, Ақ Орда және Моғолстан сияқты мемлекеттердің даму тарихы мен өмір сүруінің жалғасы болды» дейді өзінің «Алатау» газетінде жарияланған «Қазақ хандығын құрушылар мен негізін салушылар» деген мақаласында Қазақстан Республикасы Мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Бүркіт Аяған мырза.

Біз бүгін сонау Алтын Орда, Ақ Ордаға бармай-ақ, осыдан 550 жыл бұрын Шу бойында ту тіккен Қазақ хандығының Жетісу өңіріне ықпалын, онан кейінгі өрісті кезеңдерін сөз етсек.

Әрине, Жетісу жерін ықылым заманнан мекен еткен Сақ, Ғұн тайпаларын, Үйсін ұлысы мен Батыс Түрік қағанатын, Қарлұқтар мен Қарахан мемлекеті, наймандардың, керейлердің, жалайырлардың, қаңлылардың ертедегі мемлекеттерін жоққа шығара алмаймыз. Алайда, Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі, әсіресе, Қасым хан тұсында билік, мемлекеттік нышан Жетісу өңірінде мықтап орныға бастағаны тарихтан белгілі...

Тарихта «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» деген атпен есте қалған Қазақ хандығының айтулы кезеңдері Жетісу өңірінде қалай жаңғырды? Сондай-ақ, Жәңгір хан мен Абылай тұсында ел бірлігін сақтауға, алғашқы қазақ мемлекетін қалыптастыруға белсене атсалысқан бабалар есімдерін атай аламыз ба?

Өйткені, көне тарихты жетік білетін академик Болат Көмеков: «Қасым хан тұсында Қазақ хандығы бүкіл Қаратал өзені бойын, Балқаш көлі маңын толық билеп отырды» дейді. Ендеше, осы кезеңді сөз ете отырып, бүгінгі әңгіме тақырыбын Жетісу өлкесі бастан кешкен кейінгі кезеңдерге қарай да жылжытып, бүгінгі күндерге дейін сабақтап көрейік.

Естеріңізде болар, өйткені күні кешеге дейін Кеңестік негізде құрылған өкімет қағаз жүзінде егеменді деп аталғанымен, іс жүзінде орталықтың толық бақылауында болып, ұлттық мүддеден гөрі орталықтың мүддесіне сай саясат жүргізіп келді емес пе? Кеңестік авторлар қазақ тарихын жазуды өз қолдарына алды, қазақ халқының ұрпақтарына өз мемлекеттілігінің болмағанын дәлелдеп бақты, қазақ қоғамындағы хандықты мемлекет емес, ру-тайпалық ұйым ретінде түсіндірді. Сөйтіп, қазақтардың санасына мемлекетсіздік идеясы біртіндеп сіңіріліп, Мемлекеттілікті Кеңес үкіметі әкелгендігі сияқты қасаң қағиданы бірте-бірте қалыптастыра бастады. Тіпті, өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Ресейдің орталық мерзімді басылымдарында «Қазақстан Республикасы ұзақ өмір сүре алмайды. Өйткені, тарихта қазақтардың өз мемлекеті болмаған, оларға мемлекеттілік идеясы жат» деген пиғылдағы пікірлердің белең алғаны бәрімізге аян. Мұндай зымияндық әрекеттерге тек терең дәлелді зерттеулер ғана тосқауыл бола алады.

Сөзді маман тарихшы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің тарих кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Ержан Бұланов ініміз бастаса.

Ержан БҰЛАНОВ:

– Тарихты насихаттау – мемлекеттің бастау көзі болып табылады. Жалпы, халық, Қазақ хандығының 550 жылдығы дегенде осыншама жыл ғана тарихымыз бар екен деп ойлап қалуы бек мүмкін. Әсте олай емес, бізде Елдік деңгейде билеушілеріміз және өз территориямыз болды. Оны басқару үш бөлікке бөлінді. Сонымен бірге, оны қорғайтын әскері де болды. Қытай деректеріне сүйенсек, ол 20 бөлікке бөлінген. Біз мемлекетіміздің бастауын Үйсіндерден аламыз. «Үйсін» сөзі қытай транскрипсиясында «асуан» дейді, оны аударған кезде "биік тауда мекендейтін тайпа" дегенді білдіреді. Қытайлар өз тіліне бұрмалап жазған. Үйсіннен кейінгі Қаңлы, ғұн, түрік қағанаты, қарлұқ, қимақ, қыпшақ барлығы қазақ жерін мекендеген. Осылардың көпшілігі Жетісу жерінде болған. Сондықтан мен Жетісу – қазақ хандығының емес, "Қазақ мемлекетінің алтын бесігі" деп айтар едім. Қазақ хандығына дейін 20-ға жуық саяси құрылымдар болған. Олардың 50-60 пайызы Жетісуда болды.

XV ғасырдың 50-ші жылдарында, яғни, Қазақ хандығының құрылу қарсаңында Жетісуда Моғолстан мемлекеті болды. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан Жетісу моғолдары XV ғасырдың екінші жартысында, түпкілікті қалыптасып болған қазақ халқының құрамына кіруі және Жетісу өңірінің Қазақ хандығының құрамына қосылуы заңды тарихи құбылыс.

Осылайша, Қазақ хандығы бірте-бірте нығая берді. Есен-Бұға хан өлген жылдардан кейін Керей мен Жәнібектің Жетісудағы жағдайы едәуір күшейді. Ал, аталған жошылық екі сұлтан Әбілхайыр ханнан бөлініп, Есен-Бұға ханның иелігіндегі Жетісудың батысына келіп, Қазақ хандығын құрған болатын. Бұл оқиға, тарихшы Т. И. Сұлтановтың пікірінше, 1459-1460 жылдары орын алды. Төл тарихымыз үшін маңызы аса зор осы оқиға жайында Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде былай дейді: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілхайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға қысым көрсетіп, тыныштық бермегендіктен, Жәнібек хан мен Керей хан Моғолстанға көшіп барды. Есен-Бұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шебін құрайтын Шу өзені бойында орналасқан Қозыбасы аймағын берді. Олар сол жерде тыныштықта өмір сүріп, мекендеп жатты...

Жалғасы 7-бетте.

БАСПАСӨЗ - 2016

АЙТАРЫ БАР...



Бексұлтан НҰРЖЕКЕЕВ, жазушы:

- Газетке қажеттісі – сөз. Сөзі шұрайлы, айтары бар газетті оқырмандар іздеп жүріп оқиды. Кейінгі кезде қазақ тіліндегі БАҚ-тың осыдан аңсап тұрғанын байқап та, бағамдап та жүрміз. Бұл тұрғыдан «Алатау» газеті алғашқылардың қатарынан, сөзі де, айтар ойы, мінезі де нағыз қазақ. Ол газетте қызмет жасайтын журналистер мен оның редакторына да байланысты. Айтақынды алтыалаш түгел біледі. Ұстараның жүзіндей дөп басып, орып түсер орынды сөз саптасы тыңдағандардың сарайын қандырады. Ақындық мінезі қоғамдағы өттең-айларды да дөп басады, нысанаға дәл тиеді. Оның сыртында «Алатау» газеті әдет-ғұрып, салт-дәстүр, ұлттық әдебиет пен төл тарихымызға да тұрақты орын береді. Оқырмандар іздегенін «Алатаудан» табады. Әсіресе, тарихи тақырыптағы материалдары деректілігімен, дәйектілігімен көптің көңілінен шығады. «Алатауға» шығармашылық табыс, оқырмандарының молыға беруін тілеймін. Жерлестерімді «Алатауға» жазылуға шақырамын.

БАСПАСӨЗ - 2016

"АЛАТАУ" газетіне жазылуға біркісідей атсалысайық!

"АЛАТАУ" қоғамдық-саяси газетіне 2016 жылға жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Редакция арқылы
1 жылға - 1980 теңге.
"Қазпошта" арқылы
қала тұрғындарына
1 жылға - 2524,88 теңге.
ауыл тұрғындарына
1 жылға - 2807,48 теңге.

ПОДПИСКА - 2016

Начинается подписка на общественно-политическую газету "АЛАТАУ" на 2016 год

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на 1 год - 1980 тенге.
Через "Казпочту"
для городского населения
на 1 год - 2524,88 тенге.
для сельского населения
на 1 год - 2807,48 тенге.

Индексі: 15534

31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН – СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ҮРГЕДЕК ЗАМАННЫҢ АҚИҚАТЫ

Еліміз Тәуелсіздік алғалы 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні деп жарияланды. Сол қасіретті күндердегі қазақ халқының басына түскен нәубет табы күні бүгінге дейін сөне қойған жоқ. Олардың ұрпақтары «халық жауы» деген таңба басылып қаншама қиындықтарды бастан өткерді.



Соңау 1919-1940 жылдар арасында тікелей « халық жаулары» деп ұсталғандардың саны КСРО бойынша 3 млн. 800 мың адам екен. Соның 3 миллионға жуығы ату жазасына кесілген және қалғаны он, он бес жылдан арқалап түрмеге тоғытылған.

Қазақстанда революциялық әскери кеңес, ВЧК, ОГПУ, НКВД деген ұйымдар алашордашылар, феодалдық заманның қалдықтары, ұлтшылдар, сейфуллиншілдер, қожановшылдар, меңкешовшілдер, тағы басқа «...шілдерді» көбейтіп, олардың барлығын баудай түсірген. Дерекқоздеріне көз жүгіртер болсақ, бұл оқиға Қазақстанда 1929 жылдан басталады. Бірінші кезекте қуғын-сүргінге ұшырағандар - мал-мүлкі тәркілеуге іліккен байлар. Мұнан кейін кезек ақыл-ой, парасат иелеріне келді. Олар- Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мұхаметжан Тынышбаев сияқты қазақ елінің дүлдүлдері, зиялы қауымы. Себебі, олар тұтас ұлттың санасын қалыптастырып отырған қаймақтар еді.

1997 жылы Елбасымыз арнайы Жарлыққа қол қойды. Біз бұл күнді қаралы дата ретінде атап өтіп, келеміз. Алайда оның түбінде үлкен қасірет-қайғы жатыр. Тарихқа үңіліп қарар болсақ, ашаршылық қазақ даласында 1929 жылы бірінші рет болып, 1932 жылы қайталанған. Сол ашаршылықтан бірнеше миллиондар қырылды. Аман қалғаны жан сақтау мақсатында басқа елдерге босып, бас сауғалады. Мұның бәрі қазақ даласына жасалған қиянат болатын. Мәселен, сол кездегі Голощекиннің «Кіші октябрь» саясатының өзі халыққа жасалған қысастық болатын. Ол алғашында малмен күнелтіп отырған байларға, кейін орташаларға, ең соңында астық екпейтін малшыларға астық салығын салды. Сөйтіп, 1933 жылға дейін 40 млн. болған малдың ашаршылық жылдардан 15 миллионы қалды.

Мысалы, 1930 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде Мұстафа Шоқайдың «1929 жылғы аштық» деген мақаласы жарық көрді. Онда ол Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақ жерінде болған аштықтың кесірі біріншіден табиғаттың қолайсыздығына байланысты болды» («Қазақ жеріндегі ашаршылық» атты мақаладан) деп айтқан пікіріне: «Бұл жерде ешқандай табиғат қолайсыздығы деген факті болған жоқ, қазақтың ойлы- қырлы даласында қанша қырғын, қанша жұт болса да, халқы бұлай жаппай қырылмаған»-деп жауап береді.

Ашаршылыққа сол кездерде бір жақты баға берілген. Яғни, олардың барлығы табиғат қолайсыздығынан деп биліктің халыққа жасаған қиянатын жабумен болған.

Әрине, ашаршылық сол кезде жалғыз болған жоқ. Қазақта «жұт жеті ағайынды» дейді ғой. Оған 37 жылрепрессия келіп қосылды. Тіпті, сол жылдары егін орағы болғаннан кейін қалған масақты тергені үшін соттalып, халық жауы аталып, атылып кеткендер туралы мәліметтер де бар. Мәселен, «Еңбекші қазақ» газетінде "қызыл тақта", "қара тақта" деген айдарлар болды. Бұл екі айдардың аясында "қызыл тақтада" қуғын-сүргін, ашаршылыққа қарамастан шолақ белсенділік таныtып жүрген мекемелер, ұйымдар, колхоз-совхоздар туралы мақтау-мадақтау материалдар болатын болса, "қара тақтада" масақ теріп халық жауы атанған қарапайым, кінәсіз адамдардың есімі ілікті. Тіпті, қара тақтаға іліккендер күні ертең ату жазасына кесіліп отырған.

Тәуелсіздігіміз халқымыздың сан ғасырлар бойғы күресімен, азаттыққа ұмтылған қайсарлығымен келді. Ұлт тарихын ұрпақтан - ұрпаққа жеткізетін, сабақтастыратын тектi ұрпақ барда басын қатерге тіккен арыстарымыз елімен бірге мәңгі жасайды. Саяси қуғын – сүргін мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суарылған тарихтың шерлі беттерінің бірі болып қала бермек. Әкімшілік – жазалаушы жүйе еңбектеген сәбиді де, еңкейген кәріні де, болмысы нәзік әйелді де аяған жоқ. Біздің ендігі жерде борышымыз - осы қаңқуйлы жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбаны болған азаматтардың есімдерін ұмытпау, оларды мәңгі еске сақтау.

Д. ӘНУАРБЕККЫЗЫ.

ІЛИЯС ӘЛЕМІ

Егеменді еліміздің 1993 жылы 14 сәуірдегі қабылданған алғашқы заңы алмағайып замандарда ұлты үшін күресіп, жазықсыз жәбір көрген небір ұлы тұлғаларын жаппай ақтауға зор мүмкіндік береді. Өткен ғасырдың 30-шы жылдары жалпы қазақ даласында 103 мыңнан астам адам жалған жалаға ұшыраса, оның 25 мыңы ату жазасына кесілген.



Атап айтсақ, қазақ халқының Міржақып Дулатов, Сәкен Сейфуллин, Әлихан Бөкейханов, Бейімбет Майлин, Мұхаметжан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайберді, Ілияс Жансүгіров сынды тағы басқа да дара туған дарын иелерінің барлығы кешегі кеңес одағының солақай саясатының құрбанына айналғаны айдан анық. Бүгінде олардың әрбірінің есімі ұрпаққа ұран.

Биыл сол алаш арыстарының бірі де бірегейі, жер жәннаты Жетісудың төл тумасы, жыр дүлдүлі Ілияс Жансүгіровтің туылғанына – 121 жыл. Осыған орай, жақында ақын атымен аталатын Жетісу Мемлекеттік Университетінде жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келген «Ілияс әлемі» атты жастар фестивалі өз жалғасын тапты. Салтанатты басқосу облыс орталығы Талдықорғандағы зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен, ақын ескертіші алдына гүл шоқтарын қоюмен басталды.

Осы шара аясында өткен республикалық ғылыми-конференцияда алғашқы болып сөз алған аталған жоғарғы оқу орнының ректоры Әбдіманап Бектұрғанов қазақ әдебиетінің қайталанбас тұлғаларының бірі Ілияс жайында орамды ой қозғап, оның жазықсыз жапа шекссе де ұлты үшін атқарып кеткен ерен еңбектерін ерекше бағалады. Осыдан соң университет жанынан құрылған «Ілиястану» ғылми-практикалық орталығының жетекшісі, белгілі профессор Тұрсын Сыдықов басшылық еткен ақын мұрасын зерттеу орталығының алқа мүшелеріне сөз кезегі берілді. Мұнда ақын, Жетісу газетінің тілшісі Қажет Андас Ілиястың өрелі өнері мен өмір деректеріне кеңінен тоқтала келіп, жақында өздерінің тағы біраз тың мәліметтерге қол жеткізгендігін атап көрсетті. «Нақтырақ айтсақ, Шәкәрім Құдайбердіұлын пір тұтқан І. Жансүгіровтың азан шақырып қойған есімі - Қызырілияс. Бұдан сырт, қаламгер 24 бүркеншік ат қолданған. Мұның барлығына біз Ілияс атамыздың өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы түрлі басылымдарда төте жазумен басылған туындыларын жинақтап, аудару барысында көз жеткіздік»,- дейді ол.

Бүгінде Қажеттің аудармасымен толтастырылған «Өткен күнде белгі бар» атты жаңа кітап өз оқырмандарына жол тартты. Сонымен қатар, сол күні еске алу құрметіне жастар арасында жыр мүшәйрасы ұйымдастырылды. Ақын туған аймақта осымен 7-ші мәрте қолға алынып отырған **«Ілияс оқулары»** байқауына еліміздің бірнеше аймағындағы 20-дан астам жоғары және орта білім шаңырақтарынан іріктелген білімгерлер қатысты. 4 номинациядан тұратын байқау шарттарында қатысушылар қаламгер шығармасына талдау жасап, өлеңдерін жатқа айтып, прозасынан мүдірмей үзінді оқудан сынға түсті. Белгілі ақын-жазушалар төрелік еткен бұл бәсекеде бас жүлдені Қарасай ауданынан келген Сымбат Сағындықова жеңіп алса, бірінші орынды ақтөбелік Самира Бақтыбаева еншіледі. Ал, екінші дәрежелі дипломды ақсулық Гүлзира Оңалбаева иеленсе, қалған қатысушыларға білім басқармасының ынталандыру сыйлықтары табысталды.

А. КӘЛІМХАН.

Қабанбай батыр көшесі, 32.
Тел.: 24-12-84, 24-58-87. Факс: 24-75-66.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru



ЖЕТІСУ ЖЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Бәсы 1-беттө

Қазақ сұлтандарының билігі 870 жылдан (1465/66 жж.) басталғанын бір Алла жақсы біледі». Әбілхайыр ханның зорлық-зомбылығынан қашқандар мен Орталық және Оңтүстік Қазақстандағы қазақ рулары мен тайпаларының көшпелі феодалдарын қоспағанда, оларға Жетісудағы жергілікті халықтың белгілі бір бөлігі де бағынды. Қазақ хандығы нақ осы оңжылдықта (XV ғасырдың 60-шы жылдары) құрылып, күш ала бастады. Бірақ оның негізін салушылардың мемлекетті нығайту жөніндегі алғашқы қадамдарының өзі-ақ күрделі сыртқы саяси жағдайда жасалды. Оның мәнісі мынада, моғол билеушілері XV ғасырдың 60-шы жылдардың өзінде-ақ, өздерінің ішкі қырқыстары себепті, негізінен алғанда Қашғариядағы және Моғолстанның оңтүстік-батыс аудандарындағы билік үшін күресте Жетісудағы оқиғалардың барысына араласу мүмкіндігін жоғалтқанымен, қазақ әміршілеріне күшті екі қарсылас пайда болды. Оның біріншісі – батыс шекарасында Әбілхайыр хан, екіншісі – шығыс шекарасындағы ойрат (қалмақ) тайшылары.

Әбілхайыр ханды өзінің ежелгі қарсыластары, өзіне еш бағынбай қойған қазақ тайпаларын басқарып келген Ақ Орда хандарының ұрпақтары Керей мен Жәнібектің күшеюі, оны мазасыздандырған еді. Мынадай сұрақ туады: Әбілхайыр ханның *қашып кеткен қазақ хандарына* қарсы Моғолстанға бұрынырақ, яғни 1459-60 жылдары жорық жасамай, тек он жылдан кейін, 1468 жылы өмірінің аяғында ғана жорық жасағаны неліктен? Әрине, оның жорық жасау ниеті болған, бірақ оны орындай алмады. Бұған оның мемлекетінің құлдырауы және ішкі жауларының көп болуы, Мауереннахрдағы Темір ұрпағы Әбу-Саид мырзаның күшеюі, әсіресе ойраттардың Сыр бойына келіп, олардың 1457 жылы Әбілхайыр әскерлеріне күйрете соққы беруі Әбілхайыр хандығын ұзақ уақытқа әлсіретіп тастады. Сондықтан, ол бұдан көпке дейін есін жия алмады. Ал өз кезегінде Әбілхайырдың ең басты – ата жауы Керей мен Жәнібек бастаған қазақ феодалдары Жетісуда әбден күшейіп алды. Күшті әскер жиып, Моғолстан ханы Есен-Бұғамен жақсы одақтастық қатынастар орнатты.

Әбілхайырдың 1468 жылғы Моғолстанға жасаған жорығы негізінен соларға қарсы бағытталды. Алайда, Әбілхайырдың соңғы соғыс әрекеті нәтижесіз аяқталды. Жазба деректерде, тіпті, Әбілхайыр мемлекетінің тарихын арнайы қарастырған Масуд ибн Осман Кухистанидың «Тарих-и Әбілхайыр-хани» шығармасында да қарсыластардың қақтығысы туралы айтылмайды. Яғни, жорық кезінде Әбілхайыр хан жолда ауырып, содан қайтыс болады да оның әскері кері қайтып кеткен.

Көп ұзамай (1469-1471жж.) қазақ хандары Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік үшін күреске араласты. Жәнібек хан Әбілхайырдың мұрагері Шайх Хайдардың өлімінен кейін өздерінің ата жұрты – Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында берік орнықты. Қазақтардың басты күштерінің Жетісудан Дешті Қыпшақ даласына кетуін, Есен-Бұғаның ағасы, 1469-87 жылдары Моғолстанда билік құрған Жүніс хан пайдаланып қалуды қалт жібермеді. Бірақ, Жетісудың кең-байтақ жеріне көптен бері қызығып жүрген, Ертіс бойын мекендеген ойраттардың жойқын тонаушылық жорықтарына ұшырайды. Амасаншы тайшы бастаған ойраттардан ауыр жеңіліске ұшыраған ол, «жығылған үстіне жұдырық» – 1472-73 жылдары Ташкенттегі Темір ұрпақтарының қолында бір жыл тұтқында болды. Тұтқыннан босап, Моғолстанға қайтып барғаннан кейін Жүніс ханның есіл-дерті түгелдей Моғолстанның оңтүстік-батыс аумағы мен Қашғарияда болды. Және осы мақсатта іс-әрекет етті. Мұнда оған «Тарих-и Рашиди» еңбегінің авторы Мұхаммед *Хайдар Дулатидың атасы* Мұхаммед Хайдар мырза бас уәзір, яғни «ұлысбек» қызметін атқарды. «Ұлысбек» деген атақ, Моғолстандағы ең жоғарғы мемлекеттік лауазым. Бұл лауазым – ең жоғарғы биліктегі ханнан кейінгі екінші тұлға.

Сонымен, XV ғасырдың екінші жартысында жоғарыда аталған барлық факторлардың салдарынан, моғол хандарының Оңтүстік-Шығыс Қазақстандағы ықпалының біртіндеп әлсіреуіне, ал, сонан соң, XVI ғасырдың басында толық жойылуына және бұл өлкенің қазақ тайпаларының һәм қазақ хандарының қолына өтуіне толық негіз жасады.

XVI ғасырдың басында Моғолстанның соңғы ханы болып Шағатайдың ұрпағы Сұлтан Саид хан саналады (Жүніс хан – оның ұлы Сұлтан Ахмад хан – оның ұлы осы Сұлтан Саид хан). Осы кезеңдегі қалыптасқан жағдайға байланысты, яғни, Қасым ханның күшеюінен және оның қысымынан 1514 жылдың көктемінде Сұлтан Саид хан Жетісуды тастап шығып, шамамен 5000 адам болатын қосынмен Қашғарияға өтті. Ондағы дулат тайпасының әмірі Әбубәкір мырзадан билікті тартып алып, Шығыс Түркістанда Моғолия атты жаңа мемлекет құрды. Сол жердің жергілікті авторларының тарихи хроникаларында «Могулийе», «Мамлакат-и могулийе» деп аталған жаңа мемлекеттің негізін қалады.

Ал, Жетісу жері толығымен Қазақ хандығының құрамына кіріп, осы уақытқа дейін Қазақстанның ажырамас бір бөлігі болып келеді, бір бөлігі болуда және болашақта да болып қала береді. Оған сеніміміз кәміл. «Жер жәннаты – Жетісу» болған шырайлы да, шұрайлы бұл аймақ – Қазақ елінің тарихи атамекені. Бұл аймақтағы ру тайпалар үш жүздің бірі – Ұлы жүздің негізін қалыптастырды. Яғни, қазақ халқының қалыптасуына зор ықпал етті. Осының барлығы қазақтың құдіретті билеушісі Қасым ханның тұсында болған еді. Сонымен қатар ежелгі үйсін дәуірінен бері жалғасып келе жатқан мемлекеттердің (Батыс Түрік, Түркеш, Қарлұқ және т.б.) басым көпшілігі нақ осы Жетісу жерінде пайда болды. Сондықтан, "Жетісу жері - Қазақ мемлекеттігінің алтын бесігі" деп айтуға толық негіз бар.

Қажет АНДАС:

– Жоңғардың шығуы Әмір-Темірдің қайтыс болуымен тікелей қатысты екен. Біз кейінгі кезде тек Жоңғарды ғана білеміз. Кеңес одағының тарихшыларының саясаты ғана. «Қазақ» деген атау деп жатады. Біздің тарихшылар «қазақ» атауының екі нұсқасына көбірек тоқталады. Ол «қазақ» дегеннен шықты, «казсак» дегеннен шықты дейді. Пайымдап келгенде, «Қазақ» деген мемлекеттің атауы екен. «Қазақ хандығы» деген мемлекеттің аты. Соның құрамындағы түрік тектес тайпалар қазақтар боп жинақталған. Ал, ол үш иелікке бөлінген. Біздің 14 облыс сияқты. Біреуін - ұлы жүз, біреуін - орта жүз, біреуін - кіші жүз деп. Мысалы: Албандар Ақтөбеде болатын болса кіші жүз болып, Адайлар осында болатын болса, ұлы жүз болып кетер еді. Керей мен Жәнібектің келгені тарихта бар нәрсе, Бұрындықтың кетуі қанталапаймен кеткен.

Бір айта кетерлігі, қазір еліміз Президенттік басқару жүйесінде болғанымен түптеп келгенде барлық билік құрылымы кешегі Үйсіннен бастау алған ұлы жолдан ауытқып кетпеген. Қазіргі мемлекет басқарудың барлық тетігі сол байырғы ел билеу жолын сақтап, дамытып отыр. Кейбір зерттеушілер қазіргі қос палаталы парламенттік жүйенің Үйсін хандығы дәуіріндегі абыз сайлау, Қазақ хандығы тұсындағы би сайлау дәстүрінің жалғасы екенін дәлелдеп жүр.

Ақселеу Сейдімбеков айтқандай, «Біздің қазаққа көркем шындықтан гөрі қатқыл өмір шындығы көбірек керек. Өйткені, біз өзіміз туралы ақиқатты айта алмай келген, тарихқа есеміз кеткен халықпыз». Расында, өзіндік қасиеттен айырылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті.

Осы тұрғыда тереңірек зер салсақ, қазақ қоғамының да өзіне тән ел билеу, жұрт басқару жолы, жөн-жосығы болған. Тарихи ақиқаттарға жүгінсек, бабаларымыз адамзат қауымдастығынан арна тартып, дарынды, жігерлі адамдардан тұратын қоғам орнатып, ерлікті, батырлықты ұрпақтан-ұрпаққа үрдіс еткенін білеміз.

«Тарих толқынында» еңбегінде Мемлекет басшысы: «Біздің арғы ата-бабаларымыз Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға, Сібірден Үндістанға дейінгі аумақты алып жатқан мемлекеттердің дамуында екі мың жыл бойы елеулі рөл атқарып келді. Орасан зор кеңбайтақ аумақта қоныс аударумен болған көшпелілер Еуразияның этностық және мемлекеттік бет-бейнесін бір емес, бірнеше рет өзгертті» деп жазғандай, қазақ қоғамының ел билеу жолы әр дәуірде әртүрлі көрініс тапты. Ол кейде елдің саяси өмірімен ұласып кетсе, енді бірде әлеуеттің әлеуметтік жағдайымен қабысып жатты. Ал, бірде халықтық өнердің ұйытқысы болған сал-серілік дәстүрмен қабаттаса өрбісе, ел басына екіталай күн туып, ер етігімен су кешкен кезеңде батырлықпен сабақтасып, бейбіт күнде сөз жарыстырған елшілікпен өріліп отырды.

Әз Жәнібектің аталық жолын баласы Қасым хан, одан соң Ақназар жалғастырып, қол астындағы көпшілікке қол артқан саңлақтардың қатарынан орын алады. Қасым хан ел өміріндегі саяси жағдайға байланысты қазақ халқының ежелгі ғұрып-әдеттік ережелерін негізге алып, билер кеңесімен ақылдаса отырып, «Жарғы» заңын жасады. Бұл кейін «Қасым ханның қасқа жолы» деген атаумен тарихқа енді. Бұл заң қазақ хандарының ғұрып-әдеттік ережелерін алға жылжытқан маңызды құжат болды. Сондай-ақ, ел билігі де сол заңның төңірегінде өрбіді. Қазақ хандығын ұзағынан 47 жыл басқарған Есім ханның тұсында «Қасым ханның қасқа жолына» толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп: «Хан болсын, ханға лайық заң болсын. Батыр болсын, жорық жолы мақұл болсын. Абыз болсын, абыз сыйлау парыз болсын. Би болсын, би түсетін үй болсын» деген ережелер қосылды. Бұл Қазақ хандығы тұсындағы билік жүйесінің нығаюы мен толығуына зор серпін берді.

Ал, Тәуке хан «Күлтөбенің басында күнде кеңес өткізіп», «Қасқа жолдың» бұрынғы 5 тарауына екі тарау қосып, «Жеті жарғыны» жасап шықты. Айта кетерлігі, «Жеті жарғының» жасалуына үш жүздің ойшыл, саңлақ билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер мен ел арасынан шыққан беделді билер, қол бастаған батырлар да үлкен үлес қосты. Бұл үрдіс Абылай мен Әбілхайыр хандар тұсында тіптен кемелденіп, керегесін жая түскені мәлім. Олар би-шешендер, сал-серілер мен батырларды маңына топтап, ел ісін жүргізудің берекелі жолын қалыптастырды.

Расында, қазақ халқы Алланың назарына, оң қабағына іліккен періште пейіл халық қой. Көші тығырыққа тірелгенде халықтың арасынан ақыл-парасаты мол, қайсар емендей тұлғалы ұлдары суырылып шығып, ауған жүгін түзеп, тың өріске бастады. Сондай қасиеттер қонған ел билеушілері туралы жоғарыда айттық. Сол үрдіс еліміз тәуелсіздік алғаннан бері де жүйелі жалғасты. Халықтың қамы үшін кеудесін оққа да, шоққа да тосатын елін сүйген азаматтардан кенде болмадық. Соның бірегейі – тұңғыш Президентіміз, қарапайым халық арасынан шыққан саясаткер Нұрсұлтан Назарбаев.

Бір айта кетерлігі, қазір еліміз Президенттік басқару жүйесінде болғанымен, түптеп келгенде барлық билік құрылымы кешегі Үйсіннен бастау алған ұлы жолдан ауытқып кетпеген. Қазіргі мемлекет басқарудың барлық тетігі сол байырғы ел билеу жолын сақтап, дамытып отыр. Кейбір зерттеушілер қазіргі қос палаталы парламенттік жүйенің Үйсін хандығы дәуіріндегі абыз сайлау, Қазақ хандығы тұсындағы би сайлау дәстүрінің жалғасы екенін дәлелдеп жүр.

Ырым КЕНЕНБАЙ: – Қажет бауырым, сен біраз мәселелерді жақсы айттың. Сенің облыстық *«Жетісу» газетінде жарияланып* жүрген материалдарыңды үзбей оқып тұрамын. Тарихтың келелі мәселелерін көтеріп жүрсің. Қаламың жүйрік қаламгер екенің байқалады. Тарих ғылымын тереңінен зерттеп жүрген магистр екенсің. Ал, енді мен жоғарыда айтып өткен Қазақ хандығы, оның ішінде Іле, Қаратал өзендері бойындағы Қазақ хандығының сабақтастығы, осы жердегі мемлекеттіктің алғашқы іргетасының қалануы жайында не айтасың?..

Қажет АНДАС: – Тарихта «Қаратал қырғыны» деген оқиға бар. Бұл терең зерттеуді қажет ететін дүние. Осыған байланысты Қытайдағы Су Бихай деген атақты тарихшы есіме түсіп тұр. Бұл адам 40 жыл Қытайдың ҰҚК-сының тарихында жұмыс істеген. Оның зерттеуінде Қаратал бойындағы шайқас - Жоңғармен болған шайқас. Ал, бұл шайқасты 1643 жылы деп отырмыз, яғни, бірінші Орбұлақта шайқасты. Содан бері қарай Жоңғармен шайқас. 1368 жылы Құбылай құрған Юань патшалығы күйрейді. Осыдан кейін, Шыңғыс хан ұрпақтары қайта біріге бастайды. Осы негізде Жоңғар қалыптасқан.

Жапонның Саратори деген тарихшысының айтуынша, жоңғармен 100-ге жуық шайқас болған. Ал, біз қанша шайқасты білеміз? Ендігі кезекте бізге ізденіс керек. Қаратал шайқасының бұрын басқаша атауы болуы да мүмкін. Тарихта сол атаумен бұрын жазылған ба, соны білу керек. Жалпы, аға, жақсы бір ой салдыңыз. Менің де көкейімде жүрген жай еді. Аға, мұны, көп ұзатпай «Алатауда» жариялайтын боламыз...

Жалғасы 8-беттө

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 24-12-84, 24-58-67, факс: 24-75-66
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕТІСУ ЖЕРІНДЕГІ

Басы 7-бетте

Ришад ТҰРҒАНБАЕВ: – Қазақ хандығын тойлау - ел үшін керек. Кемер ұрпақ үшін таптырмас олжа. Кей адамдар хандықты атап өтуде екіге жарылды. Алғашында түсінбей қалды. Сонда қалай, біздің тарихымыз 550 жыл ғана болғаны ма деп. Жоқ, ол басқа. Мынау хандықтың құрылуы. Яғни, Керей мен Жәнібектің қазақ хандығының уығын шаншыған кез. Міне, біз үшін де, ұрпақ үшін де осыны жете түсіндіруіміз керек. Сонымен қатар. Таразда аталып өткен дүбірлі той өте керемет өтті. Барша халықтың рухын асқақтатты. Тойға қатысып, сол жерде жүріп көптеген мәлметке көз жеткіздім. Соның бірі – Тараздан табылған Хандықтың шежіресі. Ескі тілде жазылған. Әлі толық зерттелп бітпеген. Мен оны суретке түсіріп алдым. Егер қызығып зерттеймін деген адамдар болса келіп көрсе болады. Өзінің де тозығы жеткен. Көп сөздері өшіп, көмеріп қалған екен. Жалпы, тарихқа деген көзқарас қазір үлкен қарқында дамып келеді. Оны Тараздағы той барысында байқадым. Керей мен Жәнібектің аскерткіші ашылған кезде халық түрлі естеліктер мен жаңа тың деректердің шетін шығарып, әңгіме өрбітті. Әлі де зерттелмеген құндылықтарымыз көп. Әсіресе, Жетісу жайында, мына бүгінгі әңгіме сонын бастамасы және тарихқа жаңа қырынан келу деп ойлаймын.



Ырым КЕНЕНБАЙ: – Жетісу жерінде Қазақ хандығын ұстап тұруда батыр бабаларымыздың орны ерекше болды. Олар туралы айтылып та, жазылып та жүр. Әсіресе, Жетісу жеріндс болған «Орбұлақ шайқасы» туралы кім білмейді. Бар-жоғы жеті жұзге жуық қазақ сардарларының елу мыңнан асқан қонтайшы қайтаруы – аскан ержүрек ерліктің белгісі емес пе?! Бұл жайында көп жылдан бері терең зерттеулер жүргізіп жүрген белгілі жазушы ағамыз Бексұлтан Нұржекеев кейінгі мәліметтерінде «Орбұлақ шайқасы» Қарасай батырдың қатысы, оның тұтынға түскен Жәнгір сұлтанды қалай босатып алғанын суреттей келе, жалпы Орбұлақ шайқасы жайында былай жазады.

Орбұлақ шайқасы 1643 жылы, шамамен шілде айында. Жетісудың шығысында, қазіргі Белжайлау деген жайлаудың батыс жақ шетінде болған. Оның қалай болғанын, немен аяқталғанын орыс пен қалмақ тарихшылары да, қазақтар да жазған. Соның ішінде оқиғаның болған-біткенін өз құлақтарымен Батұр қонтайшының ордасынан естіп шыққан орыс елшілері Ильян мен Кучембердейконың Тобыл аскербасы Куракинге жазған мәлімдемесі түпнұсқа деректе жатады. Оны тарих ғылымдарының докторы В. Галиев өзінің «Хан Джангир и Орбулакская битва» деген кітабында «Русско-монгольские отношения» деген кітаптан алып, тұңғыш рет Қазақстанда жариялады

Ильин мен Кучембердейко бұл соғысқа Батұр қонтайшы 50 мың қолмен аттанса, қазақ қолы 600 адам болды, ал оған Жалаңтөс батыр 20 мың қолмен көмекке келді деп жазады. Ал, Қазыбек бек Тауасарұлы қалмақтың 50 мың қолына Жәнгір бастаған 700 батыр оқпана қазып, қарсы тұрды. Жалаңтөс 23 мың қолмен көмекке келді деп жазады. Мен Қазыбек бек бабамыздың жазғаны шындық деп ойлаймын. Өйткені, ол атасы жазып кеткен Матай шежіресіне сүйеніп айтып отыр. Өз тарихын қазақ өзгелерден гөрі анық білуге тиіс.

Орбұлақ шайқасы кезінде Қарасай батыр 45-те. Бұл – батыр үшін көмел жас. Өкесі Есім ханның бас батыры болған, өзін жау тұтқынынан жаужүректілен құтқарып алған Қарасайды Жәнгір батыр деп қана емес, жанашыр досым деп те бағалаған болар. Оған айрықша сенгенін осы Орбұлақ шайқасында оған ең қиын тапсырманы сенің тапсырғанынан да аңғаруға болады. Екі шақырымнан асатын оқпана ордың басшылығын Жәнгір Қарасайға сенің тапсырады. 700 жауж жаужүгердің жарты-сы оқпанға бекінсе, Жәнгірдің өзі басқарған 300 ат үстінде Қызылқия қалқасына бекінеді. Жер ыңғайын көрген адам ол соғыстың басты ауыртпалығы оқпана ішіндегі жауж жаужүгерлерге түскенін бірден аңғарады. Алаида, оқпана ішіндегі жауж жаужүгерлерге түскенін дейнгі қазақтың хас батырлары түгел бас қосқан. Ол соғыста орыс мәліметі бойынша, қалмақтың он мыңы. Қазыбек бектің айтуынша, он бір жарым мыңы қырылған. Былайша айтқанда, оқпана мен Қызылқияға бекінген

Орбұлақ шайқасы 1643 жылы, шамамен шілде айында, Жетісудың шығысында, қазіргі Белжайлау деген жайлаудың батыс жақ шетінде болған. Оның қалай болғанын, немен аяқталғанын орыс пен қалмақ тарихшылары да, қазақтар да жазған. Соның ішінде оқиғаның болған-біткенін өз құлақтарымен Батұр қонтайшының ордасынан естіп шыққан орыс елшілері Ильян мен Кучембердейконың Тобыл әскербасы Куракинге жазған мәлімдемесі түпнұсқа деректе жатады.

әр қазақ батыры орташа есеппен 16-17 қалмақты өлтірген. Бұған мақтану – обал, бағалай білу керек. Ел бастаған ханымыздың кемеңгерлігін, ел қорғаған батырларымыздың қасиетін қастерлей білуіміз керек.

– Жалпы алғанда, Қазақ хандығының тарихын қорамға паш ету - пышыи жағынан қиын емес, бүгінгі күннің идеологиялық талаптарынан туындап жатқан құбылыс екенін білуіміз керек. Демек, XV-XIX ғасырлар арасын қамтыған Қазақ хандығы Қазақстан тарихында ерекше орын алып қана қоймай, осы кезеңде қалыптасқан ұлттық сана мен халықтың өзіне тән ерекшеліктері қазіргі бодың қорамымен тікелей ұштасып келеді емес пе?! Сонымен бірге, сол кезде өмір сүрген хандар мен сұлтандар, батырлар мен билер, бектер мен әмірлер, ақындар мен жыраулар, ишандар мен абыздардың жүріп өткен жолдары ерлік пен елдікті паш еткен небір айтулы тарихи оқиғалары бүгінгі жас ұрпақ үшін өшпейтін үлгі-өнегеге айналды.

Мәселен, хандықты біріктіруде елеулі еңбек сіңірген атақты билер еді. Ұлы жүзден – Төле би, Орта жүздеп – Қазыбек би, Кіші жүздеп – Әйтеке би. Осылардың қосымша барлығы Алты алаштан жеті би таңы сайланды. Олардың бар ақыл-көмегерлігі беле-жарылғандарды тәртіпке шақырып, қазақ халқының күш-жігерін бір арнаға тоғыстырып отырды. Билер кеңесі анықында, заң шығарып, заң бекітуші қызметін де атқарды. Сол билер кеңесі «Дала конституциясы», «Жеті жарғы» немесе «Тәуке ханның заңы» дегенді негізге алды. Онда Қазақстандағы заңдылық пен мемлекеттік мәселелердің кепілдігі шоғырланды. Бұл дәстүр одан кейінгі кезеңге дейін жалғасып, бертінге дейін сақталып келді. Ал, ондай кемеңгер билер Жетісу жерінде де өмір сүріп, Ескелді, Балпық, Қабылиса, Жолбарыс секілді данагей бабалар Қазақ хандығының ұстанымдарын білік, өздері өмір сүріп отырған кезеңдегі ел тұтастығын сақтап, нығаюына елеулі үлес қосты.

Бақберген ТҮКІБАЕВ: – Өте дұрыс айтып отырсыз. Ырым аға! Өзіңіз сөз еткен Ескелді, Балпық, Қабылиса би бабаларымыз осыдан үш ғасырдан астам уақыт бұрын сонау Сыр елінен Жалайыр жұртын бастап, осында Қаратал өзені бойына көшіп келіп қоныстанған екен. Сонда данагей бабаларымыздың ең алдымен ойлағаны ел тыныштығы, ұрпақтарының алаңсыз өсіп-өнуі. Алайда, бұл жерде де оларға сыртқы жаулар тыныштық бере қоймады. Сонда қолдарына найза алып, қол бастаған да кездері болған. Бабамыздың: «Батыр туар ел үшін, жақсы туар көл үшін» немесе «Белінгенді бері жейді, жарылғанды жау алады» – деген нақыл сөздері елі күнге дейін ел арасында сақталып келген. Ескелді батыр бастаған жалайыр қолы Аңырақай шайқасына, Текелі қаласынан әрідегі Жолбарыс сайы, Балдырғанды, Қыз құлаған деген жерлерде өткен шайқастарға қатысып, қазақ жерін жаудан азат етуге елеулі үлес қосқаны тарихтан белгілі. Оның маңында Жайнақ, Төттімбай мерген, Малтабар, Құлжан секілді батырлар болған.

Бабамыздың бейіті төменгі Қаратал бойында жатыр. Ұрпақтары төуелсіздігімізді алғашқы жылдарында-ақ еске алып, оның 300 жылдығына орай 1992 жылы ас беріп, кесене – құмбез орнатты. Айтқан сөздері мен өлгіне-би туралы аңыз-әңгімелер жинақталып жеке кітап болып басылып шықты. «Елдің иесі, жердің киесі болады» деген аттиең ел арасында кеңінен тарап кеткен бір қария әңгіме былай таратылады.

Төле бидің туған жиені Ескелді 16-18 жасар шамасында осы нағашысының ауылына барады. Сол кезде атақты Абылай ханның жас кезінде Сабалақ атанып кеткен балаң жігіттің түйе бағып жүрген түсы екен. Бәрі бас қосып отырған бір сәтте сол Сабалақ Төле биге қарап,:– Ұлы би. Менің де қалмаққа қарсы аттанатын кезім жеткен сияқты. Маған батаңызды беріңіз, – депті. Сонда Төле би: – Болат кездік қын түбінде жатпасын білгенмін. Жолың болсын, бара гой, – деп батасын беред і.

Кетіп бара жатқан Сабалақты Ескелді тоқтатып:– Батыр, мыналарды есіңде ұста, – деп төбесіндегі тақиясын көтеріп басына екі соғады, белбеуін шешіп жоғары көтереді де, тілін шығарып, қолын бұлғайды. Сабалақ басын изеп шығып кетеді. Жауына түтқындап шапқан Сабалақ батыр жаудың бетін қайтарғанымен, олардың бекінісін ала алмайды. Қалың қолдың өнесі түсіп, кәйтпақ сынай танытады. Сонда Абылай – Төле бидің жанында отырған балаң жігіт маған ақыл айтып еді. Соны орындасақ бұл қамалды алып қалармыз, – дейді.

– Ол қандай?

– Қалмақтың бекінісі мықты. Біріншіден ала алмассың, екінші рет шап. Жай шаппа, белбеуінді ту ғып көтеріп "Абылайлап шап" деген еді. Осыдан кейін аузын ашып, тілін көрсеткені – бекініс алынар, бірақ ісіңе ие бол, ешкімге тіл тигізбе дегені. Қазақ, қалмақ әуелде бір туысқан. «Елдің иесі, жердің киесі болады» деген, ісіңе абай бол деп еді.

Осының айтқан Сабалақ белбеуін ту етіп «Абылайлап» ат қояды. Қайта шабуылдап күтпеген қалмақ жағы жеңілс тап, қамалдың қақпасын ашады. Сабалақ (Әбілмансұр) осыдан былай Абылай атанып, кейін хан сайланады, Ескелді би бас уәзір болады.

Негізінен Ескелді би, батыр туралы көптеген мәліметтер төр ойраттың тарихында сақталған. Ескелді бабаның ерлік жорықтарын саралау үшін Эрден батырдан кейін таққа отырған Қалдан Цэрен, Әмірсананың тарихына жүгіну керек.

Менің осы бастырсуда басып айтарым, бүгінгі Жетісу жеріндегі жер – су атауларының өзі сөйлеп тұрған көне тарих емес пе? Мәселен, осы Талдықорған қаласына түсе берістегі Малайсары, Орақты тау бектерлері тарихтан ойып тұрып орын алған есімдері бүгінгі ұрпағына көңінен таныс атақты батыр бабаларымыздың атарымен байланысты. Жас кезімізде ақын Қалиқ Жалсарбаевтың «Орақты батыр» поэмасын оқып едік. Ал Малайсары батыр жайында белгілі жазушы Сәбит Мұқановтың шығармаларында айтылады. Тіпті, мына, таудан құлап Қараталға құйылып жатқан Шажа өзені жайында не білеміз. Ол Ойраттың Шажа батырының есімімен байланысты. Үлкен түменнен айрылып қалған қалмақтар қазақтардан аман кетудің бірден-бір жолы жекпе-жек деп ұйғарса керек. Басына бұқпаны мүйізін байлаған Шажа Ескелді бабамызды жекпе-жекке шақырыпты. Батыр баба Шажаны бір сілтегенінен-ақ жан тәсілім етіпті дейді. Сонан ешбір қалмақта зәбір көрсетпестен еліне қайтарып тұрып:

-Батырларың сендер үшін мерт болды, соғыс даласында қаза болған мұндай жандарды қазақтар шейіт дейді. Мәйітін арқалап тегі кете алмайсыңдар. Одан да ақ жауын, арулап осы арада жерлеңдер. Біз мына тау мен өзенді осы батырдың есімімен «Шажа» деп атаймыз дейді жарықтық. Содан бері бұл тау мен өзен Шажа аталыпты. Бұдан басқа да батырлар туралы ше?..Мысалы тарихи деректерде ойраттың аты аңызға айналған қолбасшысы Эрден батырдың 1653 жылы Қаратал бойында Жалайырдан шыққан Жолбарыс батырдың қолынан қаза тапқаны айтылады. Ал ел аузындағы аңыздарда Жолбарыс денесіне жау қаруын дарытпаған батыр өрі қара қылды қақ жарған би болған деседі. Осы секілді бір тана Мұқыры өзенінің қалай аталғанын білеміз бе?..

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 24-12-84, 24-58-67, факс: 24-75-66
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Бір өкініштісі, кезінде ел қорғаны болған осы батырлар жайлы терең зерттеулердің жоқтығы. Бұлардың көбі бүгінде көп айтылып жүрген Райымбек, Қарасай, Қабанбайдың үзеңгілестері ғой. Ендеше, Ырым аға, бағана Қажет бауырымызға орынды сұрақ қойдыңыз. Қазақ хандығы дегенде, біз алдымен осы өңірде, осы жерде қаны төгілген батырларымыз бен ел билеген данагей бабаларымыз туралы терең білуіміз керек. Бұл келер күндердің еншісінде тұрған кезек күттірмейтін мәселелердің бірі деп білемін мен.

Ырым КЕНЕНБАЙ: – Туған жердің тарихын тереңнен біліп, өсер ұрпаққа өнегелі із қалдырып кеше жатқан ағаларымызды қашан да мақтан етеміз. Кезінде «Үш байтерек» қорын құрып, Ескелді, Балпық, Қабылиса даналарға, бабамыз Қадырғали Жалайырға ескерткіш орнатуға мұрындық болып, күні кеше Талдықорған қаласының орталығында ашылған орталық мешіттің салынып тұрған күн-түн демей, жылдап жүріп, орасан зор еңбек сіңірген облысымыздың Құрметті азаматы Науруз Қылышбаев ағамыздың бүгінгі сұхбатымызға қатысуы біз үшін үлкен зор мәртебе.

Науруз аға, Жетісу тарихын, Сіз оңынан бастасақ та, соңынан бастасақ та жақсы білетініңізді біламіз. Оның үстіне, әркез амандығын тілейтін айтулы азаматымыз Әміре Әрінге ақылман болып, бүгінде оқырман әр санын асыға күтетін «Шыңғысхан» журналын шығарып жүрсіздер. Қазіргі күннің көкейкесті тақырыбы Ресей империясының Қазақ жеріне сонау ықылым заманнан көз тігуін жіті зерттеп жүрсіз...

Науруз ҚЫЛЫШБАЕВ: – Шыңғысханның өмір жолы, әскери қолбасшылық амал-тәсілдері, даналық есиеттері, көрікелдігі келей ұрпақтарына ғана емес, басқа елдің билеушілеріне, оның ішінде «Ежелгі Ұлы Русь» князьдарына үлгі болды. 862-1169 жылдары өмір сүрген Ұлы Киев князьдігінің тарихтағы орнын ешкім жоққа шығара алмайды. Киев князі Игорь 912 жылы өлген Олегтің ісін жалғастырса, Игорь өлгеннен кейін оның әйелі Ольга (Елена), одан кейін ұлы Святослав билегені тарихтан белгілі. Ольганың тұрған өлкесі Псков пен Новгородқа төркіндеп барған көрінеді. Күндердің күнінде тоғай аралап жүргенде аспаннан түскен нұрдың үш сәулесін көріп, табиғаттың мына ғажайып көрінісіне елітпей ме? Қайтсін, заты әйел гой... Оның сыртында Төңірдің қалауынсыз мұндай құбы-лыстың болмайтынын білген де болар. Осы оқиғадан кейін жүкті болып, 930 жылы, елу жасында туған ұлын күн дидарлы Владимир атаған.

Ерекпен ұл тапқан Ольганы ел «әулие» атағанын Мәскеу теледидарының «Люди Святые» бағдарламасы насихаттап жатса, несіне күмәнданамыз. Тек, мұның Алан-Қуа мен Боданшар оқиғасымен не байланысы бар? – дейсіз гой баяғы. Нұрдан туған Боданшар өз елінде патша болған дейді тарих. Қай жылдары екені айтылмайды. Ал, күн дидарлы Владимир Святославович 980 жылдан Киев князы болып, 1015 жылы өмірден өткен. Таңбасы «трезуб» – тарақ. Екінші де өмірге келген мерзімдері қатарлас. Ойға ой қосатын жайттың бірі осы болса, ол жағын тарихшылар айта жатар.

Алғашқыда осы күн дидарлы Владимирінің басқа дінді ұстаған көрінеді. Біреулер «төңіршіл» десе, енді бірі «язычник» еді дейді. Кейін Қырымда православие дінін қабылдап, оны ежелгі русь жерін мекендеген халықтар арасына зорлап енгізіпті. Оның ұрпақтарымен ұзақ жылға созылған соғыста жеңіске жетіп, елді біріктіруші князь атанған. Көнбегендері шығысқа маңып кеткен. Оның түсында ежелгі орыс мемлекетінің (Великий Киев) қарқынды дамығаны да тарихи шындық. 2015 жылы шілде айының 28-жұлдызында күн дидарлы Владимирдің өмірден озғанына мың жыл толуын Ресей мен Украина жұртшылығының мемлекеттік деңгейде атап өтуі – тарихқа тағзым өткені. 1169 жылдан бастап Киевтің мәртебесі төмендеп, Князья Владимирские дәуірі шарықтайды. Ал, Шыңғысхан ұрпағының қолдауымен нығайған Ұлы Мәскеу княздігі 1425-1533 жылдар аралығын қамтиды.

Шыңғыс әулетінен алғаш князь атанған кім? Ол Шыңғысхан құрған Ұлы Ұлыстан 1266 жылы іргесін бөлген Алтын Орда ханы Мөңке Темір. Өлеңді дүр сілкіндіреп «Алтын Орда» орыстың мықтылығынан емес, білікке таласқан Шыңғысхан шөпшектерінің алауыздығынан бірнеше ірі хандыққа бөлінгенін де ешкім жасыра алмаса керек-ті.

Оның себебін де түсініп бағалық. Еділ, Днепр өзендері жағалауы мен Қыпшақ даласын мекендеген елдерді өзіне қаратқан Бату батысқа бағыттталған жорығын тоқтатпақ та болған көрінеді Алайда, Үгедей оның бұл ойын қолдамай, күннен туған ұлы Қадан Оңылды қосып жорықты жалғастыруын талап етеді. Өскер басқыруға Шагатай мен Төле балаларды да қатынасқан көрінеді. Ежелгі Русь мемлекетінің құнарлы деген жерін сыналай жарып өтіп, Мәжарстанды өзіне қаратып, Римнің алқымынан алған шақта Үгедей қайтыс болады. Соғыс тоқтап, Ұлы ұлыстың төртбұрышындағы ұрпақтары Қарақорымға жиылып қаған сайлау рәсіміне кіріседі. Бұл құрылтайдың ең онайға түспеге жеңе. Тек бес жылдан кейін Күйік қаһан сайланады. Міне, осы кезеңнен бастап Төленің ұлдары да хан тәжіне дөмелепіп, үміттерін үкілей бастайды. Батыйдың қолдауымен 1251 жылы хан тағына Мөңке отырады. Бұл дара биліктің екіге бөлінгенін аңғартпай ма? Бір жағында Батудың қолдауына арқа сүйеген Мөңке, екінші жағында Сайын хан атанған Батудың өзі. Мұрагерлікке таласпайтынын білдірген Хулагу 1256 жылдан өз алдына дербес Ілхан мемлекетін басқарғаны тарих айдынында сайрап жатыр. 1259 жылы Мөңке қайтыс болғаннан кейін саяси дағдарыс басталып, хан тағы үшін талас тек Шыңғыс әулеті арасында ғана емес, олардың үрім-бұтақтары арасында еріс-алыпты-ау. 1260 жылы Мөңкенің бауыры Арық-Бұқа (1260-64ж.ж.) хан тағына отырды. Дәл сол кезде Мөңкенің Қытайдағы бауыры Құбылай өзін ұлы хан деп жариялап, төрт жылдық кескілескен кәнтегіс Құбылайдың жеңісімен аяқталған ле еді. Бірақ оның билігін батыс ұлыстағы Жошы балалары мойындамады. Әрқимағтке бет алған Жошы ұлысында бірнеше хан алмасып, 1266 жылы Мөңке Темір тұсынан «Алтын Орда» өз алдына дербес империя болып танылды. Осылайша, Құбылай билеген Юань империясы мен Алтын Орда дербес екі империяға айналғаны айдай анық.

Өлемді дүр сілкіндіреп «Алтын Орда» орыстың мықтылығынан емес, білікке таласкан Шыңғыс-хан шөпшектерінің алауыздығынан бірнеше ірі хандыққа бөлінгенін де ешкім жасыра алмаса керекті.

Бүгінгі Москеу қаласындағы көрікті көшенің бірі – «Большая ордынка», екіншісі «Малая ордынка» дегенніңіз – Еуропадан «Алтын Орданға» барар жолдың бойындағы елді мекен. Орыс князьдарынан жиналған алым-салықты қабылдап, оны хан ордасына жеткізетін ресми адамдардың тұрағы. Алтын Орданың Қарақорымына бет алған елші, көпестердің осы жерге келіп, сапарын жалғастыруға келісім алатын құзырлы мекеме де осында болған шамасы. Алым-салықтың жартысы Ордаға жеткізілсе, жартысы осында қалып Мәскеу княздігінің нығаюына себеп болған.



Мөңке Темірдің үшінші қатыны Құтты он үл туыпты. Кенжесі Тоғырлышының ұлы Өзбек Тоқаннан кейін таққа отыру үшін мұрагерліктен мүлдегі көптеген ханзаладарды өлтіріп, таққа отырған ол Алтын Орданың беделін көтерді дейді білгіштер. Алтын Орда өңірінде ислам дінін шарықтатқан Өзбек хан Ресейдің ордаға төуелділігін мойындатқанымен, ұзақ ете бері көрсінше болатынын Өзбек хан да, оның ұлы Жәнібек те бабасы Шыңғысхандай болжай алмаған гой.

Айталық, 1462 жылдан Москваның ұлы князі болған Иван үшінші Васильевичтің тұсында Москва княздығына 1463 жылы Ярославль, 1474 жылы Ростов княздықтары, 1478 жылы Новгород феодалдық республикасы, 1485 жылы Тверь ұлы княздығы, 1489 жылы Вятка және Рязан жерінің көпшілігі қосылды. Псковқа ықпалын күшейтті. Ұлы Литвамен 1487-1494 және 1500-1503 жылдардағы соғыстардан кейін Чернигов, Новгород-Северский, Гомель, Брянск тағы басқалары Москваға қарады. 60-80 жылдарды жүргізген күрес нәтижесінде 1487 жылдан Орыс князідігі әдауір күшейді. Ал күш алған ел әу бастан-ақ керегесін кеңейтуді ойлайды емес пе? Көршілерін жаулау ниеті осы тұстан басталады десек, қателеспеспіз.

Айдаһарға теңелген Қытай, ықта баланған Ресей империясының әу бастан-ақ аңсағаны қазақ елін кегерту емес, қазақ жерін иелену еді. Жоңғар, Қытай, Қоқан басқыншыларына төтеп берген қазақтың орысқа келгенде кеңпейіл бола қалуын түсіну үшін де, тарихтың тұп-тамырына назар аударғанымыз дұрыс. Қамалдың арғы бетіндегілердің қазақ жерін иеленсем деген түп мақсатын жақсы білген бабаларымыздың «қара қытай қаптаса, сары орыс туғанындай болып кетеді» дегенін енді-енді түсінгендейсің. Қара қытай дегенің кім? Бір деректе кидандықтар, енді бір деректе керейлер Жетісу жерінде жүз жыл билік жүргізген. Олардың басқыншылығынан азат еткен Қазақ ұлтының атасы – Шыңғысхан. Ал, орысқа орыс болып қала береді.

Ресей жерінде Патшалық билік 1547 жылдан басталған. Орыстың тұңғыш патшасы Иван Грозный 1547-52 жылдардағы жорықтарда Қазан хандығын, 1556 жылы Астрахань хандығын қосып алды. 1557 жылы Үлкен Ноғай ордасы мен Сібір ханы Едігерді төуелді етті. Сыртқы саясатта мемлекеттің шығыс шекарасын кеңейтуді, батыста Балтық жағалауын қосып алуды көздеді. Ішкі саясатта самодержавиелік өкіметті күшейтуге қарсы болғандардың барлығын аяусыз күрес әке мен бала арасында жалғасын тапты. Өлгенде, қанағасыз тыныштық орнаған емес.

Қадырғали Жалайыр өзінің «Жылнамалар жинағының» ең алғашқы бөлімінде Борис Годунов жайында көңілен мадақтап жазған. Біреудің айтуымен емес, орыс патшасын жақсы білгендіктен. Ақыл парасаты кем, ынжық Федор патша тұсында мемлекетті іс жүзінде Годунов басқарды. Федор патша қайтыс болғаннан кейін Земство жиналысы 1598 жылы 17 февральда Годуновты патша етіп сайлады. Ол қабілеті күшті мемлекеттік қайраткерлігімен мемлекетті бір орталыққа бағындыру саясатын жүргізді. Дворяндарға сүйеніп, ірі боярларға қарсы күресін, Помещик жерін сальқам босатты. Опарға конфискацияланған шіркеу және боярлар жерін үлестіріп берді. Оразмұхаммедті Қасым хандығының ханы, Қадырғалиды уәзірі етіп тағайындап, Шыңғысхан ұрпақтарынан мәңгі емес, қазақ хандарымен қарым-қатынас орнатуға ынтады болып, келіссөздер жүргізді. Бұл дегеніңіз – Шыңғысханның әскери стратегиясын ұтымды пайдалана білген орыс патшасының әрекеті...

Қазақ хандығын әлсіретуге бағытталған Қытай, Жоңғар, Қоқан хандарының зұлымдық әрекеттері Ресей патшасына, айтары жоқ тиімді болды. Империяға тан алдині, әлсізге айдал салып әлсіретуі саясатын ұтымды пайдалана білген Ресей патшасы Қазақ жерінен айырылып қалуды ойлаған да емес, керісінше, Алтын Орда мен Моғолстан мемлекетін толығымен өзіне қаратып, тарих айдынында Шыңғысханнан асып түсу еді. Ол үшін алты Алашты Қытайға емес, өзіне тәуелді ету стратегиясы патша сарайында алдын ала дайындалғанын түсіну қиын емес.

Шыңғысхан және оның ұрпақтары болмағанда орыс мемлекеті болмас та еді деген пікірді орыс ғалымдары жасырып қалмай, ашық айтуда. Николай Ливашов, Дмитрий Решетниковтер Теміршіні күн дидарлы Владимирдің ұрпағы болуы мүмкін дегенді де тілге тиек етеді. Петр бірінішіңі Қазақ жері Азия елдері мен Үндіге барар жолдың қақпасы, сондықтан қазақ халқы Ресейдің құрамында болуы қажет деуі Батыска ашқан терезесімен тепе-тең. Оның арман болып қалмай іске асуына тиянақтылық тәжірибесін берген Тәуекелев пен кеңесшісі И. Кирилов. «Сіз қазақ ұлты тұрғанда оның жерін күшпен жаулап ала алмайсыз. Ол жердің бүгінгі иесі Шыңғысханның ұрпағы», – деп ағдына сексеуіл ағашына қосып ара, балта қойып, «мынаны белп патшаға ұсын», – депті ел мен жерді жақсы білетін географ ғалым Кирилов патшаның оқдағарына.

Жалғасы 12-бетте.

Кабанбай батыр көшесі, 32.
Тел.: 24-12-84, 24-58-87. Факс: 24-75-66.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕТІСУ ЖЕРІНДЕГІ

Басы 9-бетте

Ана батырың аралап кесе алмай, балталап бөле алмай біраз әуреге түседі. Сонда екі томар сексеуілді қолына алған кеңесші бір-біріне соғып, морт бөлінген сексеуілді патшаның алдына тастайды да: «Шыңғысханның Ұлы Дала төсінде моғол ұлысын құрғандағы мақсаты - қырық рулы қазақтың ынтымағын нығайту еді. Ол мұратына көзі тірісінде-ақ жеткен. Оның рухымен рухтанып, аманатын жалғастырып келе жатқан Қазақ халқы қазір ешкімге дес бермейді. Оны жеңем десеңіз, ру басыларын бауырыңызға тартып, шен беріп, шекпен кигізіп, бір-біріне айдап салсаңыз, мына сексеуілше өз-өзіне соғылып өлсірейді», – деген екен. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген қағиданы орыстар да жақсы білген екен-ау. Біліп қана қоймай, олардың аражігін ашуға емір бақи тырысып келгені және белгілі.

Дәл осы ұстаныммен Әбілқайырдың ұсынысын елеусіз қалдырмай кіші жүз хандығын қарамағына қабылдаған орыстар Сәмеке хан тұсында орта жүз жеріне сығалап та, сыналай да кірді емес пе. Жетісу өлкесін басып алуы 1847 жылы басталып, Сібір казак-орыстарына айрықша еркіндік берілді. Жергілікті халықты ығыстырып, жайылымды былай қойғанда, кедейлердің шұрайлы суармалы егістік жерлерінен ойып, еркек кіндік басына отыз десятинадан артық жер алуға ерік берді.

Жыл сайын казак-орыстардың саны көбейіп, олардың қатарына әскерден босаған солдаттар мен Орталық Россиядан ауып келген шаруалар мен қалмақтар қосылып, Капал, Сергиополь (Аягөз), Іле, Верный (Үлкен Алматы), Лепсі, Ұржар, Көксу, Софийск (Талғар), Сарқан, Арасан, Қарабұлақ, Надеждинск, кіші Алматы станицалары орнықты. Бұлардың саны 1900 жылы 29-ға, 1914 жылы 34-ке жеткенін, адам саны 1867 жылы 14648 болса, 1914 жылы 54340-қа жетіп, Жетісу казак-орыстары өз алдына әскер тобы болып (екі полк) құрылғанын тайға таңба басқандай дәйектілікпен жазылған ресми деректерді де тарихтан білеміз.

1196 жылы хан сайланған Темірші 1206 жылы Ұлы ұлыстың негізін қалап, азаттық жорығын жалғастыра отырып, бүгінгі Моңғолия мемлекеті емес, анау 7,7 миллион шаршы шақырым жер аумағын қамтыған алып "Ұлыстың Шыңғысханы" атанған. Біз тіпті «Артыңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген ұғымды да тар шеңберде түсінетін көрінеміз. Егер оған терең мән берсек, ұрпақ үшін атадан қалған даяр байлықтан гөрі, өздері өсіп-өніп тіршілігін жалғастыратын жер қалғаны маңызды. «Баянсыз байлықтан, баянды Отан қайырлы» деген ұғым осылай қалыптасса, оның да негізін қалаған Шыңғысхан 7700 000 шаршы шақырым жерді өз ұрпақтарына табыс етіп кеткенде оның иесі атанған Алтыалаш еді ғой. Осынау ұланасыр аймақта, бүгінгі қырық үш мемлекет орналасқан жерде, орталықтандырылған билік жүйесін қалыптастырғаны заманына лайық жаңалық әрі ұтымды тәсіл болғанын әлем тарихшылары күні бүгінге дейін насихаттап



Жыл сайын казак-орыстардың саны көбейіп, олардың қатарына әскерден босаған солдаттар мен Орталық Россиядан ауып келген шаруалар мен қалмақтар қосылып, Капал, Сергиополь (Аягөз), Іле, Верный (Үлкен Алматы), Лепсі, Ұржар, Көксу, Софийск (Талғар), Сарқан, Арасан, Қарабұлақ, Надеждинск, кіші Алматы станицалары орнықты. Бұлардың саны 1900 жылы 29-ға, 1914 жылы 34-ке жеткенін, адам саны 1867 жылы 14648 болса, 1914 жылы 54340-қа жетіп, Жетісу казак-орыстары өз алдына әскер тобы болып (екі полк) құрылғанын тайға таңба басқандай дәйектілікпен жазылған ресми деректерді де тарихтан білеміз.

отырғаны ұрпақтары үшін үлкен мәртебе. Ал, біздің заманымызға дейінгі аты әлемге жайылған Александр Македонский – 3 480 мың шаршы шақырым Франция елінің атағы жер жарған Наполеоны 1 150 000 шаршы шақырым жерді жаулап алса, аты шулы Адольф Гитлер – 2 190 000 шаршы шақырым жерді иемденгенімен оған тұрақтап, иелік етіп, қызығын көру бұйырмапты. Әйтсе де, өздерін Арийлерге жатқызған Адольфтың Отаны әр жылдары Пруссия, Алмания, Германия атанғанымен, байырғы тұрғындары атын өзгертпеген «дойшы» ұлты өз жеріне ие болып қалды. Ал, Моңғолия емес, Моғол қауымдастығының негізін қалап, Ұлы Ұлыстың қанатын кеңінен жайған Ақсүйектер, Қазақ хандығының шаңырағын көтерген Шыңғысхан ұрпақтары неге моңғол ұлты болып атануы керек?!

Шыңғысхан қай дінді ұстанғаны жайында тарихшылар мен зерттеушілердің пікірі осы уақытқа дейін бір арнадан шықпай келеді. Будда, ислам дінін ұстанды дегендердің үәжі тепетең. Бірі дәрет алғанын көлденең тартса, екіншісі дұға жасағанымен дәлелдегісі келеді. Намазға жығылғаны жайында нақты дерек жоқ. Шыңғысхан ұрпағынан алғашқылардың бірі болып ислам дінін қабылдаған Берке. Газан ханның ислам дінін қабылдап, оны мемлекеттік дінге айналдырғаны

шындық. Шыңғысхан әу бастан дінге құрметпен қараған киелі адам. Оның ұстанымы еркіндік, адалдық, сенімнің беріктігі. Осы көзқарасын өзгертпеген ол ешбір дін басыларына қиянат жасамай, елдің төңірге сыйласымдықпен қарауын талап еткен. Қағанға адалдық танытып, ұстанымын қолдаушылардың, ағымды саясатына сенім білдірушілердің басымдылығынан Шыңғысхан бір жеңістен келесі жеңіске жетіп отырды. Оның Ұлылығын айғақтайтын жайттың бірі осы. Ал, қазір исламмен, барлық құрлықтарда саны өсіп келе жатқан мұсылмандармен әлем жұртшылығын қорқытып, үрейін ұшыруды дәстүрге айналдыра бастаған Еуропа елдері саясатын Ұлы қағанның ұлағатты ұстанымымен салыстырып көр. Кімнің жабайы, кімнің тағы «варвар», ал кімнің иманды елге жататынын осыдан-ақ байқаңыз.

«Шыңғысханның Ұлы Дала төсінде моғол ұлысын құрғандағы мақсаты - қырық рулы қазақтың ынтымағын нығайту еді. Ол мұратына көзі тірісінде-ақ жеткен. Оның рухымен рухтанып, аманатын жалғастырып келе жатқан Қазақ халқы қазір ешкімге дес бермейді. Оны жеңем десеңіз, ру басыларын бауырыңызға тартып, шен беріп, шекпен кигізіп, бір-біріне айдап салсаңыз, мына сексеуілше өз-өзіне соғылып өлсірейді», – деген екен. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген қағиданы орыстар да жақсы білген екен-ау.



Орыстың ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкин: «Естілік пен тағылықтың айырмашылығы – өткенді құрметтей білуінде» деген екен. Биылғы Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған дүбірлі той соның айғағы.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы Марал Ысқақбай: «Ханы болмаған халықтың тарихы да болмайды» деп еді ғой бір сөзінде. Туғанда жотасында жалы бар Мерке, Жансақал, Құдайберген, Төңірберген жайындағы аңыздарды бүгінгі күнге жеткізген Сәбит Мұқанов, Қойшығара Салғара, т.б. қайраткерлер болса, енді қолымызға Мұхтар Мағауин жинақтаған аңыз қосылды. «Шыңғысхан және оның заманы» кітабын қолыңызға алып мұқият оқыңыз. Оқыңыз да ойланыңыз.

Бей-берекесі кеткен елге хан сайлау қажеттігін шешкен он екі бидің қалағаны нәсілі таза Темірші болыпты. Туыстары жағынан шеттетіліп, әлдебір өзеннің бас жағына барып орныққан саятшыны хан болуға өрең көндіріп, оны арбаға отырғызып, өздері көлік болып жегіліп, еліне алып барып хан сайлаған билердің саны неге он екі болуы керек? Логика деген ілім бар емес пе? Кезінде қылыштың жүзінен қаймығып исламды қабылдаған қазақ, зеңбіректің гүрсілінен шошып, ұлттық құндылығымыздан кенжелеп қалды деп сұңқылдаған қазақ тарихшылары мен зерттеушілері қай уақытқа дейін басын шұлғып, батыс пен шығысқа жалтандай бермек?

Кеше ел аман, жұрт тыныштa өзін Шыңғысханға теңеп өмірден Сталин де өткен. Қолын сермеп, «кузкина мать» деген сөзіменақ, әлемнің зәре-құтын қашырған Никита Хрущевтің Қазақстанды бөлшектеуге тырысуының өзі Ақ патша тұсында басталған от арлау саясаты мен жымысқы әрекетті жалғастыруы еді. Қазақ ұлтының табандылығына шы дай алмаған даңғой өз ойын іске асыра алмады. Есесіне Қырымды Украинаға тарту етті. КПСС-тің саясатын қолдап, СССР-ге тәуелді болу жайындағы оның ұсыныс-талабын қабылдамаған Мао Цзеодун «Жетісу жерін Балқаш көліне дейін қайтарып бер», – деп сес көрсеткен. Шама-шарқын байқайын деп қытайлықтар бәзбаяғыдай Даманск аралы мен Жалаңаш көл аймағында алтыншы жорығын бастап та еді ғой. Ел шетіне енгелей кіргендерінің тұмсығын бұзған КСРО-ның күш-қуаты болды.

Алайда, иә, алайда дейік. Шыңғысхан өсиеті мен оның жосық талаптарынан ауытқуға жол берген шөлшектерінің қам-қарекетін компартия көсемдерінің өздері жаңғыртты. Төрелер (лауазымы жоғары адамдар) тек Мәскеу билігі ұнатқан адамдардан сайланып, тағайындалу рәсімі монархиялық тәсілмен жүргізілді. Төреліктен (номенклатуралық қызметтен) үміткер басқа ұлттың жайсаңдарын шектеуі, тіпті, халық жауы деп қарғы бау тағып, келешегіне балта шабуы Өзбек ханнан да асып түсті. Көсемдердің бір-біріне деген іштарлығы өршімесе, басылмады. Ел конституциясын күзеуден бастап, сөзбұйдалыққа салынған Горбачевтің дәрменсіздігінен, таққұмарлық кеселіне ұшыраған Ельциннің пендешілігінен «Союз нерушимый» (Мәңгілік ел) көз алдымызда күйреп тынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32.
Тел.: 24-12-84, 24-58-87. Факс: 24-75-66.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ



– Дегенмен олар өз істеймін дегенін істеп те кетті, – деп сөзге араласты осы тұста Кеңес дәуірінде көп жылдар партия-совет қызметінде болған, бүгінде дербес зейнеткер **Сұлтан САДЫҚБАЕВ** аға:

– Наурыз, сен өзің де комсомолдан өстің, партия қызметінде болдың, біраз аудандарды басқардың. Ал қазір шыныңды айтшы, сол кезде Кеңес үкіметі саған еркіндік берді ме?!. Бір ауданды басқарып отырсаң да, әр істеген ісіңді орталықпен ақылдасатынсың, одан қалса Мәскеуге қарайтынсың... Бүгінгі айтып отырған әңгімеміздің бірде-біреуін, тіпті шетін шығара алмайтынбыз. Әдет-ғұрпты ұмытып, салт-дәстүріміздің айырылуға жақын қалдық. «Өзге ұлт өкілдерін де көтеру керек» деген желеумен басшылық қалаған адамдарын қоятын. Сөйтіп, әртүрлі ұлт өкілдерін бір-бірімізге айдап салатын. Бұл жайында сенің жоғарыда келтірген сексеуіл жайындағы әңгімең еске түседі.

Республиканы Юсупов, Колбин секілділер басқарса, тіпті осы бір ашылып, бір жабылған Талдықорған облыстық партия комитетіне Ануфриев, Жигулиндер жетекшілік жасады емес пе? Көзіміз тек тәуелсіздіктен кейін ғана ашылды ғой...

Жігіттер, біз бүгін, сонау Қазақ хандығы тұсында негізі қаланып, бастау алған мемлекеттігіміз, ел басқару дәстүрінің тәуелсіздік кезіндегі жалғастығы жайында да әңгіме етуіміз керек. Күні кешегі Кеңес дәуірінің өзінде қазақ елінің қалыптасып нығаюына орасан зор үлес қосқан Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев пен алтын құрсақ қазақ халқының басқа да аптал азаматтарының қажыр-қайратты еңбектерін айтпай кетуге болмайды. Бүгінде тарих оларға әділ өз бағаларын беруде. Бұл үрдісті біз кеңінен жалғастырып, кейінгі ұрпаққа құнарлы мәліметтер қалдырып кетуіміз керек. Ал, ел бағына туған Елбасымыз туралы жақсы айтып келеміз. Бұл орынды да әрі тарихи шындық. Қазақ хандығы дәлелденіп ол әлемге әйгіленіп, тойланып жатқаны сол кісінің бастамасы, сол кісінің арқасы.

Алайда, «Елбасы біреу – ел оған тіреу» дейміз ғой бүгінде. Елбасына тіреу болып, жергілікті жерлерде ел басқарып жүрген айтулы азаматтар жайында да неге ашық айтпасқа! Мен өз басым, Серік Әбікенұлы Үмбетовпен көп жылдар қызметтес болдым. Ол кісі Жамбыл облысын да, Алматы облысын да басқарған адам. Алматы облысында болғанда, әкімшіліктің аппарат жетекшісі болдым. Бұл қызметтің қандай міндеттер атқаратынын жақсы білесіздер. Сонда бір таңқалатыным, Серік Әбікенұлының шын мәнінде ел үшін туған, ел азаматы екендігі. Ол кісі көрегендікпен келешекті болжайтын. Өткенді де ұмытпай дәстүр жалғастығын келер ұрпаққа қалай жеткізудің сара жолдарын белгілейтін...

Ырым КЕНЕНБАЙ: – Оныңыз рас. Серік Әбікенұлы Алматы облысын басқарған тұста бұл өңір экономикада ғана емес, мәдени-тұрмыстық жағдайда да көп ілгеріледі. Руханиятымыз қайта жаңғырып, жаңаша көктеп, кең өріс алды. Өткеніміз түгенделіп, Ескелді, Балпық, Қабылисаға арналған «Үш бәйтерек», Қадырғали Жалайыр, Сүйінбай, Қабанбай ескерткіштері бой көтерді. Танымдық-тарихи, мәдени мұраларға арналған көптеген шаралар өткізілді. Ел еңсесі көтеріліп, сусындап қалды.

Менің байқауымша, қазіргі облыс әкімі Секеңнен көп өнеге алған Амандық Ғаббасұлы да Алланың көзі түскен адам секілді. Олай дейтінім, құрылысы жеті жылға созылған орталық мешіт Амандықтың әкім болуын күтіп тұрғандай, есігін айқара ашты емес пе! Бұл тұспа-тұс келген сәйкестікті мен өзім атым Ырым болғандықтан ба, әйтеуір жақсы ырымға баладым. Оны өзіне айттым да, өзі де қуанышын жасыра алмай мешіттің ашылуында атап айтты.

Шындық жақпар-жақпар шыңдарды тіліп, ақбас тауларды қиялап, биікке бет түзеген асудың үрейлі, қия жолдарын еске салады. Шамасы шындықтың шыңғырып көзге түсетіні де, көңіл төріне күдік пен үмітті жарыстыра қатар қондыратыны да сондықтан болар?!

Биыл ел ырзығы еселеніп жатыр деп естідім. Ауылшаруашылығында, оның ішінде Жетісудың байырғы дақылы қант қызылшасынан мол өнім алыныпты.

Мен Амандықтың әкесін көрген адаммын. Текті, зиялы азамат еді. «Лениншіл жас» газетінде, мәдениет және ғылым бөлімінің меңгерушісі болып жүрген кезімде, біз, Көкбазардың жанында орналасқан газет-журнал редакцияларына келіп тұратын. Бір-екі рет «дөңгелек үстелге» қатысқаны бар. Көбіне «Мәдениет және тұрмыс» журналының жауапты хатшысы жазушы Зәкір Асабаевпен бірге жүретін.

Халқының көне мұрасы мен мәдениетіне шын жаны ашитын азамат еді. «Әке көрген – оқ жонар» деген, Амандықтың өзімен кездесіп, сөйлесіп жүрмесек те өкесін көргендіктен, баласы туралы да тек жақсы сөздер айтылып жүрсе екен деп ойлаймыз...

Осы кезде тағы да сәйкестік болды ма, әйтеуір біз сұхбат құрып отырған «Алатаудың» кең залына рұқсат сұрап, Наурыз Қылышбаевтың ұлы, қазіргі Ескелді ауданының әкімі Нұрлан Қылышбаев келіп кірді.

Әкені іздеп келген ұлға разы болып қалдық. Ел басқарып жүрген жас азаматқа алғысымызды жаудырып, үйіп-төгіп ағалық ақыл айтып, тапсырмалар бере бастадық.

– Мен сөзімді аяқтайын, – деп арқаланды Наурыз аға.

– Бүгінгі күнде әлем елдеріндегі түркі тілдес халықтың саны екі жүз миллионға жуық екен. Соның 12 миллионы Қазақстанда, небәрі 0,08 миллионы Моңғолияда. Олардың басым көпшілігі қазақтар. Біразы будда дініндегі «чингизидтер». «Түбі бір – түрікпіз» дегенді бұрын асқақтатып айта алмасақ, енді, міне, бір-біріміздің есебімізді алып, іздестіре бастадық. Бір-бірімізбен түсінісіп, туыстығымызды мойындай түсудеміз. Ниетіміз жақсы. Тілегіміз ақ. Баянды болғай. Осы бір киелі іс басқа да бауырларымызға жұғысты болып, **Қазақ хандығының құрылуы, өмір сүргендігі Қазақстан тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі болды деп әлемге ашық айтып отырмыз. Сол кезде басталған этникалық дамулар қазіргі уақытта ұлттық деңгейге жетті.**

жалғасын тапқай.

Мен «Тарих жолы қашан да тайғақ екені ақиқат. Ал, ақиқаттың төркіні – қашан да шындық» деген Нұрлан Оразалиннің тұжырымына толық қосыламын.

Шындық жақпар-жақпар шыңдарды тіліп, ақбас тауларды қиялап, биікке бет түзеген асудың үрейлі, қия жолдарын еске салады. Шамасы шындықтың шыңғырып көзге түсетіні де, көңіл төріне күдік пен үмітті жарыстыра қатар қондыратыны да сондықтан болар?!

Не болғанын да...

Шындық шіміріклей тура қарап, тура жүрген жанның қолындағы томағасы алынбаған қыран бүркіт!

Шындық – айтарын айта білген, қара қылды қақ жарып, қақырата тілген адамның қолындағы ақ алмас!

Бүркітті ұшыра білген, алмасты ұстай білген адам ғана адамзат ақылына ақыл қосып, ойы мен санасына оң жол сілтей алады», – депті ел қамын ойлаған сенатор, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалин.

Жақсы айтыпты. Тарихшылардың да, жазушылардың да, мыңдаған қазақ оқырмандардың да жетесіне жеткізе айтыпты.

Ендеше Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақтың өзіндік ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау – менің президенттік те, перзенттік те парызым» деген сөзін естен шығармай, «Өзін-өзі қорғай алған елдер ғана өсіп-өркендеген» деген сөзіне қолдау көрсетумен шектеліп қалмай, барлық салада, әсіресе тарих айдынында өз пікірін білдіріп, қолдан келсе келер ұрпақ үшін ақылман сөз айту әр қазақстандықтың басты міндеті деп білемін мен.

Ырым КЕНЕНБАЙ: – Әңгімемізді әдемі қорытындыладыңыз, өте дұрыс айттыңыз, аға! Қай қазақтың болмасын тіпті XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш қозғалысының негізгі мақсаттарының бірі де – қазақ халқының мүддесіне сай қызмет ететін, ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру жоспары да Қазақ хандығымен байланыста дамыған еді ғой. Алайда, тарих үрдісі көрсеткендей, ол жүзеге аспай қалды. Ал, бүгін біз тарихтағы Қазақ хандығының құрылуы, өмір сүргендігі Қазақстан тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі болды деп әлемге ашық айтып отырмыз. Сол кезде басталған этникалық дамулар қазіргі



екен. Соның 12 миллионы Қазақстанда, небәрі 0,08 миллионы Моңғолияда. Олардың басым көпшілігі қазақтар. Біразы будда дініндегі «чингизидтер». «Түбі бір – түрікпіз» дегенді бұрын асқақтатып айта алмасақ, енді, міне, бір-біріміздің есебімізді алып, іздестіре бастадық. Бір-бірімізбен түсінісіп, туыстығымызды мойындай түсудеміз. Ниетіміз жақсы. Тілегіміз ақ. Баянды болғай. Осы бір киелі іс басқа да бауырларымызға жұғысты болып, шыңғырып көзге түсетіні де, көңіл төріне күдік пен үмітті жарыстыра қатар қондыратыны да сондықтан болар?!

Не болғанын да...

Шындық шіміріклей тура қарап, тура жүрген жанның қолындағы томағасы алынбаған қыран бүркіт!

Шындық – айтарын айта білген, қара қылды қақ жарып, қақырата тілген адамның қолындағы ақ алмас!

Бүркітті ұшыра білген, алмасты ұстай білген адам ғана адамзат ақылына ақыл қосып, ойы мен санасына оң жол сілтей алады», – депті ел қамын ойлаған сенатор, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Нұрлан Оразалин.

Жақсы айтыпты. Тарихшылардың да, жазушылардың да, мыңдаған қазақ оқырмандардың да жетесіне жеткізе айтыпты.

Ендеше Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақтың өзіндік ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау – менің президенттік те, перзенттік те парызым» деген сөзін естен шығармай, «Өзін-өзі қорғай алған елдер ғана өсіп-өркендеген» деген сөзіне қолдау көрсетумен шектеліп қалмай, барлық салада, әсіресе тарих айдынында өз пікірін білдіріп, қолдан келсе келер ұрпақ үшін ақылман сөз айту әр қазақстандықтың басты міндеті деп білемін мен.

Ырым КЕНЕНБАЙ: – Әңгімемізді әдемі қорытындыладыңыз, өте дұрыс айттыңыз, аға! Қай қазақтың болмасын тіпті XX ғасырдың бас кезіндегі Алаш қозғалысының негізгі мақсаттарының бірі де – қазақ халқының мүддесіне сай қызмет ететін, ұлттық мемлекеттілікті қалыптастыру жоспары да Қазақ хандығымен байланыста дамыған еді ғой. Алайда, тарих үрдісі көрсеткендей, ол жүзеге аспай қалды. Ал, бүгін біз тарихтағы Қазақ хандығының құрылуы, өмір сүргендігі Қазақстан тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі болды деп әлемге ашық айтып отырмыз. Сол кезде басталған этникалық дамулар қазіргі уақытта ұлттық деңгейге жетті. Осылайша, ол Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына ықпалын тигізіп, Қазақстан Республикасы деп аталатын жаңа мемлекеттің құрылуына негіз қалап, идеологияның тарихи өлшеміне айналды. Біз енді осынау баға жетпес тұмар-құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, әрқашан мақтан етіп жүрейік!

Дөңгелек үстелді жүргізген Ырым КЕНЕНБАЙ.

№49-50 (1307-1308)
10 – 14 желтоқсан
2015 жыл

АНА ТІЛІ

ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

Тәуелсіздік ұғымы – жер бетіндегі барша халық үшін қасиетті. Әлемде 2 мыңға тарта ұлт болса, соның 200-ден астамы ғана өздерінің тәуелсіз мемлекетінде өмір сүруде. Қазақ халқы да тәуелсіздікке жету үшін жүгі нарда, қазаны теңде, аяғы үзеңгіде болды. Ата-бабамыз тозақтың өзін, тағдырдың тезін де көрді. Ұлы бабалар ұрпақ үшін, «ұлым – құл, қызым – күң» болмасын деп дарқан даламыз үшін шайқасты. Арғы заманды айтпағанның өзінде, тек кейінгі екі ғасырдың ішінде жерімізде бостандық жолында екі жүзден астам ұлт-азаттық көтерілісі болған екен. Бүгінгі бейбіт күніміз, сөз жоқ, өткен күрестер жеңісінің арқасы.

Елдіктің алтын тұғыры

Қажет АНДАС,
І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының ғылыми қызметкері, ғылым магистрі



Осындай қым-қуыт киыншылықтың нәтижесінде қол жеткізген тәуелсіздіктің қадірі құнды. Бұл күнде қолымызға тиген тізгінімізді мықтап ұстап, тең тартып келе жатқанымызға 20 неше жыл болды. Ең әуелі, тәуелсіз ел болып, халқымыз өз еркімен демократиялық тұрғыда тұңғыш Президентін сайлады. Аяулы ана тіліміз мемлекеттік мәртебе берілді. «Егемен болмай ел болмас, етектен кесіп жең болмас» деп еңіреген ата-бабамыз алдында «еңсесі биік ақорда» құрғанымызды мақтанышпен айтуға болар, сірә.

Әрине, өзің өмір сүріп жатқан кезеңге тарихи тұрғыда баға беру оңай емес. Дегенмен, осы жылдар аясында елімізде ғасырға бергісіз жаңалықтар болды деп айта аламыз. Қазақ халқы Алланың назарына, оң қабағына іліккен періште пейіл халық қой. Көші тығырыққа тірелгенде халықтың арасынан ақыл-парасаты мол, қайсар ерендей тұлғалы ұлдары суырылып шығып, ауған жүгін түзеп, тың өріске бастады. Сондай қасиеттер біткен Нұрсұлтан Назарбаев кәдімгі халықтың арасынан шыққан саясаткер. 1991 жылдың 1 желтоқсанында еліміздің тұңғыш Президентін сайладық. Сонда Президент туған халқының алдында: «Дана бабалар дәстүрімен осы салтанатты сәттегі сөзімді алдымен атажұртыма, қасиетті халқыма арнаймын! Елдің қамын ойлайды, намысын жібермейді деп бірауыздан сенім артқандарыңыз үшін шын жүректен алғысымды айтамын. Елім үшін, халқым үшін, Қазақстаным үшін тарихтың қай сынағына да тәуекел деп бас тігуге дайынмын. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін! – деп тебірене сөйлеп еді. Мемлекет, қоғам қайраткері санатында жаңашылдығы, күрескерлігі, реформаторлығымен ерекшеленетін Президент әлемді қыспаққа алған экономикалық дағдарыстардан шығу жолында басқаларға үлгі бола білді. Айларынан жел ескен, қуатты мемлекеттердің өзі экономиканы тұралататын дағдарысты ауыздықтаған әдісін, қуатты тәжірибесін игеруге ықылас қоя бастағаны қуанарлық жайт. Нұрсұлтан Әбішұлы, еліміздің басқа мемлекеттердің көлеңкесінде қалып қоймауы үшін жұмыр жердің әр түкпіріндегі алпауыт мемлекеттердің қоғам қайраткерлерінің өмір тәжірибесіне зер салып, олардың жан дүниесін, адамдық болмысын, халықпен қарым-қатынасын, білім-білігін, парасатын пайымдауға көңіл аударды. Президенттің осындай жанқияр еңбегін айта берсең таусылмайды. Ол жас Қазақстанның аз уақыттың ішінде әлемнің мандай алды елдерінің біріне айналуына жол ашты. Қысқасы, Қазақстан тәуелсіздігінің ең басты жетістігі – көшінің жолын жалғаған, елдің елдігін ерлеткен, ақын Мағалтайша айтқанда: «Халқына оқтың дауысын естіртпеген Елбасыны» жаңылмай таңдап алғандығы дер едім.

Мемлекеттің қуаты оның экономикалық резерві, қоры, мүмкіндігімен өлшенеді. Осы тұрғыдан келгенде әлемдегі әр елдің өзінің ел болу жолы, даму ерекшелігі, ұстанатын тәсілі бар. Байқасаңыз, Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін сол шекпеннен шыққан мемлекеттер өздерінің даму жолын саралады. Әрине, әрбірі ұқсамаған бағыт ұстанды. Оның бірі дұрыс болса, енді бірі заман дамуына үйлеспей жатты. Ал Қазақстан Республикасы осындай сын сағатта бюджеттік, салықтық, қаржы-несиелік жүйенің ұтымды тәсілдерін қолданды. Анықтап айтқанда, Германиядағы нарықтық реформалардың «патриархы», белгілі неміс экономисі Людвич Эрхардтың «Жақсы тұрмыс – баршамыз үшін» принципін жүзеге асыратын идеясын басшылыққа алды. 1994 жылы оңтайландыруды жүргізудің есебінен бұрынғы 19 облыс 14-ке, 230 аудан іріленіп 169-ға қысқарды. Одан үнемделген ақша халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге бөлінді. Бұл өзге ТМД елдері Мәскеуден именіп, көп өзгеріске қолдары бармай тұрғанда Қазақстанда болған ең алғашқы реформа еді. Осыдан кейін еліміз бірден нарықтық экономикаға көшпей ерекше экономикалық және әлеуметтік маңызы бар ірі кәсіпорындарды шетелдік инвесторларға басқаруға берді. Оларға талап қоя отырып, өнеркәсіп орындарының тұралап қалмауын және жергілікті халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруын қамтамасыз етті. Дәл сол уақытта алып өнеркәсіпті дүниежүзілік нарыққа шығара алатын біздің елде бизнесмендер де, қаржы да болмаған еді. Осылайша экономикамыздың бір арнаға келтіріп, тәжірибе жинақтап жекешелендіру арқылы жаңа экономикалық және қоғамдық қатынастарға кеңістік ашылды. Сол тұста бірден нарықтық экономикаға белсенген Қырғызстан мен Балтық жағалауындағы елдер экономикасын тұралатып барып, қазақстандық тәжірибенің дұрыстығына көз жеткізіп, бізден үйрене бастады. Сол тұста еліміздің әлемдік деңгейде беделін асырып, әл-қуатын, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көтеру, денсаулық, білім, халықаралық, қорғаныс саласындағы дамыған мемлекеттер деңгейіне сай өркендету мақсатымен 1995 жылы қабылданған «2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясының» маңызы өте зор болды. Ал өткен жылы қолға алынған «Қазақстан – 2050» Стратегиясының өзі жас мемлекеттің қуаттылығының тағы бір дәлелі бола білді. Расында, қазіргі таңда мемлекетінің ұзақ уақыттық даму бағдарын белгілеген мемлекеттер санаулы. Сол қатарда Азиялық мемлекеттер қатарынан тек Қытай мен Қазақстан ғана аталады. Тіпті қазірдің өзінде Елбасының «Мәңгілік Ел» идеясы аясында Ұлы Дала елі болатынымызды әлемге паш еттік. Көптеген елдер ертеңгі болашағының қалай болатынына сенімсіздікпен қарап жатқанда біздің болашақта кім болатынымызды айқындау үлкен батылдықтың белгісі. Шындығында, біздің қолымызда елдің егемендігі тұрғандықтан осындай болашақтық теңдессіз жобаларды армандауға батылдық ете алдық. Ендеше, осындай батылдыққа бару тәуелсіздіктің тағы да бір мүмкіндігі. Ол батылдық алдағы уақыттағы жетістіктерімізге жол салмақ.

Тәуелсіздіктің тағы бір тартуы Сарыарқа төрінен әлемді сәулетімен таңғалдырған сұлу Астананы салғанымыз. Бірақ сол кездегі қиыншылықтарды ойласақ, жаңа астана төңірегінде ой қозғау ыңғайсыз көрінгені мәлім. Біз бұрын отарлы ел болдық. Өз елімізде өз билігіміз жүрмеді. Қандай мәселе болсын тек орталыққа жаутаңдаумен өткеніміз баршаға мәлім. Тәуелсіз мемлекеттің Туы, мемлекеттік Әнұраны, Елтаңбасы, төл теңгесі, мемлекеттік тілі, астанасы туралы сөз қозғау ұлтшылдыққа апарып соғатынынан сескеніп, қарадай қуыстанғанымыздың еш жалғандығы жоқ. Республика тағдыры өз қолымызға тиген соң, ғасырлар бойы ұлы арманға айналған, күрмеуі қиын мәселелерге батыл кірісе бастадық. Ұлттық рәміздерді біржақты шешіп алған соң енді астана жайлы ойларға ойыстық. Ақыры қуатты мемлекеттің төл астанасы қасиетті қазақ жерінің кіндігіне, Еуропа мен Азияның құшағы қауышқан Ақмола қаласында орын тебуі қажет деген шешімге тоқтады. Міне, бүгін, Орталық Азияның көлемінде, Ауғанстаннан Батыс Сібірдің ең қиын солтүстік шегіне дейін, Каспийден Моңғолияға дейін кең аумақта құлаш жая орналасқан жаңа астана осы аймақтағы орасан зор инвестиция легі ағылған орталыққа айналды. Тынық мұхит жағалауынан Еуропаға дейін созылған коммуникациялық сонарлардың қиылысында орналасқандықтан, ол болашақта ірі транзиттік тораптың өткізгіш түйініне үмітті болады және келешек жүзжылдықтың көлік-коммуникациясына да айқын үндестік білдіретіні анық. Рас, астанамыздың тоғыз жолдың торабында орналасуы оның экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шешуге ықпалдылығын жоққа шығармайды. Бастысы, оның экологиялық жағынан ықпалдылығы ескерілгенінде. Астана бүгінде сәулет өнерінің жауһар туындыларына, үздік үлгідегі ескерткіштеріне, алуан гүлдермен өрнектелген баубақшаға оранған, Шығыс пен Батыстың ең озық, рухани құндылықтарын талғаммен бойына жинаған жоғары мәдениетті қалаға айналды. Астананы көрген кез келген эстетикалық талғам иесі қазақ деген халық астана да сала алатынын, «Орда» да тұрғыза алатынын жалпақ әлемге әйгіледі. Мүлдем жаңа астана салу оңайшылықпен жүзеге асатын шаруа емес, маман құрылысшы, шаш етектен қаржы қажеттігін әркім-ақ түсінеді. Оны салуға тартылған инвестиция көлемі 2 миллиард доллар болды, соның 70 пайызы өз инвестициямыз. Дәтке қуат етеріміз, бас қаламызды салуға қазір жағдайымыз көтеретін әлем таныған беделді мемлекетке айналдық. Астана төрінде әлемдік тұрақтылық пен дамуға жол салған қаншама келелі кеңестер өтіп келеді. Ал «ЕХРО – 2017» көрмесінің Астана қаласында өтуінің тарихи маңыздылығы өз алдына. Осындай XXI ғасырдың ұлы қаласын салу тәуелсіз ел ұрпақтарының қолынан келді. Оның да бір ұшы тәуелсіздіктің бізге берген күш-құдіретінде жатқан жоқ па?

Бүгінгі Қазақстан – әлеуметтік-экономикалық дамуы қарқынды, қоғамдық-саяси құрылымы берік, кешегі барлық кедергіден өтіп, тұрақтылық пен ынтымақтың, бірліктің туын тіккен, әлем таныған ел. Шынында, ел болу оңай, сол елдігіңді айналаға мойындату қиынның қиыны. Біз ел болғанымызды мойындаттық. Дамыған елдермен, Еуропамен нағыз терезесі тең елдің дәрежесіне көтерілгенімізді басқа да мойындады, өзіміз де ұқтық. Бұл халықтың салтанатын да арттыра түседі. Әлбетте, тәуелсіздіктің арқасында Қазақстан халқының әл-ауқаты жақсарып, экономикалық дамуы еселене түсті. Қазақ елінің әлем қауымдастығы алдындағы бағыт-бағдары айқындалып, экономикалық саясаты нақтыланды, шекара белгіленді. Ұлттар мен ұлыстардың бірлігін бекемдей түсетін Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелікке өтіп, көптеген халықаралық конвенциялар бекітілді. Қорғаныс саласы нығайды. Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелікке ендік. Біз сәулетті дәулетіне сай іргесі берік, әлемде мерейі үстем болған мемлекеттің дамуындағы биік белестер мен жетістіктер тәуелсіздік табысымен тікелей байланысты. Қысқасы, осы сара жолдағы көшіміздің ілгері жылжуының бірден-бір кепілі ел тәуелсіздігінің арқасында тізгіншылбырымыздың өз қолымызда болғандығы. Осы бағытпен дамитын болсақ, әлі де талай жетістікке жетеріміз сөзсіз.

Алматы облысы